



**«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ  
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**



А. Қ. Қапанов, С. Қ. Баймағамбетов

ҚАЗАҚСТАН  
*Архитектурасы*

9 том



А. К. Қапанов, С. К. Баймағамбетов

*Архитектура*  
КАЗАХСТАНА

том 9

УДК 72 (574)  
ББК 85.11 (5 Қаз)  
Қ 18

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Жобаның авторлары: А.Қ.Қапанов, А.И.Рүстембеков

Авторлар: А.Қ.Қапанов, С.Қ.Баймағамбетов

Қ 18 Қазақстан архитектурасы – Архитектура Казахстана. – Алматы, «Өнер», 2013.  
т. 9. – 192 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-209-212-7

Кітапта Алматы қаласының дамуы жайында негізгі мағлұматтар, қысқаша тарихи шолу, табиғат жағдайының сипаттамасы келтірілген. Алматы қаласы құрылымының қалыптасуы және қайта жаңғыру жобасы, тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар құрылысы, қаланы көгалдандыру, абаттандыру, монументті көркемдеу және демалыс аймақтары, қаланың инженерлік-көліктік инфрақұрылымы және инженерлік қорғанысы, экология мәселелері, Алматы және оның іргелес аймағының даму болашағы туралы арнайы тараулар қамтылған.

Кітап суреттерге бай. Бұл кітап қала архитектурасы мен қала құрылысы мамандарына, оқытушыларына, студенттерге және көпшілік оқырмандарға арналған.

В книге приведены основные сведения по развитию города Алматы. Даны характеристика природных условий, краткий исторический очерк. Содержатся разделы: основные этапы развития города, формирования градостроительной структуры, проекты планировки и реконструкции города, строительство жилья и общественных зданий, озеленение, благоустройство, монументально-декоративное оформление города и зоны отдыха, инженерно-транспортная инфраструктура и инженерная защита города, вопросы экологии и перспективы развития города Алматы и пригородной зоны.

Книга богато иллюстрирована. Она предназначена для специалистов в области архитектуры, градостроительства, преподавателей и студентов, а также для широкого круга читателей.

УДК 72 (574)  
ББК 85.11 (5 Қаз)

ISBN 978-601-209-212-7 (т. 9)  
ISBN 978-601-209-139-7 (общ.)

© Қапанов А.Қ., Баймағамбетов С.Қ., 2002  
© Қапанов А.Қ., Рүстембеков А.И. 2013  
© «Өнер», 2013  
© Көпіш Ә. (безендіру), 2013



## КІРІСПЕ

Алматы Қазақстан Республикасының саяси-әкімшілік, мәдени, ғылыми және өнеркәсіп орталығы болуымен бірге, астана және астаналық облыс орталығы қызметін қоса атқара отырып, кейінгі 30 шақты жылдар мұғдарында жедел қарқынмен өркендеді. Бұл жылдары қала келбетін түбірімен өзгерткен жаңа тұрғын аудандар, көптеген қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орындары бой көтерді, қаланың орталық бөлігі мен ең негізгі көшелері қайта жаңғыртылды. Қала архитектурасына арналған М.М. Меңдіқұловтың «Алматы қаласының архитектурасы» атты кітабынан басқа осы уақытқа дейін бірде-бір ірі еңбектің жарық көрмей келгені аян, ал одан бергі 40 жылдан астам уақыт аралығында қала келбеті біршама өзгергені де белгілі. Сонымен қатар «Есік» қорғанын қазу барысындағы археологтардың жаңалықтары, қаланың тарихи тамыр жаюы туралы арнайы зерттеу жұмыстары Алматыны алғаш қоныстанушы тайпалардың осы өңірді қалай игергендігі туралы тың мағлұматтар берді.

Кейінгі жылдары Алматы туралы жарық көрген басылымдар, негізінен, оның халық шаруашылығы мен мәдени дамуын, сәулеті мен құрылысын си-

паттайтын түрлі-түсті сурет альбомы түрінде болып келді. Оларды Алматы қаласының сәулетіне арналған арнайы басылым қатарына жатқызуға болмайтын еді. Қала құрылысы да тірі организм сияқты жылдар өткен сайын өзгеріске түсіп, өзіндік келбет қалыптастыратыны ақиқат. Бұл кітаптың негізгі мақсаты осы толғағы жеткен мәселені ортаға сала отырып, оқырман қауымды қала архитектурасының жаңа қырымен таныстыру болып табылады. Осы кітапты жазу барысында, әсіресе, оның қысқаша тарихи очеркін қамтитын бірінші бөлімінде М.М. Меңдіқұловтың «Алматы қаласының архитектурасы» атты кітабы, «Алматы» энциклопедиясы, «Алматы қаласы тарихи-қала құрылысы тірек жоспары мен ескерткіштерді қорғау аймағын жасау» сияқты еңбектер негізге алынды. Кітапта Алматы қаласы құрылысына өз үлестерін қосқан жетекші жобалау мекемелері, авторлар ұжымы творчестволық іс тәжірибесі негізінде, әсіресе, 50-жылдардың орта шенінен бергі уақытта қала дамуының басты кезеңдері сипатталды. Мұнда сонымен бірге қаланың жоспарлық құрылымы, тұрғын үй және қызмет көрсету орындары құрылысы, қоғамдық ғимараттар сәулеті, қаланы абаттандыру және көгалдандыру

ісі, қала көлігі мен көше-жол жүйесі, инженерлік инфрақұрылымы, экология және инженерлік нұсқа жайында мағлұматтар беріледі.

1991 жылы, Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін, Қазақ ССР-і егеменді мемлекет – Қазақстан Республикасы – деп жарияланды. Жаңа егеменді мемлекеттің тұңғыш Конституциясы қабылданды, оның мемлекеттік туы, мемлекеттік елтаңбасы мен мемлекеттік әнұраны бекітілді. Бүкіл халық қалауымен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып сайланды.

Қазақстан егеменді мемлекетке айналғаннан бері бірнеше жыл өткендіктен, кейбір мезгіл бедеріне тоқтала кеткенді жөн көрдік. 1993 жылы қаланың орыс тілінде «Алма-Ата» болып келген атауы тарихи нұсқасына сай «Алматы» болып өзгертілді және Алматы қаласының елтаңбасы бекітілді. Қаланың ірі даңғылдары мен көшелеріне Қазақстанның азаттық, егемендік алуы жолында елеулі үлес қосқан белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, халық батырларының есімдері берілді. Олардың қатарында Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қабанбай батыр, Бөгөнбай батыр, Райымбек және тағы басқалар бар. Алматы егеменді мемлекет астанасы болғандықтан, мұнда дүние жүзінің көптеген елдерінің өкілдігі қоныс тепті, олардың қатарында АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Қытай, Россия, Түркия, Иран, Үндістан, Моңғолия, Корея, Польша, Украина және басқа да таяу және алыс шет ел өкілдіктері бар. Алматы ірі саяси, мәдени шаралар, халықаралық жиындар өткізетін орынға айналды. Мұнда көптеген шет елдердің мемлекет және үкімет басшыларының басқосулары өткізілді. Республикада жүзеге асырылып отырған саяси және экономикалық реформа нәтижесінде қаланың қоғамдық-саяси өмірі жанданып, іскерлік, коммерциялық қызмет өрістеді.

Өтпелі кезеңдегі кейбір ауыртпалықтар мен экономикалық қиындықтарға қарамастан, республика халықтары арасында ауызбірлік, тұрақтылық сақталуда. Бұл – жаңадан егемендік алған мемлекеттің буынын қатайтып, оның қоғамдық-саяси және экономикалық дамуында игілікті жемісін беретін аса қажетті ахуал.

Міне, осының бәрі қоғамдық өмірдің басқа салаларына да, оның ішінде қаланың құрылыс ісі мен сәулетіне, жоба түріндегі және қазір салынып жатқан құрылыстарға қаржы бөлу, инвестицияландыруға тікелей әсерін тигізді.

Кейінгі жылдарда қалада, негізінен, кеңсежайлар, коммерциялық орталықтар, қонақүйлері, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру орындары (кафе, ресторан) және халыққа қызмет көрсету орындарының басқа да көптеген түрлерін салу етек алып отыр. Тұрғын үй құрылысының бағыты да біршама өзгерді, жеке меншік үйлер мен коттедждер салу көбейді. Қала іргесіндегі аймақтан жаппай жеке меншік үйлер салу алаңқайлары белгіленді. Қаланың ірі құрылыстарын салуға шет ел инвесторлары мен фирмалары қатысатын болды.

Біздің қоғамымыз ілгерішіл жаңалық атаулының бәрін енгізе отырып, ортақ байлығымыз – мәдени мұрамызға тарихи және сәулет өнері ескерткіштеріне Алматы қаласындағы сәулет-қала құрылысы өнерінің тамаша туындылары саналатын ғажайып ғимараттар мен құрылыстарға аса қамқорлықпен қарауы тиіс.

1995 жылы 15-қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы» Жарлығы жарық көрді. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20-қазандағы Жарлығымен Ақмола қаласы 1997 жылғы 10-желтоқсаннан бастап, ресми түрде Қазақстан Республикасының астанасы болып

жарияланды. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылғы 20-қазандағы «Алматы қаласының мәртебесі және оны әрі қарай дамыту шаралары» Жарлығы бойынша, Алматы Республикалық маңызы бар қалалардың қатарына енді. Осы Жарлыққа сәйкес, Қазақстан Республикасы астанасының көшірілуіне байланысты, Алматы қаласын ғылым, мәдениет, тарих, қаржы және өндірістік орталық ретінде сақтау және дамыту мақсатында бірсыпыра нақты шаралар қарастырылған. Сіздерге ұсынылып отырған бұл кітапта Алматыдағы қала құрылысының дамуын

көрсетуге, тандаулы сәулет ескерткіштеріне талдау жасай отырып, қаланың одан әрі даму бағытына болжам айтуға талпыныс жасалды. Басылымның қолжазбасын дайындау барысында Алматы қаласы әкімшілігінің Архитектура және қала құрылысы департаменті үлкен көмек көрсетті. Кейінгі кезде қала әкімшілігінің Архитектура және қала құрылысы департаментіне айналған Архитектура-жоспарлау бас басқармасы – Архитектура және қала құрылысы Бас басқармасының қорындағы материалдар пайдаланылды.





# БІРІНШІ БӨЛІМ



## БІРІНШІ ТАРАУ ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Алматы қаласы республикамыздың оңтүстік-шығыс бөлігінде, Тянь-Шань тауы сілемдерінің солтүстік тармағындағы Іле Алатауының солтүстік бөктерінде орналасқан. Оны мұзарт шыңды ақбас Алатау (биіктігі – 3000-5000 м) оңтүстігі мен оңтүстік-батысынан және ішінара шығысынан қоршап жатыр. Тау іргесіне жақындаған сайын текпішектеніп келетін тік төбешіктер бірте-бірте етекке қарай жадағай жазыққа ұласады. Қала оңтүстіктен солтүстікке қарай еңістеу (шамамен 3-4%) келген, теңіз деңгейінен 600-900 м биіктіктегі кең бөктерден орын тепкен. Қала территориясы оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып, 22,8 мың га жерді алып жатыр (1995 жылғы мәлімет). Қаланың солтүстігі, батысы және оңтүстік-батысынан жазықтар сұғына орналасқан. Қаланың солтүстік-батыс жағы сай-жыралы, құрғақ аңғарланып келеді. Қаланы басын тау мұздағынан алатын Кіші Алматы, Үлкен Алматы және оның тармақтары Есентай, Казачка, Қарасу, Ремизовка сияқты тау өзендері кесіп өтеді. Таудан құлап аққан бұл өзендер өз жағасындағы жасыл-желекке нәр беріп, төңірегін кәусар ауаға бөлейді. Қала жасыл-желегін суландырып тұрған көше арықтарындағы су да осы өзендерден бастау алады.

Жаз айларында Алматының көк орман астында миуалы бау-бағы сыңсыған «бақ-қала» атанғанына көз жеткізу қиын емес. Қала іргесінен әйгілі апортымен аты шыққан алма бағы басталады да, ол тау бөктерлеп кете береді.

Мұзарт шыңдары күнге шағылысып, ақ сәлдесін жыл он екі ай бір шешпейтін қарт Алатау көк қарағайлы кәусар бұлағы, жеміс-жидекке толы ну орманымен қалаға ерекше көрік беріп тұрады. Оның тау өзені күркіреп аққан шатқалдары, қолтық-қойнауланып жатқан көк-шым жазықтары өз алдына бір сурет. Тау жынысының табиғи әсемдігімен бірге, тамаша құрылыс шикізаты болып табылатыны да өз алдына. Құм мен саз, шағыл мен әк тас, небір жақпар тастар да осында. Алайда осындай табиғаттың аялы алақанында тұрған қаланың құрылыс ісіне кеселін тигізетін жайттар да аз емес. Оның ең бастысы – қаланың арагідік жер сілкінісі болып тұратын өңірге орналасуы. Бұл – табиғи жер қыртысының тектоникалық сырғуы салдарынан бағзы заманнан қалыптасқан, әрі бүгінгі күнге дейін толастамай келе жатқан тұрақты құбылыс. Мұндағы ең қауіпті жер сілкінісі 1887 жылы 28-мамырда (9-маусымда) және 1910 жылы 22-желтоқсанда (ескіше 1911 жылы 4-қаңтарда) болған.

Іле Алатауының солтүстік беткейіне қатты жер сілкінісі болған бағзы заманнан бері ірі қой тасты, малта тасы мен құмдауыт қиыршығы аралас сел лайы шөге бергенге ұқсайды. Міне, қала осындай ғаламат сел шөгіндісінің үстіне орналасқан. Шөгінді Кіші және Үлкен Алматы өзендері бойымен келген: оның ені 10-15 шақырым, ал қыртыс мығы 2000-3000 метрге бойлайды. Осынау қалың қыртыстың ара-арасында керішті қабатта жатқан су көзі өте мол. Алайда мұндай су көздері тау бөктерлерінде өте терең орналасқан. Сондықтан осы маңда салынған үйлердің астынан ылғал шығу мүмкіндігі жоқ. Ал, тау бөктерінен етекке, солтүстікке қарай ұзаған сайын су көзі жер бетіне жақындай түседі. Міне, бұл өңірде ірі құрылыстар салу біршама қиындайтыны рас. Жер асты су көздерінің кейбіреулері шипалы арасан, минерал сулар екенін де айта кеткен жөн.

Сейсмологиялық және геофизикалық жан-жақты зерттеу нәтижесінде Алматыда жер сілкінісі жиірек болып тұратын аймақтың сейсмологиялық аудандастыру картасы жасалып, ол 1982 жылдан іске қосылды. Алматы қаласы күші, негізінен, 9 баллға, кей жерінде одан да жоғары деңгейге жететін жер сілкінісі болу қаупі бар аймаққа орналасқаны анықталды. Жер сілкінісі 9 баллға дейін баруы мүмкін аймаққа қаланың оңтүстік бөлігі жатады. Мұндағы қойтасты қалың қыртысты жер мығы, әрі су көзінің төмен жатуы құрылыс салуға қолайлы жағдай жасайды. Ал, су көзі таяу, сырғыма саздауытты аймақ 9 баллдан жоғары жер сілкініс қаупі бар өңірге жатады. Оған қаланың солтүстік өңірі, оңтүстік пен шығыс жақтағы таумен шекаралас маңдағы «текшелі» тау бөктері жатады.

Құрылыс салуға тағы бір қолайсыз өңір – тектоникалық опырылма жыныс шөгіндісі жатқан Райымбек даңғылының солтүстігіне қарай, Кіші Алматы өзенінің шығысындағы, Әл-Фараби даңғылы маңындағы аймақ.

Жер сілкінісі қаупі бар аймаққа құрылыс салу ісі өзіндік ерекшелікті, оның қабат санын, арнайы құрылыс шикізаты мен құрылымын ескеруді талап етеді. Алматы қаласындағы құрылысты жобалау ісінде сейсмикалық талаптар ескеріліп отырады.

Бұдан кейінгі үлкен қауіптің бірі – сел тасқыны. Оның көзі – тау басындағы мұздақтардың, қалың жауған қардың күрт еруі немесе толассыз нөсердің салдары. Сел тасқыны тас аралас лайды ғаламат көшкінмен қоса ағызатын, өте қауіпті апаттың бірінен саналады.

Іле Алатауында болған үлкен сел жайындағы тұңғыш ғылыми сипаттаманы 1887 жылы Н.В. Мушкетов жазды.

1921 жылы 8-шілдеде ауқымы шамамен 3 млн текше метрдей болатын сел тасқыны қаланы үлкен шығынға ұшыратқан. Сел тасқыны Кіші Алматы шатқалымен құлап, қаладағы Карл Маркс көшесінің (қазіргі Қонаев көшесі) бойымен өткен. 50-жылдары осы көшенің бойында, одан жоғары Кіші Алматы өзенінің екі жағында, оған іргелес көшелерде, қаланың шығыс бөлігінде теңкііп жатқан алып қойтастарды көруге болатын-ды. 1973 жылы 15-шілдеде Тұйықсу мұздығынан пайда болған көлдің тасуынан тас аралас батпақты ағызған еді. Ағынның ауқымы – 4 млн текше метр. Соны Медеу шатқалынан салынған тоспа тоған арқылы тоқтату мүмкіндігі туды. 1977 жылдың тамыз айында Үлкен Алматы өзені аңғарымен тас-батпақты ағынының ауқымы 6 млн текше метрдей болатын сел жүріп өтті. Қазіргі кезде селге қарсы ірі ауқымды құрылыстар салу, одан сақтану, алдын алу шаралары жүргізілуде.

Алматының ауа райы жайлы, континентальды. Орташа температура +8,7 градус мөлшерінде. Жобалау есебі үшін –25 градус, ең жоғарылау деңгейі +43 градус, ал ең төмендеу шегі –38 градус. Қаланың солтүстік, етек жағында температура

тау бөктеріндегіден жазда 4-5 градусқа ыстық, ал қыста 4-5 градусқа суық болып келеді. Алматының жазы бұлтсыз, ашық, тым ыстық та емес, күзі жылы, құрғақ, қысы жұмсақ, ал көктемі жауын-шашында-тып келеді.

Жел бағдарлағыштың көрсетуі бойынша оңтүстік-шығыс бағытындағы жел көбірек соғады, ал солтүстік, етек жақта солтүстік-батыс бағытта жиірек соғатыны байқалады. Негізінен, ауа алмасуы

«тау тыныстауына» бағынышты. Түнде самал таудан қалаға қарай соқса, күндіз тау ыстық ауаны өзіне тартады. Ал көпшілік жағдайда тау қалқасындағы ауаның тұнып тұруы жиірек. Мұндайда қаланы көк мұнар басып кетеді. Бұл құбылыс қыс кезінде жиірек байқалады. Қаланы желдету мәселесі алдағы тұрған көкейтесті шаруаның бірінен саналады.





## ЕКІНШІ ТАРАУ ҚЫСҚАША ТАРИХИ ШОЛУ\*

Іле Алатауының қазіргі Алматы қаласы қоныс тепкен солтүстік бөктерінің табиғаты мен ауа райы ертеден жайлы болған. Оны ерте заманнан жартылай көшпелі және отырықшы тайпалардың қоныстануы да сондықтан. Археологиялық қазба жұмыстарының олжаларына қарағанда, бұл аймақты б.д.д. X–VII ғасырларда жартылай көшпелі тайпалар мекен еткен. Оған Рысқұлов даңғылының солтүстігіне қарай Тереңқара жылғасына таяу жердегі қоныс дәлел бола алады. Мұнда б.д.д. VIII–III ғасырларда мал бағумен бірге, қолөнер және құрылыс ісімен айналысқан сақ тайпалары өмір сүрген. Қала аймағынан әр мезгілде табылған сақ заманы бұйымдары олардың мәдени даму деңгейін аңғартады. Ендігі бір назар аударарлық нәрсе – Жетісу жеріндегі сақ қорғандары. Қала өңірі мен оның іргесінде осындай қорған шоғыры Есік, Талғар, Үлкен және Кіші Алматы, Есентай (Весновка) өзендері бойында осы күнге дейін сақталған. Олардың ең ірілерінің биіктігі 20 метр, шеңбер ауқымының диаметрі 100 метрден

астам болып келеді. Алматы өңіріндегі байырғы сақтардың сағана-қорғандарына қазба жұмысын жүргізу барысында, кейде кездейсоқ жағдайда сақ мәдениетінің небір көркем бұйымдары ерте заманнан бастап, осы күнге дейін табылып келеді. Мұндай бұйымдар қатарында: мыстан жасалған қазандар, құрбандық бұйымдары, темекі түтігі, қару-жарақ (қанжар, жебенің қаламдығы), ауыздық, білезік, қыш ыдыстар, дән үккіштер бар. Қазба олжаларына қарағанда, Алматы алқабы мен оған іргелес жатқан аймақ б.д.д. VIII–III ғасырларда сақ тайпаларының негізгі тұрағы, қыс қыстауы болғанын аңғартады. Осы кезеңде Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірінде сақ-тиграхауда тайпалары өмір сүргендігі белгілі.

1969-70 жылдары Алматы қаласынан 50 км жердегі Есік өзені жағасындағы ұлы адамдар қорғаны кешеніне кіретін Есік қорғанына қазба жұмыстары жүргізілді. Мұнан табылған мәдениет ескерткіштері К.А. Ақышевтың «Есік қорғаны» деп аталатын кітабында толық баяндалады. Есік

қорғанынан табылған бұйымдардың ішінде ерекше назар аударарлығы – табыт ішінен шыққан төрт мыңнан астам алтын бұйымдар, негізінен, киім әшекейлері, болат қылыш пен қанжар, қола айна, қыштан, күмістен және ағаштан жасалған құтылар, ақық моншақтар және басқа заттар. Таза алтыннан жасалғандары – арқар мүсіншесі, қабылан, аттың, жолбарыстың басы бедерленген қапсырма тоғабастар, елік пішінді ілгек-қаптармалар, киімге әсемдік беретін әртүрлі жапсырмалар. Бұлардың дені сақ тайпалары шеберлерінің қолынан шыққан аса көркем туындылар болып табылады.

Қазба жұмыстарынан табылған киім сілемін, оның әшекейлерін қалпына келтіру жолымен «алтын киімді адамның» пішінін жасау мүмкіндігі туды. Қазіргі кезде бұл «алтын адам» өнердің асыл туындысы ретінде жұрт назарына ұсынылып отыр.

К.А. Ақышев «Есік қорғаны» кітабында: «Бұл қорғандардан табылған ғажайып бұйымдар тұңғыш рет сақ тайпаларының жоғары деңгейдегі өзіндік мәдениетін танытты. Қабір басындағы қорғантастың ауқымдылығы, жерлеу рәсімі, қазба олжаларының алуан түрлілігі қоғам дамуы деңгейінің жоғарылығын, сақ патшаларының ұлылығын дәлелдейді» – деп жазады.

Біздің сақ заманы қорғандарынан табылған олжаларға көбірек тоқтағандағы мақсатымыз – негізінен, көшпелі тірлікпен, мал шаруашылығымен айналысып келген сақтардың осындай ғажайып туындылары табан тіреп тоқтайтын отырықшы мекені, қыс қыстауы, тұрақты баспанасы болмаса, қалайша дүниеге келер еді дегенге назар аудару. Бұл туындылар қолөнермен, металл балқыту, оны өңдеу ісімен айналысқан іргелі елдің кәсібін аңғартады, онсыз осыдан 2,5 мыңжылдай бұрын мұндай мәдениет ескерткіштерінің пайда болуы неғайбыл еді. Жетісу өңіріндегі сақ тайпалары тас пен ағаштан, қамыстан

өз дәуіріндегі аса ірі құрылыстарды салды. Егер Бесшатыр бейіті құрылысын алатын болсақ, мұндай жерлеу рәсімі тек отырықшы елдің қолынан келетін тірлік екенін аңғару қиын емес. Отырықшы тірлік егіншілікті дамытуға да мүмкіндік бергені байқалады (дән үккіштің табылуы, қазан қабырғасындағы дәннің табы т.б.). Б.д.д. III – б.д. V ғасырларда бұл өңірде үйсіндер мен қандылардың тайпа бірлестіктері өмір сүрген. Бұлар мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі сақ дәстүрімен сабақтас, туыстас тайпалар болатын. Б.д.д. – III – б.д. V ғасырларда осы өңірде отырықшылықтың алғашқы нышаны байқалған кезең болып есептеледі. Археологтар бүгінгі таңда Жетісу үйсіндерінің б.д.д. I-мыңжылдықтың бірінші жартысында мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысқанын, олардың тұрақты баспанасы, қонысы және қыстауы болғанын дәлелдеп отыр. Ең алғашқы отырықшы қоныстардың қазіргі Алматы өңірінде ірге тебуі б.д. I ғасырына саяды. Бұл кезеңде Алматы өңірінде үйсіндердің бірнеше қонысы болған. Сондай қоныстардың бірі Есентай өзенінің оң жағасында, қазіргі «Горный гигант» совхозының орнында болған. Қазба жұмысы кезінде бұл жерден ошақ орны, мал сүйегі, кереге көз сызығы бар қыш ыдыстар сынығы табылды. Қоныстың ірге тебуі б.д. I–III ғасырларына саяды. Осы тектес қыш ыдыс сынығы аэропорт маңынан да табылды.

Профессор М.М. Меңдіқұлов «Алматы қаласының архитектурасы» деп аталатын кітабында: «Үйсіндер құрылыс ісінде ағашты пайдаланды: бейіттердің қабырғаларына Тянь-Шань шыршасынан сырғауылдар салған. Мұндай бейіттер Есентай өзенінің батысындағы жеміс консервілеу комбинаты маңынан табылды. Үйсіндер алтын әшекей жасау ісінің шебер ұстасы болған. Олардың озық өнерінің тамаша туындысы Қарғалы сәукелесі деп аталатын алтын әшекейлер болып табылады. Бұл

\* Берілген кейбір деректер төмендегі әдебиеттерден алынған: «Алма-Ата» энциклопедия, Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, Алма-Ата, 1983; М.М. Мендикулов. Архитектура города Алма-Аты, изд-во Академии Наук РК, Алма-Ата, 1953; Разработки историко-градостроительного опорного плана и зоны охраны памятников города, Мин-во культуры КазССР – институт «Казпроектреставрация», Алма-Ата, 1985.

әшекейлердің бір ғажабы – қос өркеш түйе, таутеке пішінді сақина, тышқан бейнелі сырға және әр түрлі алтын жапсырмалар түрінде болып келетіндігі» – деп жазды. Қазақ теледидар аппарат-студиясы кешені маңынан табылған қоныс бергі замандағы үйсін мәдениетіне жатады. Қоныс Тимирязев көшесі мен Әл-Фараби даңғылы аралығында 6-кірпіш заводы көшесін бойлай орналасқан. Бұл қоныстан табылған негізгі олжалар: дән үккіштер, қырғыштар, қыш ыдыс, ұршықбас, мал сүйектері. Қоныстың төменгі қыртысынан тастан салынған құрылыс сілемі, ошақ орны байқалады. Мұнда қыш ыдыс сынығының өте мол болуы, кейбіреулерінің бүтін қалпында табылуы қыш ыдыс қалыптау нақ осы араның өзінде жүргізілгенін аңғартады. 70-жылдардың соңында «Горный гигант» совхозы өңірінен б.д. IV–V ғасырларына саятын зергерлік бұйымдар табылды.

Б.д.д. – I – б.д. I ғасырларында Жетісуда, Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауында, сондай-ақ, Қазақстанның басқа да аймақтарында көшпелі ғұн тайпалары өмір сүрді. Ғұн мәдениеті жергілікті тайпалар өнерінің ықпалын бойына сіңіре отырып, өзі де үлкен беделге ие болды. VI ғасырдың екінші жартысында қазіргі Қазақстан территориясы Түрік қағанаты (552–603 ж.) қол астында болды. 603 жылы Түрік Қағанаты Шығыс және Батыс Қағанат болып екіге бөлінді. 704 жылы Батыс Түрік Қағанаты мүлде ыдырады. Жетісуда жаңа мемлекет – Түргеш Қағанаты ту тікті. 756 жылы қарлұқтар түргештерді жеңіп, Түргеш Қағанатының жеріне иелік етті. Қарлұқтар тұсында Іле Алатауы бөктерлерінде, тау өзендері аңғарында егіншілікпен айналысқан отырықшы қоныстар мен қалалар пайда болды.

Солтүстік-шығыс Жетісу өңіріндегі орта ғасыр қоныстары мен қалалардың ірге көтеруі IX–X ғасырларға саяды. Осы кезеңді бейнелейтін археологиялық қатпар бірді-екілі қалашықтарда

ғана, соның ішінде Алматы мен Талғар өңірінде байқалады. Бұл аймақтағы қалған қоныстар мен қалалар X–XII ғасыр аралығында ірге тепкен. Яғни, Алматы қаласының алғаш ірге тігуі IX–X ғасырларға саяды деуге толық негіз бар.

IX–XII ғасырларда Алматы өңірі мен оның шет аймақтарында бірнеше шағын және ірі қоныстар болған. Жазба деректерге қарағанда, ең көне қоныс Алматының оңтүстік-батыс жағындағы Есентай өзенінің оңтүстік жағасында, қазіргі «Горный гигант» совхозы территориясында болғаны аңғарылады. 1939 жылы СССР ҒА Қазақ бөлімшесі мен Қазақстан Орталық мұражайының экспедициясы осы жерден сырт қорған-жалы 140 м<sup>2</sup> x 340 м<sup>2</sup> екі мекенжайды зерттеді. Шұрфтың жоғары қабатынан қыш ыдыс сынықтары, тандыр пеш сілемі, ақық моншақтар, темір пышақтар, шегелер мен мал сүйегі табылды. 1,1 м тереңдіктен тас ошағы бар тұрғын үй сілемі, қоқыс шұңқыры, тандыр пеш қалдығы, үлкен қыш құмыра сынықтары кезікті. Бұл археологиялық олжалар IX ғасырға саяды. Осы өңірде орта ғасырларда тағы бір қоныс болған. Ол тауға қарай, Есентай өзенінің оң жағасында, шамамен совхоз шекарасынан оңтүстік-батысқа қарай 1 км жерде орналасқан. Бұл археологиялық ескерткіштің бет жағында IX–XI ғасырларға саятын қыш ыдыстардың өте көп сынықтары, мал сүйегі, диірмен тасының сынықтары кездеседі. Қоныстардың ең ірілеуі, әрі шамамен бергі заманда ірге тепкендері Есентай мен Кіші Алматы өзенінің таудан шыға берісіндегі жазықта және Ботаника бағы өңірінде ірге тепкені белгілі. Бірінші қонысты 1922 жылы В.Д. Городецкий зерттеген. Ол кезде ескерткіштің топографиясы сақталған болатын. Қоныстың орталық бөлігі 1,5 шаршы километрге жуық аумақты қамтыған. Жердің беткі қабатынан құрылыс сілемі – пішіні 15 м x 25 м x 18 м x 40 м үлгісіндегі жалдауыт үйінді, мұнара

деп жорамалданған ауқымды тағы бір төбешік байқалған. Құрылыс қалдығы мен дуал қоршауы сілеміне қарағанда, әрқайсысының өз ауласы болған, шаршы үлгідегі мекен-жай екендігі аңғарылады. Құрылыстың барлығы дерлік өзеннің қойтасынан қаланған іргетас үстіне салынған. Үй маңындағы егістіктің атыз сілемі, арық жүйелері байқалады. Қоныс төңірегінен ірі қыш құмыралар, диірмен тас сынығы, металл заттар кезікті. Бұл қоныс өңірінен жоғарыда айтылған бұйымдардан басқа қарахан дәуірінің мыс шақалары, XIII–XIV ғасырлардағы шағатайлардың күміс шақалары, диірменшінің жадағай тас таразысы табылған.

Қазіргі кезде ежелгі қоныс болған жерде «Ана мен баланы қорғау орталығы», шекарашылар училищесі, саяжайлар орналасқан. 1978 жылы осы өңірден ұста дүкенінің орны табылды. Ұста көрігі оттығының шеңберленіп келген, диаметрі 2 метрдей түгіндігі жартылай сақталған. Оның жанынан табылған ұра-шұңқырдан қыш ыдыс сынықтары, шындауға дайындаған темір қалдықтары, балта, кетпен, ағаш соқаның тісі шықты. 1984 жылы жүргізілген қазба кезінде арнайы қалыптан шыққан, күйдіру сапасы жақсы, бетінде толқынды өрнегі бар қыш ыдыс қалдықтары, диірмен сынықтары табылды. Қыш ыдыстарына қарағанда, қоныс XI–XIII ғасырдың бас кезіне саяды. Ботаника бағы территориясынан орта ғасыр қыш ыдыстары бірнеше мәрте табылды. Мұндағы қоныстың сыртқы сілемі сақталмаған. Оның үсті жыртылып, гүл егіліп тасталған. Атыздың солтүстік-батыс бұрышы жағынан қоспасыз таза саздан жұқа етіп күйдіріліп, қалыптан шыққан қыш ыдыс сынықтары жиі ұшырасады. 1969 жылы осы өңірден құрылыс жұмысы кезінде ішінен екі хұм, бес құмыра, қос құлағы бар қауақ, қауақ іспетті және цилиндр формалы екі су құятын ыдыстар шыққан ұрақойма табылды. Мұндағы қыш сынықтары XI–XIII

ғасырдың бас кезіне тән. Алматы территориясынан кездейсоқ табылған орта ғасыр ескерткіштерінен ерекше назар аударатыны – хұм күйдіретін пеш (№3 кірпіш заводының 3-бөлімшесі) пен қыш су құбырлары (Масанчи және Мақатаев көшелерінің қиылысы).

Алматы өңіріне, жалпы солтүстік-шығыс Жетісуға қоныстанушылар санының көбеюіне бұл аймақтың қолайлы географиялық жағдайы әсерін тигізді. Іле Алатауы бөктері мен Іле аңғарындағы қоныстар мен қалалар, оның ішінде Алматы қонысы да Мауераннахрдан Шу аңғарымен Тайкеш өткелінен өтіп, Қордай асуын асып, Іле Алатауын бөктерлей, Алматыны басып өтетін Үлкен керуен жолы үстіне орналасты.

X ғасырдың ортасында Жетісу Қараханидтер мемлекеті (942–1212 ж.) қол астында болды. Олар билік құрған орта ғасыр заманында Қазақстан өңіріндегі отырықшы орталықтардың экономикалық және мәдени өмірі күрт көтерілгендігі, қала салу ісінің қалалар мен қоныстарды абаттандырудың гүлденгені байқалады.

X–XII ғасырларда қалалар сан жағынан да, территория жағынан да өсті. Мұнда тас төселген көшелер мен моншалар салынып, құбырлар тартылды. Бұл құбылыс Тараз, Отырар, Исфиджаб сияқты ірі қалаларда ғана емес, орта ғасырдағы ежелгі әрі әйгілі отырықшы орталықтардан шеткері жатқан Алматы, Талғар іспетті «жас» қоныстардан да айқын байқалды. Талғар қалашығына жүргізілген қазба жұмысы барысында мұнда көшелерге XI ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басында тас төселгені анықталды.

Алматының ұлғайып, әрі көркеюі б.д. XI–XIII ғасырларының бас кезіне, яғни, Қарахан әулеті билік құрған кезеңге саяды. Осы кезеңнің кейбір жазба деректерінде қала Алматы атанғаны айтылады. Алма-

ту қаласы XVI ғасырда айтылып, оны зерттеушілер қазіргі Алматы туралы дерек деп дәлелдейді.

Алматы қаласының орта ғасырлардағы тіршілігі туралы кейбір тарихи деректерге жүгінуге болады. Орталық Азия, Қазақстан мен Шығыс Түркістан халықтары тарихымен мәдениет зерттеуші, қазақтың белгілі ғалымы Шоқан Уәлиханов өзінің «Жоңғар очерктері» деп аталатын еңбегінде: «Мұнда (Жетісуда) орта ғасыр заманында отырықшылық өріс алған. Әсіресе, Іле аңғарын қоныстанушылар мол болған. Алмалық қаласы (қазір Түркістан елді мекені), Ханақай мен Қайнақ (қазір де бар) және Алматы (қазіргі Верный бекінісі тұрған жер) саудасаттығымен белгілі болған және генуэз көпестерінің Қытайға, ал қыпшақ елшілерінің ұлы ханға баратын үлкен керуен жолы үстінде станция қызметін атқарған» – деп жазды.

1893 жылы осы ежелгі қоныс орнын көрген академик Бартольд: «Қираған қала қалдығы Верныйдың оңтүстік-батысына қарай, Үлкен Алматы шатқалы қарсысында жатыр, И.В. Гурденің айтуына қарағанда, осы беріге дейін үй қабырғалары сақталып келгенге ұқсайды. Барлық көшелердің бағыттарын көруге болады екен. Кейінгі кезде кірпіштерін жұрттасып әкеткендіктен, жер бетінде іргетас сілемдері ғана қалған, соған қарап, үй бөлмелері санын, ғимараттың орналасқан жерін аңғаруға болады» – деп жазады.

Солтүстік-шығыс Жетісу қалаларының одан әрі өркендеуі XIII ғасырдың бас кезіндегі оқиғаға байланысты тоқтап қалды. 1218 жылы Жетісуға моңғолдар баса көктеп кірді. Моңғол жаугершілігі бұл өлкенің өндіргіш күштерінің дамуы мен мәдени өркендеуіне кері әсерін тигізді. Олар жүріп өткен жолын жермен-жексен етіп, халықты қынадай қырды. Іле аңғары, Іле Алатауы бөктеріндегі қалалар күйреп, қоныстар қаңырап қалды. Жазба деректерде

моңғолдар талқандаған қалалар ішінде Алматы атауы да кездеседі. Бұл жайында дерек 1390 жылы Ша-раф ад-Дин Йезидің Темірдің Моғолстанға жасаған жорығы туралы жазбасында бар. XVI ғасырдағы деректерде Алматы Алмалық деп аталады. Алайда Алматы өңірінен XIV ғасырдағы қоныстың археологиялық сілемі осы уақытқа дейін кезіккен жоқ.

Шағатай әулетінің өзара жауласуы, Темір мен оның мұрагерлерінің жорықтары Жетісу өңіріндегі қалалардың мүлде жойылып кетуіне жеткізген тағы бір соққы болды.

XVI ғасырдың аяғында ежелгі Алматы мүлде құлдырады. Оның аман қалған шағын ғана бөлігін қазақтар (ұлы жүздің Дулат руы) қоныстанды.

Жетісу өңіріндегі отырықшы қоныстар мен қалалардың қайта өркендеуіне XVII–XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы жоңғар шапқыншылығы бөгеу болды. Жоңғар басқыншылары қазақ жеріне шығыстан бірнеше рет баса көктей кірді. Бұлардың шабуылы XIII ғасырдың бас кезіндегі моңғол шапқыншылығына ұқсас еді. Бұл жергілікті халықтың ыдырауына әкеп соқты. Қазақ еліне, әсіресе, XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы «Ұлы қырғын жылдары» ауыр соққы болып тиді. Алайда Алматы өңіріндегі отырықшы тіршілік 1855 жылға дейін үзілген жоқ. Мұнда отырықшы және жартылай көшпелі қазақ ауылдары қоныс тепті.

Қазақстан мен Ресей арасындағы саяси-экономикалық қарым-қатынастың бірте-бірте күшеюіне орай XIX ғасырдың 50 жылдарында Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы толық аяқталды. Бұл қазақ жеріне шабуыл жасап отырған Қоқан хандығы және басқа халықтарға қарсы тұруға мүмкіндік берген еді. Іле Алатауы өлкесін толық бақылап тұру үшін патша үкіметі осы жерден бекініс салуды ұйғарды. 1854 жылдың көктемінде ежелгі Алматы қаласы орнына іргелес (солтүстік-

шығысынан), Кіші Алматы өзенінің солтүстік жағасынан, үлкен керуен жолына жақын жерден «Залийское» деп аталатын бекініс құрылысы басталды. Оның құрылысы 1854 жылдың күзінде аяқталып, келесі жылы бекіністің аты Верный деп өзгертілді. Үлкен орданың приставы майор Перемышльский өзінің Верный бекінісі жайында батыс-сібір генерал-губернаторына жазған хатында: «Бірінші және екінші Алматыны және екеуінің арасындағы аңғарды көріп шыққаннан кейін, ағаш кесу жағынан, арығы сылдырап аққан кең егістік әрі шабындық жері жағынан Есік пен Талғар шатқалынан әлдеқайда асып түсетін болғандықтан, болашақ қоныс орнын Алматы деп ұйғардық» әрі «бекініс салу үшін мұнда құрылыс материалдары жеткілікті, «тауында тамаша құрылыс ағашы және тұтас гранит тастары бар көрінеді» – деп жазды.

Алғашқы кездегі Верный бекінісі жобасы құрылымы бұл қоныстың қорғаныс сипатын аңғартты: бекініс (қорған) ең биік жерге салынды. Онда бірқыдыру әскери гарнизон орналасты. 1855 жылы бекіністің оңтүстік-батыс іргесінен Үлкен Алматы станицасы салынып, оған сібір казактарының 132 отбасы көшіріліп әкелінді, ал 1856 жылы Томск мен Тобыл губерниясынан казактар сословиесіне жататын орыс шаруаларының 200 отбасы қоныстандырылды. Алатау округінің орталығы сол кезде Қапалдан Верный бекінісіне көшірілді.

1857 жылы Үлкен Алматы станицасының шығыс жағынан, Кіші Алматы өзенінің арғы бетінен Ташкент (Татар) слободкасы ірге көтерді. Татар слободкасына, негізінен, сауда-саттықпен Семейден Верныйға келген татарлар мен жергілікті қазақтар қоныстанды. Слободка бекініс пен станицадан аулақтау жерге салынды. Кейінірек 1861 жылы бекіністің солтүстік-шығыс жағынан, Алматы өзенінің оң жағасынан сырттан келгендер Кіші станицаны тұрғызды.

Бекініс әскери құрылыстың ережесіне сай салынғанды. Оның төңірек айқын көрінетін биікке орналасуы, айналдыра қада қағылған тұтас балшық дуалмен қоршалып, іргесінен ор қазылуы осыны дәлелдейді. Бекіністің екі қақпасы болған: оның бірі Кіші станицаға, екіншісі Үлкен станицаға қараған. Бекініс солдат казармалары, оқ-дәрі жеткелесі, киім-кешек, қару-жарақ қоймасы, түрме, госпиталь, көшпелі шіркеу, офицерлер мен Үлкен Орда приставының (Үлкен Ордадағы ұлы жүз қазақтарын басқаруға және Жетісу өлкесін бақылау үшін берілген шен) үйі орналасқан. Үлкен Алматы станицасы қарапайым шаршы үлгімен жоспарланған, меридианалды және кең көшелермен қоршалған ұсақ кварталдардан тұрған. Оның композициялық кіндігіне әулие Софья шіркеуі орналасқан кең алаңқай алынған. Станицаның оңтүстік бөлігінде базар алаңы орналасқан. Әр кварталда, негізінен, төрт үйден (бұрыштай) орналасқан. Үйдің қасбеті көшеге қарап, оның аула жағында шаруашылық құрылыстары мен қоралар, ал оның арғы жағын бақ алып жатқан. XIX ғасырдың 70-жылдарында Үлкен станица оңтүстік жағынан Құлжа көшесі (қазіргі Мақатаев), батысынан Пушкин көшесі, солтүстігінен Ташкент аллеясынан Кіші станицаға баратын жолға тіреліп жатқан территорияны қамтыған.

Кіші Алматы станицасы да осы сияқты үлгімен салынған. Мұндағы айырмашылық – негізгі көшелер бағытының оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай орналасқандығында. Кіші станица орталығында алаң болған, кейінірек мұнда ағаштан Қазан құдай-анасы шіркеуі тұрғызылған. Сондай-ақ, Алматы станицаларын салу ісінде Ресейдің XVIII–XIX ғасырлардағы ірі және шағын қалаларын салу әдісі, жүйелі жобалау үлгісі қолданылған деген пікірді де айтуға болады. Белгілі географ әрі саяхатшы П.П. Семенов Тянь-Шанский 1856 жылы

Верный бекінісіне келгендегі алған әсерін былай жазады: «Бар болғаны ұзыннан ұзақ жалғыз казарма, шіркеудің іргетасы, Үлкен Орда приставының және бірді-екілі ғана ауқатты казактардың жаңа салынып біткен үйлері; ал қалған 2500-ден аспайтын кара халық құрылысқа деп әкелген, тау аңызағына жарылып кеткен бөрене астындағы иқы-жиқы күркешіктерді паналауда».

1859 жылы Верный бекінісінде болған Орыс География қоғамының толық мүшесі М.Венюков мұндағы халық саны бес мыңнан аспайтынын, ал құрылыстары тек ағаштан салынғанын хабарлайды.

Н.А. Абрамов Верныйда 1863 жылы болған. Оның айтуынша бекіністе небәрі 20 құрылыс, оның 12-сі ағаш тұрғын үй, тастан қаланған 1 және ағаштан салынған басқадай 4 құрылыс, бұған қосымша 3 дүкен, ал, Үлкен Алматы станицасында әулие Софьяның ағаш шіркеуі, басқадай 2 ғимарат, 1 дүкен, 50 сауда ләукесі және 377 жеке меншік үй, сондай-ақ, Кіші станицада 3 қоғамдық ғимарат, 1 дүкен, 279 жеке меншік үй болған. Сол кездегі Верныйдың осы үш бөлігінде сауда ләукелерін есептегенде, 685 құрылыс бар еді.

Верный бекінісі стратегиялық үлкен беделге ие болған-ды, міне, сондықтан да үлкен және кіші станицалар тез арада етек жайып, халық саны көбейе түсті. Мұнда тұңғыш «өнеркәсіп» мекемелері пайда бола бастады. 1857 жылы Татар слободкасына таяу жерден судиірмен, ал келесі жылы сыра қайнату заводы салынды.

1867 жылы 11-сәуірде Верный бекінісі Верный қаласы атанып, Түркістан генерал-губернаторы қарамағында жаңадан ұйымдастырылған Жетісу облысының әкімшілік орталығына айналады.

1868 жылы мұнда Воронеж губерниясынан 242 шаруа отбасы қоныс аударады. Қаланың жаңадан ірге көтерген бөлігінің негізгі тұрғындарын осылар құрайды.

1868 жылы қаланы қоныстандыру комитеті деп аталатын ұйым Верный қаласының алғашқы жоспар жобасын жасайды. 1879 жылы қала ұлығы аралық бөлімшесінің бастығы майор Ларионовта қала жоспарын ұсынады. Бұл біршама нақты топографиялық негізге сүйенген, қала территориясы бедерінен айқын мағлұмат беретін жоспар еді. Бұл жоспар бойынша Верный бекініс, Үлкен және Кіші станица, Татар слободкасы және жаңа қаладан тұрды.

Қаланың жаңа бөлігінің пайда болуына байланысты станицалардағы құрылыс мүлде тоқтап, қала ауқымы батыс және оңтүстік-батысқа қарай ұлғая бастайды. Сол кездегі қала территориясы шығысында Кіші Алматы өзені, оңтүстігінде – Лагерь көшесі (қазіргі Шевченко көшесі), батысында – Донған көшесі (қазіргі Масанчи көшесі), ал солтүстігінде Ташкент аллеясы (қазіргі Райымбек даңғылы) аралығын алып жатты.

Верный қаласын салу кезінде Үлкен Алматы станицасын салған кездегі сияқты қарапайым шаршылы жобалау жүйесі алынды. Жаңа қала көшелері бағытының өзі станица көшелеріне бағындырылды. Квартал айналымының ауқымды болмауы да сол станица үлгісін көшіргендіктің белгісі еді.

Қаланы жоспарлау құрылымы табиғат және ауа райы ерекшеліктерін дұрыс ескеруге негізделді.

Верный қаласын жоспарлау кезінде ақ сәлделі Алатау шыңдары аясын, оның кәусар бұлағы мен ырғалған жасыл бағын құрылыстың құрамды бөлігі ретінде ескере, үндестіре отырып салу көзделді. Табиғат және ауа райы ерекшеліктерін ескеру құрылыс орнын таңдауда геологиялық және гидрогеологиялық қолайлылықты есептеуден, көшені кең етіп, оның жасыл-желекке малынып тұруын ойластырудан аңғарылады. Мұнымен бірге көше торының орналасуы, негізгі кең көшелердің та-

удан еңіске қарай тартылуы да жер бедерін ойластырудан туған-ды. Бұл бір жағынан таудан құлап аққан арық суын пайдалануға да қолайлы еді.

Қала орталығын және оның негізгі көшелерін орналастыру жоспары да жақсы ойластырылған. Қаланың композициялық шоғыры – Қонақауласы алаңы (қазіргі колхоз базары) ол кезде қаланың халық тығыз орналасқан бөлігі Үлкен станицаға іргелес салынып, онымен генерал Колпаковский даңғылы (қазіргі Достық даңғылы) және Құлжа көшесі (қазіргі Мақатаев көшесі) арқылы жалғасты.

Қаладағы басты көшенің бірі болып табылатын генерал Колпаковский даңғылы оңтүстіктен солтүстікке қарай Қонақауласы алаңы арқылы өтіп, Ташкент аллеясына барып тірелді. Бұдан кейінгі ірі көше Сауда көшесі (қазіргі Жібек жолы көшесі) батыстан шығысқа қарай Қонақауласы алаңының оңтүстігімен өтіп, Кіші Алматы өзеніне барып тіреледі. Қонақауласы алаңы кірпіштен салынған бір қабатты сауда-сағтық үйлерімен айнала қоршалып, үй аралары шенбер аркалармен қосылды.

Қаланың әкімшілік орталығы қазіргі 28 гвардия-панфиловшылар паркі маңында орналасты. Мұнда қаладағы ірі ғимараттар – ерлер мен әйелдер гимназиясы, әскери губернатор үйі, архиерей үйі, Офицерлер мәжілісі үйі (қазіргі ұлт аспаптар мұражайы) мен қоғамдық мәжіліс үйі (бұрынғы Қазақконцерт ғимараты) орналасты. Бұл ғимараттардың бәрі де әсем нақышпен, өзіндік өрнекпен салынды. Қала құрылымының сырт пішінінен тап айырмашылығы мен ұлттық ерекшеліктер аңғарылып тұрды.

Революцияға дейінгі кезеңде мұнда, негізінен, әскери губернатор, белгілі дворяндар мен жоғары шенді шенеуніктер тұратын Губернатор көшесі (қазіргі Қазыбек би көшесі), бай көпестер орналасқан Бірінші гильдия көшесі (Первогильдейская), сырттан келген шаруалар қоныстанған Мещандар көшесі

(қазіргі Қабанбай батыр көшесі), жергілікті ұлт тұрғындары шоғырланған Қырғыз, Өзбек, Ұйғыр, Донған секілді көшелер болды.

1887 жылы 28-мамырда болған жер сілкінісі апатынан қала түгелге дерлік қирады. 1799 кірпіш үйдің тек біреуі ғана аман қалды. Әскери губернатордың үйі, ерлер мен әйелдер гимназиясы, архиерей үйі, Покровский шіркеуі және т.б. ірі ғимараттар түгелдей қирады. Алайда, Үлкен және Кіші станицадағы ағаштан салынған құрылыстардың дені аман қалды. Жер сілкінісінен кейін негізгі қала түгелге дерлік қайта тұрғызылды. XIX ғасырдың 90-жылдарында қаланы көгалдандыру ісі етек алды. 1892 жылы Кіші станицаның солтүстік-батыс жағынан Э.О. Баумның басшылығымен тоғай отырғызылып, кейін ол орманшының есімімен аталып кетті.

Верный қаласының екінші жоспары 1908 жылы жасалды. Мұнда 1879 жылғы жоспарға қарағанда, қаланың батыс және оңтүстікке қарай қанат жайғандығы байқалады. Ендігі жерде қала шекарасы оңтүстікте Бас арықтың төменгі жағымен, ал батыста Қастек көшесі арқылы өтті. Қаланың солтүстік және шығыс бағыты да Ташкент аллеясынан Төмен және Кіші Алматы өзенінің арғы бетіне қарай аздап қанат жайды. Қаланың оңтүстік және батысқа қарай қанат жаюы қала орталығын оңтүстікке қарай ығыстыру қажеттігін туғызды. Осы кезеңде қаланың негізгі орталығы Пушкин атындағы парк (қазіргі 28 гвардия-панфиловшылар паркі) өңіріне орналасты. Жоспарлау шешімінде бұл ауданның әкімшілік орталық екені де ескерілді. Қала жоспары құрылымының өзегіне Балқаш (қазіргі Әйтеке би көшесі) және Қапал (қазіргі Қонаев көшесі) көшелері алынды.

Негізгі орталық қаланың басқа бөліктерімен – сауда орталығымен (Қонақауласы алаңымен) генерал Колпаковский даңғылы арқылы, батыс бөлігімен (Ат базарымен) Балқаш көшесі арқылы, оңтүстік

аймақпен Колпаковский даңғылының жартысы және Қапал көшесі арқылы байланысып жатты.

Қала кіндігіне (Пушкин паркіне) Вознесенский кафедралық соборының орналасуы да ұтымды шешім болып табылады. Еңсесі биік әдемі ғимарат сәулет ескерткіші ретінде төрт жағынан бірдей көрініп, қала сәніне сән қоса түсті.

1887 жылы жер сілкінісінен кейін Верныйдағы негізгі құрылыс шикізаты ағаш болды. Ағаш үй қабырғасын тұрғызумен қатар төбе жабу ісіне де қолданылды. Вознесенский соборы 1907 жылы ағаштан салынған ең ірі құрылыс болып табылады (биіктігі 53,5 м). Сәулетші А.П. Зенковтың басшылығымен салынған бұл құрылыс 1910 жылы жер сілкінісіне төтеп берген-ді. Міне, сондықтан да бұл ғимарат құрылысын арнайы зерттеу қажет. Қаладағы Әскери губернатор үйі, Офицерлер мәжілісі үйі, қоғамдық мәжіліс үйі сияқты ірі ғимараттар ағаштан қайта салынды. Верныйдағы құрылыстың дені тек ағаштан бір қабатты етіп тұрғызылды.

1910 жылы 22-желтоқсанда екінші рет күшті жер сілкінісі болды. Осы жер сілкінісін зерттеген ғалым К.И. Богданович: «Қаланың әр бөлігіндегі бір қабатты ағаш құрылыстардың бүлінуін салыстырып қарағанда, Үлкен Алматы станицасындағы қаланың солтүстік-шығыс бөлігіне жапсарлас және бекініс территориясындағы кейбір құрылыстар (әскери қоймалар) болмаса, бірде-бір ағаш үйлердің пешінен басқасы істен шықпағанын айтқан жөн» – деп жазды. (Тянь-Шань тауларының солтүстік сілемдеріндегі жер сілкінісі. Санкт-Петербург. 1914. С.102) Қалада 1910 жылғы жер сілкінісін көріп, содан бүгінгі күнге дейін сақталып келген ғимараттар баршылық. Олардың қатарында Верный діни консистериясы (Пушкин және Уәлиханов көшелері аралығында), Верный жетім балалар үйі (қазіргі балалар клиникалық ауруханасы; Қабанбай

батыр көшесінің оңтүстік жағы, Наурызбай батыр көшесінен батысқа қарай), көпес Ғабдул Уәлиевтің сауда үйі (қазіргі «Қызыл таң» дүкені, Жібек жолы және Уәлиханов көшелерінің қиылысында), Верный телеграфы (Төлебаев және Слободская көшелері қиылысының оңтүстік-батыс бұрышы), Колпаковский атындағы 4 кластық училище (кейін Өнер ордасы ғимараты, Қалдаяқов және Гоголь көшелері қиылысының солтүстік-батыс бұрышында), Верный ерлер гимназиясының пансионаты (Достық даңғылы және Төле би көшелері қиылысының солтүстік-батыс бұрышында), Фурманов көшесіндегі үй (Фурманов және Әйтеке би көшелері қиылысының солтүстік-батыс бұрышында), Головизиннің үйі (қазіргі ҚР Үкіметі шаруашылық басқармасы қарамағындағы резиденция, Фурманов және Қурманғазы көшелері қиылысының оңтүстік-шығыс бұрышында) сияқты ғимараттар бар.

Верныйдағы тұрғын үйлер, негізінен, жер бедеріне қарай саз немесе әк лаймен қызыл кірпіштен қаланған тұғыр қабат үстіне ағаштан қиып салынып, екі жағынан кереге-шыбық қағылып, сыртынан сылақпен тегістелген бір қабатты үйлерден тұрды. Мұндай үйлердің көшеге қараған жағынан тас текпішегі, бунақты бағанға орнаған сүйеніші бар кіреберіс-жаппа шығарылды, кейбір үйлердің бұғаты мен дөдегесі, терезе қақпақтары мен бұғат ернеуі ағаш оймышты болып келді. Бұл қаланың орталығындағы ауқатты кісілердің тұрғын үйлеріне тән сипат еді. Ал жеке меншік үйлердің басым көпшілігі кедей-кепшіктер мен қоныс аударып келгендердің ағаш немесе балшықтан домбалдап салған лашықтарынан құралды.

Осындай сүреңсіз үйлердің ортасындағы шіркеулер мен мешіттер окшауланып көрінетін еді. 1913 жылы Орыс География қоғамының ресми басылымдарының бірінде Верныйдың абаттан-

дырылуы туралы былай делінген еді: «Верныйдың абаттандырылуын айтарлықтай деуге болмайды: көшелерінің кең, дұрыс жоспарланғаны рас, алайда тас төселмеген, көлік түгіл адам аяғымен аспанға көтерілген шаң борпылдап жатыр. Борпылдақ шаң күзде лайсаң батпаққа айналады».

Мұндағы өнеркәсіп те нашар дамыды. Қалада небәрі сыра қайнату және арақ жасау заводы, шағын төрт темекі фабрикасы, екі диірмен, шағын тоқыма

фабрикасы және бірнеше кішігірім жеке меншік мекемелер болды. Верный өз кезіндегі шет қалалардың ішіндегі ең артта қалғандарының бірінен саналды. Мұнда бар болғаны екі орта оқу орны – ерлер мен әйелдер гимназиясы және екі училище (4 кластық қалалық училище мен әйелдер училищесі) болды. Революцияға дейінгі 63 жыл мұғдарында Верныйдың халқы 50 мыңнан аспады. 1915 жылы қала халқының саны 35593 адам болды.





## ЕКІНШІ БӨЛІМ



## БІРІНШІ ТАРАУ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

1918 жылы наурызда Верный қаласында Совет өкіметі орнады. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында іске асырылған шаруаның барлығы азамат соғысы жағдайында жүргізілді, бұл ахуал 1920 жылдың наурыз айына дейін созылды. 1921 жылы 5-ақпанда Верный қаласын Алматы деп атау туралы шешім қабылданды. Сол жылы 8-шілдеде қаладағы Карл Маркс (қазіргі Қонаев көшесі) көшесінің бойымен ғаламат сел тасқыны жүріп өтті.

1923-1926 жылдары әбден тозығы жеткен үйлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұл жылдары жаңа құрылыстар салу шектеліп, негізінен, бір қабатты тұрғын үйлер ғана салына бастайды, бірақ бұл құрылыстар қала архитектурасына оншалықты өзгерістер әкеле қоймайды.

1929 жылы мамырда республика астанасы Қызылордадан Алматыға көшіріледі. 1930 жылы 19-шілдеде Түркістан-Сібір темір жол қатынасы ашылып, Алматы еліміздің өнеркәсіп және мәдени орталықтарымен, Кеңестер Одағының астанасы – Москвамен байланысады.

Осы кезеңнен бастап қала құрылысы күрт жандана бастайды. Темір жолмен Алматыға құрылыс шикізаттары мен механизмдер жеткізіледі, жұмыстар

және инженер-техника мамандары, құрылысшылар келеді, құрылыс мамандығына жергілікті ұлт өкілдері тартылады.

1930-1935 жылдары Алматыда күйген кірпіштен темір-бетон белдеу тартып, жер сілкінісіне төзімді шикізатты қолданған ірі ғимараттар салынды. Алғашқы Қазақстан Үкімет үйі (қазіргі Театр және кино институтының оқу корпусы, 1930 ж., сәу. М.Я. Гинзбург), Байланыс үйі (1931–1934 ж., сәу. Г.Г. Герасимов), Қазақстан Ішкі істер министрлігінің әкімшілік корпусы (қаз. Ұйғыр театры ғимараты), Түркістан-Сібір темір жол басқармасы (қаз. Алматы темір жол басқармасы), Су шаруашылығы министрлігі (сәу. Ч.У. Бапишев), Заң институты және т.б. құрылыстар бой көтерді.

Осы жылдары, ірі өнеркәсіп орындары есебінде, аяқ киім және тігін фабрикасы, ұн тарту комбинаты және басқа орындар және Мембанк кеңсесі ғимараты, «Алатау» кинотеатры (кейін өртеніп кеткен, сәу. Т.Қ. Бәсенов), Министрліктер үйі, Мәдениет үйі салынды. 1930 жылы Алматыдағы тұңғыш жобалау мекемесі – «Қазмемжобалау» құрылды.

Өзінің алғашқы даму сатысында Алматы архитектурасына конструктивизм тән болды.

1931 жылы су құбырын тарту қолға алынып, ал 1933 жылы қалада сарқын су құбырларын жүргізу жүзеге асырылады.

1933-1941 жылдары тозығы жеткен бір қабат үйлердің орнына қала келбетін өзгерткен бірқатар ірі ғимараттар ірге көтерді. Олардың қатарында қалатком (алғашқы ғимараты, 1937, сәу. М. Шугал), ҚазССР Қаржы министрлігі (1938, сәу. М.Шугал), ҚазССР Совхоз министрлігі (1937–1938 ж., сәулетші Г.П. Кушнарено), ҚазССР Тамақ министрлігі (1938, сәу. Г.П. Кушнарено), Алматы II теміржол вокзалы (1938–1939), терапия емханасы (1938, сәулетшілер А.Каплун, И.Длугач), Шет тілдері институты (1938, техник-сәу. П.Вознюк), тұрғын үй комбинаттары және басқа да ғимараттар бар. Мектеп құрылысы кең етек алды. 1935-1937 жылдар аралығында 26 жаңа мектеп ғимараты сап түзеді.

Осы кезеңдегі қала архитектурасының жаңа даму барысы классикалық сәулет өнері үлгісін талғаммен пайдаланумен сипатталады.

30-жылдардың екінші жартысында қалада механика заводы, ет комбинаты, жеміс консервілеу комбинаты, 1-2 нан заводы, макарон фабрикасы, элеватор, темекі фабрикасы сияқты ірі өнеркәсіп мекемелері бой түзеді. Қаланы аббаттандыру ісі жолға қойылды. 1939 жылға дейін қаладағы көшенің 70 шақырымға жуығы асфальттанып, 65 шақырымына тас төселді.

1939 жылы Алматы халқының саны 231 мың адамға жетті.

1941 жылдың қарашасында Қазақтың Абай атындағы Академиялық опера және балет театры салынып бітті (сәулетшілер – Н.А. Простаков, Т.Қ. Бәсенов). Бұл ғимараттың архитектуралық шешімінде орыс классикалық сәулет өнері тәсілдері мен қазақтың ұлттық үлгілері астастыра қолданылып, халық сәулет өнері жетістіктері, ұлттық қолөнер иірімдері ұтымды пайдаланылған.

Ұлы Отан соғысы жылдары құрылыс салу саябырлады. Дегенмен, қиындыққа қарамастан, Алматыда құрылыс жұмысы аздап болса да, жүргізіле берді. Өнеркәсіптің металл өңдеу, тоқыма және трикотаж сынды жаңа түрлері пайда болды. Осы өнеркәсіп мекемелерінің жұмыскерлеріне арнап, жатаған тұрғын үйлер салына бастады.

Соғыс аяқталғаннан кейін қалада құрылыс салу ісі кең ауқымда жүргізілді, осы кезеңдері вагон жөндеу заводы, фурнитура заводы, үш су электр станциясы, трамвай паркі, троллейбус депосы және басқа мекемелер қатарға қосылды.

Осы кезеңде Түркістан-Сібір темір жолы ауруханасы, ғалымдар тұрғын үйі, Алматы мемқұрылыстың әкімшілік-тұрғын үйі және т.б. ірі ғимараттар тұрғызылды.

1950 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының бас ғимараты (сәулетшілер А.В. Щусев, Н.А. Простаков) мен Республиканың жаңа Үкімет Үйін (сәу. Б.Р. Рубаненко және т.б.) салу ісі қолға алынды. Соғыстан кейінгі жылдары тұрғын үйлер көптеп салына бастады, сонымен бірге қаланы одан әрі көріктендіру ісіне баса назар аударылды. Тек 1948 жылы 87 мың шаршы метр көше мен алаңға тас өріліп, асфальт төселді. Тұрғын үйлерді жобалау шешімі жақсартыла түсті, жапсырма жабдықтар, пәтерлі өкпек және бұрыштай желдету, балкон және лоджия қолданылды.

Соғыстан кейінгі жылдары ұлттық архитектуралық ізденістің күшейе түскендігі байқалады. Ұлттық сәулет өнері үлгісін сәтті қолданған ғимараттар қатарына Космонавтар көшесіндегі (кейін Ахмет Байтұрсынұлы көшесі) 40 пәтерлік тұрғын үй, М.Горький көшесіндегі (кейін Жібек жолы көшесі) ғалымдар тұрғын үйі, Қазақстан Ғылым Академиясының бас ғимараты және Республика Үкімет Үйі жатады. 50-жылдардың басында қала құрылысы жоғары қарқынмен жүргізілді.

Жеке қоғамдық ғимараттар мен тұрғын үйлер сап түзеді. Сол кездегі жер сілкінісі нормасына сай жаппай құрылыс, негізінен, екі-үш қабатты етіп салынды. Кейбір бос жерлерде ішінара дара құрылыстар тұрғызылды. 50-жылдардың аяғында Республика Үкімет Үйі (1958), Ғылым Академиясының бас ғимараты (1957) құрылысы аяқталды. Орталық стадионның бас спорт аренасы (1958, сәулетшілер А.К. Қапанов, А.Я. Коссов), Облыстық саяси ағарту үйі (кейін Қазақфилармониясы, сәу. А.А. Леппик), Орталық әмбебап дүкені (1961, сәу. М.А. Гура) және т.б. салынды.

50-жылдары жобалау ісінің негізгі бағыттарының бірі тұрғын үйлердің типтік жобасын жасау болды. Осы тұста кірпіш тұрғын үйлер мен мектептердің типтік жобалары жасалды. Құрылыс қарқынын арттыру, әрі кейбір құрылыстарды тез арада іске қосу мақсатымен құрылыс ісін индустрияландыру және типтендіру мәселесін кең ауқымда жүргізу қажеттілігі туды. Алматы қаласы архитектурасының шығармашылық бағытының өзгеруіне 1954 жылы желтоқсанда өткен Құрылысшылар мен сәулетшілердің бүкілодақтық мәжілісі игі әсерін тигізді, ол архитектура-құрылыс ісін түгелдей қайта құру жолдарын белгілеп берді. Алайда бұл жолдың да архитектуралық шығармашылық тұрғысынан алғанда өз кемшіліктері бар еді. 60-жылдары бірқатар қоғамдық ғимараттар бой көтерді. Қаланың архитектуралық ансамбльдері қалыптаса бастады. Красин (кейін Уәлиханов көшесі) және Шевченко көшелері қиылысындағы Ғылым Академиясы ғимараты мен ғылыми-зерттеу институттары ансамблі, Бейбітшілік (кейін Желтоқсан көшесі) және Фурманов көшелері аралығында қаланың орталық бөлігінің шоғыры топтасты. Онда негізгі қоғамдық ғимараттар: Үкімет Үйі, Опера және балет театры, «Қазақстан» қонақүйі (кейін «Жетісу» қонақүйі,

1960, сәулетшілер Е.К. Дятлов, Ким До Сен), «Балалар әлемі» (1960, сәу. О.Н. Шорин, инж. Н.О. Оразымбетов), Қазақ драма театры (кейін Жасөспірімдер театры, 1963, сәулетшілер А.А. Леппик және т.б.), «Алматы» қонақүйі (1969), Орыс драма театры (1968, сәулетшілер В.Давыденко, Г.Горлышков т.б.), 11 қабат Кеңестер үйі (1968, сәулетшілер А.Н. Наумов, В.В. Михеев), орталық әмбебап дүкені және т.б. қоғамдық орындар бой көтерді.

Қаланың басқа бөліктерінен Спорт сарайы (1967, сәулетшілер В.З. Кацев, И.В. Слонов және т.б.), «Целинный» (1964) және «Алатау» (1960, сәу. Е.К. Дятлов) кинотеатрлары, Пионерлер сарайы, автовокзал (1967, сәу. В.В. Бабенко), кос залды «Арман» кинотеатры (1968, сәулетшілер А.И. Коржемпо, В.Л. Панин және т.б.) сияқты қоғамдық ғимараттар бой көтерді.

Қала, әсіресе, 60-жылдардың ортасынан бастап кең қанат жайды: осы кезеңде жаппай тұрғын үй құрылысы өрістеді, орталық ауданның солтүстік бөлігін қайта салу ісі қолға алынды, ол батысында – Есентай өзеніне дейінгі, оңтүстігінде – Гоголь және Макаев көшелері, ал шығысында – Ильич көшесі, солтүстігінде Райымбек даңғылымен шектелген Ц-1, Ц-6 шағын аудандарын қамтиды. Қаланың жедел өркендеуі 70-жылдардың бас кезіне саяды. Жер сілкінісіне төзімді отандық және шетел құрылыс әдістерін ұтымды қолдану тәжірибесі негізінде жаппай үй құрылысы 5 қабатқа, ішінара кейбір ғимараттар жеті-тоғыз, он екі қабатқа дейін көтерілді. Ғимарат пен құрылыстарды жобалауда жер сілкінісіне төзімділігін ескеретін жаңа норма – РСН-10-70 – енгізілді.

1967 жылы қала құрылысы жобасын арнайы атқарып отыратын қалатком қарамағындағы «Алматықалжобами» мемлекеттік жобалау институты құрылды.

1972 жылы республика басшылық ұйымдарының

«Алматы қаласының басты көшелерін, кіреберіс үлкен магистральдар мен орталық бөлігін кешенді түрде салу жөніндегі» Қаулысы Сейфуллин, Абай даңғылдары, Райымбек магистралін аэропортқа дейін, Желтоқсан көшесі бойын жаңа құрылыспен жаңғыртып қайта салуға, қаланың орталығын қалыптастыруда және 70-жылдары бой көтерген әсем ғимараттардың салынуына ықпал жасады.

Ірі магистральдарды қайта салу үлгісі Ленин даңғылын (кейінгі Достық даңғылы) абаттандырудан айқын көрінді. Даңғыл, негізінен, қаланы оңтүстіктегі тау қойнауына орналасқан тынығу аймағымен және 28 гвардия-панфиловшылар мемориал паркімен жалғастырып жатты. Даңғылдың бойынан бірнеше көрікті алаңдар мен әсем қолтықтар, сондай-ақ зәулім ғимараттарды ұтымды орналастыру арқылы көзтартарлық айшықты құрылымға қол жеткізілді.

Оның шығыс жағалауы 9 қабатты көп секциялы тұрғын үйлер және 12 қабатты мұнара үйлермен көмкерілді, бұлардың бірінші қабатында тұрмыстық қызмет көрсету және сауда мекемелері орналасты.

Ал, батыс жағындағы бұрынғы қалыптасқан құрылыстар арасынан тұтас темірбетоннан 12 қабатты тұрғын үйлер салынды.

Ленин даңғылының Абай даңғылымен қиылысынан жасыл-желекті алаң ұйымдастырылып, одан қос залды «Арман» кинотеатры, В.И. Ленин атындағы сарай (кейін Республика сарайы), «Қазақстан» зәулім қонақ үйі бой көтерді. Алаңның батыс жағы Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі және Саяси ағарту үйі ғимараттарымен көмкерілді. Даңғылдың тек бір шығыс жағының өзінен 90 мың шаршы метр тұрғын үй салынған-ды.

Осынау тұтас құрылыс кешеніне қызмет көрсетіп тұру үшін бес бала бақшасы, 1800-орындық мектеп, емхана, дәріхана, кітапхана, екі асхана, екі дәмтатар-

кафе, гастронам, нан, су-шырын дүкендері, ателье, кір жуғыш, шаштараз, тұрмыстық қызмет көрсету шеберханалары, сый-сияпат дүкені, балалар ойыншықтары дүкені, почта, телеграф, АТС және басқа да мекемелер салынды. Жеңіл автомашиналар үшін осы өңірден бөлек гараждар мен қоршаулы тұрақтар салу ескерілді.

Жер бедерін ұтымды пайдалану, оны абаттандыру мен көгалдандыру даңғыл көркін арттыра түсті. Оның бойынан көгорайлар мен гүлзарлар, жасанды бұлақшалар мен хауыздардың әсем орын тебуі көшеге көрік беруімен бірге осы аймақтың ауасын жақсартып тұруға да септігін тигізді.

Ленин даңғылы бойына үйлер салу барысында бір жағынан жер сілкінісі қаупі молырақ деп саналатын өңірге лайықты құрылыс конструкциясы шешімі, жер сілкінісіне төзімді конструкциялар, озық тәжірибелер пайдаланылды.

Мұнда, негізінен, сапалы темірден жасалған тұтас әрі құрастырмалы, жалпақ және кең аршынды темірбетон конструкциялар, сонымен бірге кең аршынды құрастырмалы темір-бетон кресттер қолданылды.

Бұл даңғыл құрылысы – қайта жаңғырту құрылысы территориясында жобалау мен құрылыс салу ісінің Қазақстандағы бірінші тәжірибесі болып саналады. Бұл тәжірибе кейін республиканың Ақмола, Орал, Павлодар, Семей, Жамбыл сияқты басқа да қала орталықтарын салу ісінде қолданылды.

(Құрылыс 1969 жылы басталды. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Н.И. Рипинский, Т.Қ. Бәсенов, А.И. Петров, В.Ш. Гершберг, Б.В. Мухин. А.А. Петрова, Н.П. Чистоклетова, Ю.Х. Айбасов; конструкторлар – Г.А. Калиш, В.Д. Ангельский, Н.Л. Матвиец, Г.И. Стулов).

Осы кезеңде қаланың орталық бөлігі мен ірі көшелерін қайта салу барысында біраз жұмыстар

атқарылады. Жібек жолы, Фурманов, Желтоқсан, Гоголь көшелерін, Сейфуллин даңғылы, Төлеби, Панфилов көшелерін, Райымбек, Әл-Фараби даңғылдарын қайта жаңғырту және құрылыстар салу істері жүргізілді.

«Медеу» мұз айдыны, шет елдермен Достық үйі, аэровокзал, Алматы I темір жол вокзалы (1975, сәулетшілер С.О. Мхиторян және т.б.), Ә.Қастеев атындағы бейнелеу өнері мұражайы, «Медеу» қонақ үйі (1975, сәулетшілер В.З. Кацев, С. В. Коханович және т.б.) «Алатау» қонақ үйі (1975, сәу. А.И. Петров, инженерлер С.Ж. Темірғалиев және т.б.), «Ауыл» рестораны мен Көктөбеге шығатын аспалы жол сияқты ірі ғимараттар мен құрылыстар тұрғызылды.

1968 жылы «Алматықалжобами» институты, «Қазөнеркәсіпқұрылысжобалау» институты ғылыми-шығармашылық бөлімшелерінің қатысуымен панельді азаматтық ғимараттарға арналған ірі (рамалы) құрастырмалы темір-бетон конструкциясының (СЖКУ-9 үлгісіндегі) жұмыс сызбаларын әзірледі. Кейінгі жылдары темірді үнемдеу мақсатымен СЖКУ кереге қаңқасының кейбір бөліктері өзгертілді, бұл кейінгі өзгертілген конструкция ИИС-О4УС деп аталды. Бұл конструкцияларда азаматтық ғимараттармен бірге 9 балға есептелген 30-40 сыныптық мектеп және балалар бақшасының жобалары жасалды. 70-80 жылдар мұғдарында Алматы қаласында (орталық бөліктегі ірі 9 қабатты тұрғын үйлерді қоса алғанда) салынған азаматтық құрылыстар негізінен, СЖКУ-9 типті кейін ИИС-О4УС құрастырмалы кереге-қаңқа темір-бетон конструкция үлгісімен тұрғызылды.

Ірі қоғамдық ғимараттар жоғарыда келтірілген конструкциялық бөлшектерді ескере отырып немесе арнайы жоба бойынша жер сілкінісіне төтеп беретін төзімді материалға есептелген арнайы конструкциялық шешім негізінде тұрғызылды.

Ғимаратты әрлеу ісіне қабырға сыртына әсем

көрік беру үшін тас ұсақтары, кремнеорганикалық сыр, сылақтың алуан түрі (тас бедер, әшекей-өрнек және т.б.), қыш сынықтары, мәрмәр қиыршығы аралас тақтатас (балкон, лоджияларды қоршау үшін), ұлутас тақталары (қаптау үшін) қолданылды. Арнайы мәні бар ғимараттарды әрлеуде мәрмәр, гранит (жақпар сынықтарынан бастап типылданған түрлері) пайдаланылды. Бетон немесе металл оймышты торлар да әрлеу ісінен орын алды. Ғимаратты әрлеу жұмысында әртүрлі бедер-бүкпелі алюминий немесе эмальды қаңылтыр, ішкі еңсеге гипс тақта, әр текті ағаштар, қыш тақталар және т.б. материалдар қолданылды.

60-80-жылдарды Қазақстан, сондай-ақ, оның астанасы архитектурасының даму барысы бүкілодақтық шығармашылық өрбу ықпалында болды. Дегенмен, Алматы сәулетшілері тұрғызылған ғимараттардан өзіндік сипат, тек осы өңірге тән әр-бояу аңғарылып жатты. Осы кезеңде (60-70-жылдар) қазіргі заман архитектурасының озық туындыларынан саналатын ғимараттар бой көтерді.

Бұған Алматы сәулетшілері отандық және дүниежүзілік сәулет өнері жетістіктерін, халық сәулет өнерінің ұтқыр дәстүрлерін, оның әдіс-тәсілдерін, ұлттық қолөнер нақыштарын шығармашылық сезімталдықпен ұтымды пайдалана отырып, қол жеткізді. Осы әдістерді орынды қолдана отырып, қоршаған табиғи жағдайларын ескеру, жергілікті құрылыс және әрлеу шикізаттарын ұтымды пайдалану Алматы архитектурасына өзіндік рең, ерекше түр берген еді. 60-жылдардың аяғында және 70-жылдары архитектуралық көркемдік шешіммен көз тартатын ірі ғимараттар салынды.

1975–1980 жылдары қалада жылына 500 мың шаршы метрге тарта тұрғын үй ауданы іске қосылып отырды. Бесжылдық барысында 14 мектеп, 57 мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі, 635 төсектік

аурухана, 3500 кісі қабылдайтын емхана және т.б. орындар пайдалануға берілді. Жыл сайын мыңдаған отбасы барақ пен жертөледен жаңа пәтерге көшіп отырды.

Тек 1978 жылдың өзінде Қазақтың Әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университетінің оқу корпусы (сәулетшілер В.П. Бондаренко, Ю.С. Зимин және т.б.), Округтік Офицерлер үйі, қалалық аэровокзал ғимараты (сәулетшілер В.Щавелева және т.б.) сияқты ірі құрылыстар аяқталды. Бұрыннан қалыптасқан архитектуралық ансамбльдерді жетілдіру және жаңа архитектуралық ансамбльдерді қалыптастыру жұмыстары жүргізілді, 28 гвардия-панфиловшылар паркі аймағында Округтік Офицерлер үйі мен «Даңқ» мемориалы кешені (1975, мүсіншілер В.В. Андркэщенко, А.Е. Артимович, сәулетшілер Т.Қ. Басенов, Р.А. Сейдалин, В.Н. Ким) қамтыған қала құрылысы шоғыры пайда болды. Келесі бір шоғыр Жібек жолы көшесі бойынан жабық колхоз базары (1975, сәулетшілер С.И. Рүстембеков, М.П. Павлов), «Әсем» тұрмыстық қызмет өтеу үйі, орталық әмбебап дүкен (1979, сәулетшілер М.Р. Қабылбаев және т.б.) сияқты ғимараттар басын құрады. Достық даңғылының Абай даңғылымен қиылысынан бой көтерген Ленин атындағы сарай (кейін Республика сарайы) мен 25 қабат «Қазақстан» қонақүйі маңайындағы құрылыстармен қосылып, ғажап архитектуралық ансамбль құрды. Өзінің маңыздылығы жағынан бұдан кем түспейтін архитектуралық ансамбль Абай даңғылының Есентай өзенімен қиылысынан бой көтерді. Алатау аясынан әсем орын тепкен Цирк ғимараты, Неке сарайы, Ә.Қастеев атындағы бейнелеу өнері мұражайы, М.Әуезов атындағы Академиялық қазақ драма театры ғимараты көрікті бір ансамбль шоғырын қалыптастырды. Абай даңғылынан оңтүстікке қарай қаланың бас архитектуралық ансамблі Ре-

спублика алаңы келбеті көз тартады. Мұнда архитектуралық доминант қызметін еңселі жерге орналасқан Қазақстан Республикасы Президенті Сарайы атқарып тұр. Бұл аймақтағы композициялық шешім өзегіне алаңнан өрге қарай тартылып жатқан жасыл-желекті көгал алынған. Бұл ауданның ірі құрылыспен, бірнеше қабатты тұрғын үйлермен қоршалмауы алдағы уақытта осы өңірді ең әсем архитектуралық ансамбль шоғыры бой көтерген қала құрылысының көркем аймағына айналдыру мүмкіндігін туғызды. 1979 жылы «Алматы қаласы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жүйесін одан әрі жетілдіру және оның материалдық негізін нығайту туралы» қаулы қабылданды. Бұл қаулы бойынша үш жыл ішінде қалада 30 мың орындық 115 балалар мекемелері салынды.

80-жылдардың бас кезінде мақта-мата комбинатының Мәдениет сарайы (1981, сәулетшілер А.А. Петрова, З.М. Мұстафина, Г.С. Жақыпова және т.б.), «Отырар» қонақүйі (1981, сәулетшілер С.В. Коханович, М.Р. Қабылбаев және т.б.), республикалық Оқушылар сарайы, Қазақтың Әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университеті кешені, жаңа автовокзал ғимараты (1983, сәу. В.В. Неровня, инженерлер В.Д. Тягловский, О.Е. Бүргімбаев, бас конструктор А.А. Бэм және т.б.), орталық автоматты станция (сәулетшілер А.А. Петрова, В.А. Бабенко және т.б.), Ана мен баланы қорғау орталығы (сәу. Е.В. Средников және т.б.), «Арасан» емдеу-сауықтыру кешені, теледидар аппарат-студия кешені (1983, сәулетшілер А.И. Коржемпо, Н.В. Эзау, В.Л. Панин, инженерлер С.И. Каламқаров, Б.М. Ысмаилов және т.б.), «Казгипрозем» лабораториялық корпусы (сәу. Ш.Ы. Уәлиханов, бас конструкторы Д.К. Айдаров және т.б.), биіктігі 371 м теледидар мұнарасы (1978, сәулетшілер Н.Г. Теранов, А.Н. Савченко, конструкторлар Н.К. Акимов, В.В. Остроумов), облыстық саяси оқу үйі (жаңа ғимараты) іске қосылды.

1984 жылы Бартоғай су қоймасынан тартылған Үлкен Алматы каналы (ҰАК) құрылысы аяқталды. Бұл Алматы облысының суармалы егістіктерін сумен қамтамасыз ету және жаңа жерлерді игеру мақсатында салынды. Канал Шелек пен Шымалған өзендерін жалғастырды. ҰАК Алматыда Кіші Алматы өзенін, Шемякин көшесін, Сүйінбай тас жолын, Баум тоғайының оңтүстік бөлігін, Сейфуллин даңғылын, Жансүгіров көшесін, солтүстік-батыс сақина жолды, Үлкен Алматы және Есентай өзендерін қиып өтеді. ҰАК-на осы құрылысты салуға ұйытқы болған Д.А. Қонаевтың есімі берілді.

80-жылдардың бірінші жартысында бірқатар ірі ғимараттар бой көтерді. Олардың қатарында Қазақстан Мемлекеттік орталық мұражайы, Қазақстан компартиясы Облыстық және қалалық комитеттерінің ғимараты (кейін әкімшілік ғимараты, 1986, сәу. Қ.Ж. Монтақаев және т.б.), «Достық» қонақүйі (сәулетшілер Ю.Г. Ратушный және т.б.) бар. Осы кезеңде музыкалы комедия театры, Қазақ мемлекеттік филармониясы, үш залды кинотеатр, «Мұхит» фирмалық дүкені, жүзу астауы 50 метрлік жабық бассейн, архитектуралық-жоспарлық шешімі жақсартылған тұрғын үйлер сияқты тартымды ғимараттар мен құрылыстар жобасы жасалды. Қаладағы маңызды басжолдарды қайта салу және абаттандыру жұмысын аяқтау алға қойылды.

1995 жылы қалада француздың «Буиг» фирмасының қатысуымен Республика Президентінің жаңа Резиденциясы (сәулетшілер Қ.Ж. Монтақаев, С.Қ. Баймағамбетов, О.Е. Цай және т.б.), «Марко Поло Рахат палас отель» 5 жұлдызды қонақ үйі (жобасын жасаушы – Австрияның «АВУ» фирмасы, ЖБИ, ЖБА – Х.В. Вольфф, М. Чарновски, құрылысты Австрия фирмасы салды), «Анкара» 5 жұлдызды қонақ үй кешені (жобасын жасап, әрі құрылысын жүргізген «Айсель» түрік құрылыс компаниясы, сәу.

Биджан Тұрбек және т.б.) сияқты тамаша үш ғимарат сап түзеді. 10,5 мың көрерменге арналған әмбебап спорт-сауық залы салыну үстінде (сәулетшілер А.С. Қайнарбаев, М.Ф. Жақсылықов, конструкторы К.Р. Төлебаев және т.б.). 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың бас кезінде экономикалық тоқырау және өндірістің құлдырауына байланысты көпшілікке арналған тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік сала орындарын салу қарқыны бәсеңдейді. Осы кезеңде тұрғын үй құрылысы бұрынғыдан басқаша бағытта жүргізіледі. Негізгі назар жеке меншік тұрғын үйлер мен коттеждер салуға аударылады. Сауда-саттық орындарын салу жанданады, бизнес орталықтары, банктер, кеңсежайлар, қонақ үйлер және т.б. орындар көбейеді. Осы орайда «Базис» фирмасының Алматы үй құрылысы комбинатының жабын және қоршау конструкцияларын пайдаланып, ерекше әрлеу жұмысын жүргізген кеңсежай ғимараттары қала құрылысымен әсем үйлесім тауып тұрғанын айта кеткен жөн. Әсем табиғат аясында зәулім үйлері көкке қол созған Алматы қаласы ірі мәжілістер, халықаралық жиындар өткізетін орталыққа айналды. Мұнда көптеген дүние жүзі елдерінің мемлекет және үкімет басшыларының кездесуі, халықаралық форумдар, симпозиумдар, фестивальдар, спорт жарыстары өткізіліп тұрады.

Тау шатқалдарындағы «Медеу» мұз айдыны конькимен сырғанау жарысының дүниежүзілік рекордтар көрігі саналады. Жаз айларында мұнда халықаралық «Азия дауысы» музыка фестивалі өткізіліп тұрады. Осындай мұз айдыны, Шымбұлақ шаңғы тебу спорт базасы, басқа да спорт және қызмет көрсету орындары бар Алматы қаласының спорттың қысқы түрлерінен халықаралық жарыстар өткізу мүмкіндігі мол. Міне, сондықтан да ол қысқы Олимпиада ойындарын өткізу орны бәсекесіне түсіп отыр. Қаланың

оңтүстік бөлігінде және қалаға іргелес аймақтарда олимпиада құрылыстарын салу қажет бола қалған жағдайда бос орындар баршылық. Қысқы Олимпиада ойындарын өткізуге қаланы дайындаудың жобалық және техника-экономикалық негізі де даярланып қойылған.

1993-1994 жылдары бірқатар объектілердің тартымды жобалары жасалды. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Іскерлік байланыс орталығын (АШЖК негізінде: құрылысты салушы «Қазақстан «Атакент» байланыс орталығы» АҚ, жобаны әзірлеген – АЖА «Қазқал»), Әл-Фараби даңғылы мен Марков көшелері қиылысындағы ПСМП «Атырау» банк кешені бар іскерлік бай-

ланыс орталығын (құрылысты салушы – «Азан» фирмасы, жобаны әзірлеген – «Алматықалжобами» АҚ), Сәтбаев көшесінің оңтүстік, Есентай өзенінің шығысындағы қонақ үй үлгісіндегі жатақханасы бар Мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтын (құрылысты салушы – Мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты, жобаны әзірлеген – «Алматықалжобами» АҚ), орталық базарды қайта салу жоба-ұсынысын (құрылысты салушы – «Береке» АҚ) айтуға болады. 1991 жылы Кеңестер Одағы ыдырап, егеменді мемлекет – Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін, Алматы қаласының жаңа даму кезеңі басталды.



## ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР

Жас ұрпақты тәрбиелеу ісіндегі рухани факторлардың ең негізгілерінің бірінен саналатын тарихи-мәдени мұраларға деген көзқарас түбірімен өзгеріп жатқан кезде тарихи-мәдени ескерткіштерді табу және оларды сақтау мәселесіне аса ілтипатпен қарау қажеттілігі туып отыр. Солардың ішінде архитектура және қала құрылысы ескерткіштері ерекше орын алады. Біздің қаламызда 90-жылдардың аяғында тарихи-мәдени құнды деп саналатын 260 ғимарат сақталып отыр. Оның басым көпшілігі бұрынғы тарихи орталық – Райымбек және Абай даңғылдары, Кіші Алматы мен Есентай өзендері аралығындағы өңірге шоғырланған. 1983-1985 жылдары «Қазжобақайтасалу» институты қала ескерткіштерінің (қала құрылысы және архитектура) және оны қорғау аймағының тарихи тірек жоспарын жасаған болатын. Бұл жоспар құрылысты

ескерткіштерді қорғау жұмысымен үйлестіре жүргізу, қала құрылысы даму кезеңдерін белгілеу және ескерткіштерді құндылық дәрежесіне қарай саралау міндеттерін белгілеп берген еді. Алайда, қорғау аймағы айқындалғанымен, тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтап қалу мәселесі шешімін таппады, бұл өңірлерде жаңа құрылыстар салыну басталып кетті. Соның салдарынан Верный кезеңінің ескерткіштері: «Ударник» кинотеатры (Үлкен Алматы станицасы шіркеуі), округтік сот, қалалық банк бөлімшесі, Беликановтың баспаханасы жойылып кетті. Қаланың бас жоспарында осындай ағаттықты қайталамау, қорғау аймақтарын көздің қарашығындай сақтай отырып, кейбір қайта жаңғырту жұмыстарын белгілеу, мәдени мұраны айшықтай түсу ұсынылған.



## ЕКІНШІ ТАРАУ

### ҚАЛА САЛУ ІСІ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ҚАЛАНЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАСЫ

Алматы қаласының жоспарлық құрылымы, оның орталық бөлігі мен қоғамдық орталық жүйесінің қалыптасуы қала дамуының негізгі кезеңдерімен байланысты.

Революциядан кейінгі кезеңде, әсіресе, республика астанасы Қызылордадан Алматыға көшірілгеннен кейін, қала тез дамып, батыс және ішінара солтүстік бағытта, Кіші Алматы және Есентай өзендері аралығына қарай қанат жайды. Алматы қаласын жоспарлау және қайта салудың тұңғыш жобасын 1937 жылы РСФСР Халкомшарының №1 архитектура-жоспарлау шеберханасы (сәулетшілер А.И. Репкин, И.С. Гуревич) жасады. Қаланың қанат жаю бағытына, негізінен, батыстағы Есентай өзенінің арғы жағы алынды. Бас арықтың жоғары жағынан оңтүстік бағытта да аздап құрылыс салу ескерілді. Жер асты су көзінің жақындығы әрі жер сілкінісіне қолайсыздығы ескеріліп, қаланы солтүстік бағытта дамыту ісі қолға алынбады.

Жоба бойынша бұрыннан қалыптасқан жобалаудың шаршы жүйесін сақтай отырып, әкімшілік-мәдени орталықты Коммунист даңғылы (кейін Абылай хан даңғылы), Гоголь және Калинин

(кейін Қабанбай батыр көшесі) көшелері өңіріне орналастыру көзделді. Орталық алаң Абылай хан даңғылы мен Төле би көшелері қиылысына орналасты. Қаланың архитектуралық жоспарлау негізгі шоғырлары – вокзал маңы, театр алаңы және т.б. белгіленді. Қаланың негізгі бас жолдарын қайта салу, ұсақ кварталдарды ұлғайту, қала келбетін жалпы абаттандыру мәселесі ескерілді. Жоба бойынша 1960 жылы қала тұрғындарының саны 360 мыңға жетуге тиіс деп есептелді.

Ұлы Отан соғысы қаланың тұңғыш бас жоспарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді.

Алматы қаласын жоспарлау және қайта салу жөніндегі екінші жобаны 1949–1950 жылдары Гипрогордың Ленинград бөлімшесі (сәулетшілер Д.Д. Брагин, И.И. Белоцерковский, Л.К. Вертоусов) жасады. Бұл жоба, негізінен, бірінші бас жоспар ұсыныстарын ұстанды. Мысалы, қаланы батыс, оңтүстік-батыс бағытта дамыту, негізгі бас жолдардың жайы, негізгі архитектуралық-жоспарлық шоғырлардың және жасыл-желек өңірінің орналасу қалпы сол күйінде қалдырылды. Екінші жоспарлау жобасындағы тың ұсыныстар:

а) Өзбек (кейін Сейфуллин даңғылы) көшесін Алматы I темір жол вокзалына дейін жеткізе отырып, солтүстік ауданды жоспарлау байланысын жасау;

ә) қаланың орталық бөлігін оның оңтүстік-батыс аудандарымен қатыстыратын төте жол түрінде Қарғалы тас жолын (кейін Жандосов көшесі) сақтау;

б) Қарғалы тас жолын Талғар жолымен байланыстыратын шығыс жарты шеңбер, Ташкент аллеясын Талғар тас жолымен байланыстыратын солтүстік жарты шеңбер сияқты айналма көлік жолдарын салу болды.

Негізгі жасыл-желекті Есентай және Кіші Алматы өзендері бойына орналастырып, осы өңірдегі тұрғын аудандарға тау самалының өзен аңғары бойымен соғып тұруы ескеріледі.

Қаланы ендік бағытта дамыту жоспарының композициялық өзегіне Төле би көшесі алынды. Екінші композициялық өзекке Фрунзе көшесі белгіленді. Бұл Үкімет Үйінің жаңа ғимаратын жан-жақты көрінімге шығару мақсатынан туған еді.

Жоспарлау жобасында қала орталығы солтүстікте – Ташкент аллеясы (кейін Райымбек даңғылы), шығыста – Кіші Алматы өзені, оңтүстікте – Бас арық, батыста – Есентай аңғары шекарасын қамтиды.

Жер сілкінісі жағдайын ескере отырып, құрылыстың қабат саны орталық аудандарда 3 қабатты, ал басқа өңірдегілері 1-2 қабатты болып белгіленеді.

Қаланың шет аймақтарында құрылыс салу ісі қаланың бұрынғы ескі жоспары негізінде жүргізіліп жатты.

Мысалы, батыс ауданды жоспарлау қарапайым әдіспен жүзеге асырылды: орталық ауданның ендік бағыттағы көшелерін ұзарта отырып, оған солтүстіктен оңтүстікке қарай шағын көшелер тартылды. Батыс өңірдің композициялық өзегіне қосарлы кең көше – 13-жол (кейін Гагарин даңғылы)

алынды. Гагарин даңғылының Төле би көшесімен қиылысынан завод алаңы жасалды.

50-жылдардың бас кезінде қаланың негізгі көшелері қалыптасып, архитектуралық-жоспарлау шоғырлары белгілі болды, ескі көшелер қайта салынып, жалпы абаттандыру ісінде бірқатар жұмыстар атқарылды.

Қала орталығы Гоголь көшесі, Достық даңғылы, Қабанбай батыр мен Наурызбай батыр көшелері ауданынан қалыптасты.

Қала жоспары композициясының негізгі өзегіне Абылай хан даңғылы мен Төле би көшесі алынды.

Абылай хан даңғылының солтүстігінде Алматы II темір жол вокзалы алаңынан басталып, оңтүстігінде Бас арыққа тіреледі.

Төле би көшесі шығысында Кіші Алматы өзенінен басталып, қаланы жарып өтеді де, батысында Тастақ ауылына ұласады.

Осы екі тас жол бойына ғимараттар арнайы ойластырылған жүйе бойынша емес, құрылыстан бос жерлерге салына берді.

Үшінші ірі тас жол – Райымбек даңғылы қаланың солтүстік-шығыс бөлігіндегі Кіші Алматы өзенінен басталып, қала орталығының солтүстік шекарасымен батысқа қарай Қаскелең елді мекенімен жалғасады.

Алматыдағы төртінші ірі тас жол Достық даңғылы қала орталығындағы 28 гвардия-панфиловшылар паркінен басталады да, тау бөктеріндегі тынығу аймағына барып тіреледі.

Осы кезеңдегі қаланың басты архитектуралық-жоспарлау шоғырлары – орталық, театр, вокзал, завод алаңдары қалыптасу деңгейінде болды.

Қала оңтүстік-батыс бағытта Тастақ ауылына, солтүстікте Түркісіб ауылына, ал оңтүстікте «Горный гигант» елді мекеніне қарай қанат жайды.

Қаланың қарқынды қанат жаюына байланысты Алматының үшінші бас жоспары жасалды.

Бұл бас жоспарды 1962-1963 жылдары «Ленгипро-гор» әзірледі (авторлары: сәу. Г.А. Бобович, сәу. Т.Қ. Бәсеновтың қатысуымен). Бас жоспар Алматы халқының 750 мыңға дейін өсуіне лайықталып, 20-25 жылға есептеліп жасалды.

Жоспар жобасы бойынша қаланы батыстағы ашық жерлерді пайдалану, бұрынғы аудандарды қайта салу, инженерлік сипаттамасы анықталғаннан кейін, жаңа шығыс өңір есебінен дамыту көзделді. Алматы қаласының архитектуралық-жоспарлау барысындағы қолайлы жағдайларды ескеріп, оны дамытумен бірге, қаланың бұрыннан жоспарлау барысында жіберілген қателіктерін біршама ретке келтіретін шаралар да қарастырылды. Тым ұсақ көшелер ірілендеріліп, қаланың негізгі аудандарын бір-бірімен еркін байланыстырып тұратын ірі тас жолдар салынды, қаланың қоғамдық орталығы дамып, әрі өзінің көкейге қонымды шешімін тапты.

Жоспарлау құрылымы жағынан қала төрт жоспарлау ауданына бөлінді. Олардың үшеуі Ташкент аллеясынан оңтүстікке қараған Орталық (Есентай өзенінен шығысқа қарай), Көрме (Есентай және Үлкен Алматы өзендері аралығы), Батыс (Үлкен Алматы өзенінен батысқа қарай) аудандарынан тұрды.

Төртіншісі – жер сілкінісі қаупі көбірек, бір қабат тұрғын үйлер молырақ шоғырланған Райымбек даңғылының төменгі жағындағы солтүстік аудан. Мұнымен бірге қаланың алдағы қанат жаюы ескеріліп, Талғар және Құлжа тас жолдары аралығындағы аймақ та шығыстағы болашақ жоспарлау ауданына жатқызылды.

1968 жылы Алматы орталығы жобасын жасау бәйгесі жарияланды. Осы бәйге қала орталығын нақты жоспарлау жобасын жасауға түрткі болды.

Алайда, 1963 жылы бекітілген қаланың бас жоспарының жобалау ісіндегі бірқатар жағдайлар өзгеріске түскен еді, мысалы, жоспар бойынша

халық саны 750 мыңға 1980 жылы жетуге тиіс деп есептелсе, қала халқы бұл санға 1970 жылы, яғни, он жыл бұрын жеткен болатын. Осы сияқты басқа да өзгерістерге байланысты 1970 жылы қаланың жаңа бас жоспарын жасау қолға алынды. Бас жоспар жобасын тұңғыш рет жергілікті жобалау мекемесі – Алматы қалаткомының «Алматықалжобами» мемлекеттік жобалау институты 13 мамандандырылған жобалау және ғылыми-зерттеу институттарын қатыстыра отырып жасаған еді. Қаланың 1990 жылға дейінгі даму мүмкіндігі ескерілген бұл жобаға Москва, Ленинград, Киев жобалау институттары атсалысты.

1978 жылы Қазақ ССР Министрлер Советі қаланың жаңа бас жоспарын (сәулетшілер В.Ш. Гершберг, А.К. Қапанов, В.Б. Игнатъев және т.б.) бекітті. Бұл жоспарда Алматының республиканың ірі саяси-әкімшілік, өнеркәсіп, ғылыми және мәдени орталығы ретінде одан әрі дамуы ескерілді. Сонымен бірге қаланың орталық бөлігінің, ірі жоспарлау және тұрғын аудандарының толық жете жоспарлау жобасы жасалып, бекітілді.

Жаңа бас жоспарда жоспарлау құрылымы, аймақтарды белгілеу, жалпы тұрғын үй құрылысын орналастыру, қызмет көрсету жүйелері, өнеркәсіп құрылысын реттеу, көліктің дамуы, инженерлік жабдықтау, көгалдандыру, тасқынға қарсы шаралар, шуға қарсы және ауа тазалығы жайындағы шараларды шешу қарастырылды. Сонымен бірге қаланың орталық бөлігі мен қоғамдық орталық жүйесін, архитектуралық-композициялық шоғырлар мен ансамбльдерді қалыптастыру сияқты қала құрылысы мәселелері де ескерілді. Тозығы жеткен бір қабат тұрғын үйлердің орнына жаңа тұрғын үй аудандарын салу қарастырылды. Бас жоспар бойынша қаланың батыс жағындағы бос жерлерді құрылыс салуға пайдалану да ойластырылды.

Бас жоспар жоспарлау құрылымында қаланың

орталық бөлігі қоғамдық орталық және жоспарлау орталықтары жүйесімен тығыз байланыста алынған басқа аудандар мен өндіріс аймақтары және демалыс орындарымен қолайлы көлік және жолаушылар байланысымен қамтамасыз етілген. Орталық атаулының бәріне шығыстан батысқа және солтүстіктен оңтүстікке бағытталған қаланың негізгі тас жолдарының «соғып өтуі» қарастырылған.

Қаланың жоспарлау құрылымы мен архитектуралық кеңістік көрнекі шешімін оның ең басты табиғат ерекшелігімен – Іле Алатауымен етене байланыста алу ескерілді.

Қаланың қоғамдық орталықтары жүйесінің негізгі композициялық өзегіне Желтоқсан және Фурманов көшелері аралығындағы Алматы II темір жол вокзалынан басталып, оңтүстікте тау бөктеріне тірелетін орталық эспланада, одан кейін Достық даңғылынан басталып, Абай даңғылымен бүкіл қала бойын қуалай тартатын жолақ алынды. Қаланың негізгі алаңдары мен архитектуралық-композициялық шоғырлары осы екі композициялық өзек бойына тізілді.

Қазіргі кезде ең ірі қоғамдық және әкімшілік ғимараттар солтүстіктен оңтүстікке бағытталған жолақ бойына шоғырландырылған. Абылай хан даңғылы бойына тізілген алаңдар жүйесі мен қала құрылысы шоғырлары осы жолақ бойында қалыптасып, одан әрі дамиды. Оған жататындар: Алматы II темір жол вокзалы алаңы, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры жанындағы Амангелді Иманов ескерткіші орнаған алаң. Үшінші алаң – бұрынғы Үкімет Үйі алдындағы алаң. Мұнда үлкен бау орналасқан. Одан жоғары оңтүстікке қарай созылған жолаққа «Алматы» қонақ үйі мен Абай атындағы опера және балет театры, Лермонтов атындағы орыс драма театры мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы орналасқан қала құрылысы шоғырлары ірге тепкен.

Қаланың бас жоспары жобасы бойынша орталық жолақ бойындағы архитектуралық-кеңістік композицияны тауға қарай дамыту көзделген. Оның Сәтбаев көшесімен қиылысынан жаңа орталық алаң салу белгіленді.

Қаладағы ең ірі тас жолдың бірінен саналатын Абай даңғылы бойына да осы сияқты композициялық шоғырлар тізбектей орналастырылды.

Абай даңғылы мен Достық даңғылы қиылысында Абай алаңы ансамблі құрылысы қалыптасты. Келесі ірі композициялық шоғыр Абай даңғылы мен Есентай өзені қиылысынан ірге көтерді. Абай даңғылы бойын қуалай Розыбақиев көшесінен «Сайран» тынығу аймағына дейін көз тартарлық қала құрылысы шоғырын, яғни, мұнда Көрме жоспарлау ауданының орталығын тұрғызу көзделді.

Бас жоспарда Абай даңғылымен бір бағытта орналасқан екі ірі тас жолы – Тимирязев пен Төле би көшелерін де қатар өрбітіп, олардың бойынан алаңдар мен композициялық шоғырлар ұйымдастыру көзделді. Тимирязев көшесін бойлай Қазақ ұлттық университеті көшені, бұрынғы Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі, Үлкен Алматы өзенімен қиылысында жоспарлау шоғыры және т.б. кешендер орналасты.

Бірқатар архитектуралық-композициялық шоғырлар Төле би даңғылының Есентай және Үлкен Алматы өзендерімен қиылысынан, ауыр машина заводы алдынан ірге көтерді.

Қаланың солтүстік бөлігінен мамандандырылған орталықтар қалыптастыру, ипподромды қайта салу, автодром ашу және Алматы I темір жол вокзалы алаңын қайта салу қарастырылды.

Солтүстік бағыттағы жер қыртысының жер сілкінісіне қауіптілігі, ал шығыс бағытта да саздауыт топырақ, әрі тау бөктері шоқыларының тиіп тұруы, оңтүстік бағыттан тынығу аймағы мен тау

сілемдерінің шектеліп жатуы негізгі құрылысты жер қыртысы сілкініске шыдамды оңтүстік-батыс жақтан салып, қаланы осы бағытта дамыту талабын қойды.

Егер соғыстан кейінгі жылдары қала орталығы Әкімшілік ғимараты орналасқан өңір болса, 70-жылдары қала құрылысының ең негізгі шоғырлары оңтүстік және оңтүстік-батысқа, Республика алаңы мен цирк және М.Әуезов атындағы Академиялық қазақ драма театры ғимараттары орналасқан жаққа қарай ығысты.

Алматы қаласының 2010 жылға дейінгі даму бас жоспарында қаланың батыс (Қалқаман аймағы), сондай-ақ, солтүстік (Бірінші май және Боралдай кеңшарларына қарай) бағытта қанат жаюы ескерілген.

Қоғам өміріндегі саяси және экономикалық күрт өзгерістер Алматының 2010 жылға дейінгі бекіген бас жоспарын қайта қарау және оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру қажеттігін туғызды. 1994-1995 жылдары «Алматыбасжоспар» АҚ қалаға іргелес жатқан елді мекендерді қамти отырып, халықты бөлек-бөлек топтастырған қаланың шеңберлі-радиусты жоспарлау құрылымын – Алматы қала құрылысы дамуының жаңа тұжырымын жасады. Қала құрылысы мен оны қайта салу ісі, оның жоспарлық құрылымының қалыптасуы мен дамуы бас жоспарларда бекітілген жобалау-жоспарлау құжаттары негізінде жүзеге асырылды. Қаланың бас жоспарына сәйкес оның орталық бөлігінің, жоспарлау аудандарының, тұрғын аудандардың, ірі тас жолдардың, тынығу аймақтарының толық, жете (ТЖЖЖ), ықшам аудандар мен қала тұрғын

аудандарының және қаланы көгалдандырудың жоспарлау жобасы жасалды.

Олардың қатарында Орталық аудан, Батыс жоспарлау ауданы, Солтүстік жоспарлау ауданы, қаланың оңтүстік-шығыс бөлігі толық, жете жоспарлау жобасы (ТЖЖЖ); «Көрме I», «Көрме 2», «Көктем», «Орбита», «Арман», «Таугүл», «Айнабұлақ», «Жұлдыз», «Алмагүл», «Қазақфильм», «Қарасу», «Ақсай», «Жетісу», «Мамыр», «Самал», Батыс, Жаңа батыс, ҰАК бойындағы тұрғын аудандар ТЖЖЖ-сы; Абай, Достық, Райымбек, Сейфуллин, Әл-Фараби даңғылдары, Төле би, Фурманов, Панфилов, Желтоқсан, Жібек жолы, Гоголь, Жансүгіров көшелері, аэропорт жолы секілді ірі тас жолдардың ТЖЖЖ-ы жасалды.

Оңтүстік тынығу аймағының толық, жете жоспарлау жобасы; Кіші Алматы өзені қойнауының «Медеуден» бастап, солтүстіктегі балық шаруашылығы тоспасына дейінгі рекреациялық аймақтарды ретке келтіру, осы өңірден қайық жарысы каналын жасау; Үлкен Алматы өзенінің тоғаннан «Сайран» тынығу аймағына дейінгі; Есентай өзенінің Әл-Фарабиден Райымбек даңғылына дейінгі қойнауы; Бутаков шатқалы бойындағы құрылыстардың ТЖЖЖ-ы; Көк жайлау, Көктөбе және т.б. ТЖЖЖ-ы; Мәдениет және демалыс паркін, Жеңіс паркін, гидропарктің, балалар паркі және басқа да парктердің, баулар мен бульварлардың қайта салу ТЖЖЖ-ы жасалынды.

Қаланы қайта салу, оның құрылыс ісі мен абаттандыру жұмысының сәтті іске асуының кепілі сапалы әзірленген жобалау-жоспарлау құжаты және қала салу тәртібін қадағалау еді.



## ҮШІНШІ ТАРАУ ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРЫНДАРЫ

Алматыда тұрғын үй құрылысы 1929 жылдан бастап жоспарлы түрде салына бастады. Осы тұста Түріксіб темір жолы жұмысшыларына арналған 2 қабат ағаш үйлер тұрғызылды. 30-жылдары қазіргі Жамбыл, Желтоқсан, Шевченко және Чайковский көшелерімен шектелген айналымнан 2 қабат тұрғын үйлер бой көтерді. Қаланың орталық бөлігінен тұрғын үйлер салына бастады. 1935-1937 жылдар аралығында 26 мектеп ғимараты пайдалануға берілді. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс ісінің өсуі біршама сапа мен абаттандыру шараларының жақсаруымен сипатталды. 30-жылдардың аяғында бірнеше құрылыс индустриясы мекемесі қатарға қосылды. 1941-1945 жылдары соғыс кезінде және одан кейінгі кезеңде құлдырап кеткен құрылыс қайта жандана бастады. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік тұрмыстық қызмет көрсету орындарын жаппай салу ісі қолға алынды. Қаланың қанат жайып, оның халық санының артуы тұрғын үй мұқтаждығын арттыра түсті. Тұрғын үй құрылысын салу қарқыны қала халқының өсу қарқынынан кем соғып отырды. 50-жылдардың ортасында қала халқының баспана мұқтаждығын біршама шешу мақсатымен қаланың солтүстік аймағынан бір қабатты қамыс қаңқалы

тұрғын үйлер салынды. Бұл үйлер мықтылығы мен тұрмысқа қолайлылығы жағынан қала тұрғын үйі талабына сай емес еді. Халық кейін бұл үйлерді «Хрущев үйлері» деп атап кетті. Тұрғын үй мәселесін шешу үшін басқадай шаралар қажет еді. Соның бірі кең ауқымды индустрияландыру және құрылыстың толассыз жүру әдісі болды. Бұл әдіс 50-жылдары іске қосылды. Тұрғын үй және тұрмыстық қызмет көрсету орындары құрылысы 264, 261-А, 275, 1-275-А, 1-308 сериялы жобамен кірпіштен салынған тұрғын үйлер және типтік жобамен салынған мектептер түрінде жүзеге асырылды. 1-308 серияның пәтері шағын: ас бөлмесі 6 м<sup>2</sup>-қа дейін, негізгі бөлмелері 12-17 м<sup>2</sup> мөлшерінде, кіре-берісі тар болып келді.

50-жылдардың аяғында Алматы үй құрылысы комбинаты типтік жоба бойынша әзірлеп шығарған 1-464-АС сериялы 4 қабат, 1-К3-464-АС және 1-К3-464-ДС сериялы ірі панельді 5 қабат құрастырмалы тұрғын үйлер кең етек алды. Ірі панельді тұрғын үйлердің типтік жобасын «Қазқалқұрылжоба» мемлекеттік жобалау институты әзірледі. Ірі панельді құрастырмалы тұрғын үйлер, негізінен, батыс өңірде көп салынды, 1959 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйдің 37% ірі панельді үй құрылысы

әдісімен тұрғызылды. 1960 жылдары ірі панельді үй құрылысы бүкіл қала бойынша салынған үйдің 65,4%-не жетті. Алматы үй құрылысы комбинаты (АҰҚК) 1956 жылы Басалматқықұрылыс қарамағынан құрылған республикадағы ең ірі құрылыс мекемелерінің бірі болып табылады. Оның құрамында 10 шаруашылық есептегі құрылыс-жөндеу басқармасы (құрылыс-монтаж конвейері де бар), жылына 240 мың текше метр құрастырмалы темір-бетон бұйымдарын шығаратын завод, кенге жатпайтын құрылыс шикізаттарын өңдеу заводы, автобаза және басқа қосалқы шаруашылықтар болды. АҰҚК жыл сайын өз қуатын арттырып отырды: 1961 жылы пайдалануға 58 278 шаршы метр, 1981 жылы 389 976 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл 1961 жылғыдан 6,6 есе артық еді. АҰҚК үй құрылысымен қатар, 1-КЗ-200-С типтік жобасы бойынша мектеп, балалар бақшасы мен яслилер де салды. 1981 жылы 1176 орындық мектеп, 3360 орындық мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі пайдалануға берілді. 80-жылдардың ортасында АҰҚК салған ірі панельді үй құрылысы жалпы қаладағы үй құрылысының 80%-на жетіп, жылына 400-500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп отырды.

Ірі панельді үй құрылысы баспана мұқтажығын тез арада шешуге біршама пайдасын тигізді. Алайда, типтік сериямен үнемдеу негізінде жобаланған бұл тұрғын үйлердің ішкі бөлмелері тым ұядай тар болып келсе, мәрмәр ұнтағымен әрленген қасбеті де көзге тым сұрғылт көрінетін еді. Ол кезде тұрғын үйдің әрбір шаршы метрін арзанға түсіру құпталатын. Сол мақсатта үйдің ішкі әрлеу жұмысы да оған жұмсалатын материал саясатына бағындырылатын.

ҚНМЕ (СНиП) АҰҚК ірі панельді тұрғын үйлеріне жұмсалатын материалдар мен қаржыға қатаң шектеу қойды. Бір текті жұтаң үйлердің жыпырлай салы-

нуы бір-бірінен айырмашылығы жоқ сүреңсіз шағын аудандардың тууына әкеп соқтырды.

60-жылдардың аяқ кезінде, Алматы құрылысын жаңадан және қайта салу мәселесі көтерілгенде, ең алдымен, қала орталығын және оның басты тас жолдарын жақсарту көзделді. Осы кезеңде қала орталығында тозығы жеткен бір қабат үйлер көп еді. Орталықтың солтүстік бөлігі Гоголь мен Мақатаев көшелерінен солтүстікке қарай Райымбек даңғылына дейін, батысында Есентай өзені мен шығысында Ильич көшесі аралығын қамтыған өңірден (Ц-1, Ц-6 шағын аудандары) бұрынғыдан гөрі сырт пішіні мен аула өңірі жақсартылған ірі панельді 5 қабат тұрғын үйлер тұрғызу ісі қолға алынды. Мұнымен қоса ірі тас жолдардың бойында арнайы жобамен 3-4-5 қабат тұрғын үйлер бой көтерді. Қала 70-жылдардың бас кезінде жедел қарқынмен дамыды. Тұрғын үйлер мен мектеп, балалар бақшасының басым көпшілігі осы кезеңде салынды.

60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың бас кезінде кереге қаңқа панельді көп пәтерлі 9 қабат үш тұрғын үй бой көтерді. Оның біреуі Абылай хан даңғылы бойындағы Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының оңтүстігіне қарай ірге тікті.

Осы жылдары «Алматықалжобами» жобалау институты көп пәтерлі қаңқа панельді 9 қабат тұрғын үй жобасын жасап, оның бірінші қабатына сауда және тұрмыстық қызмет көрсету орындары (Гоголь және Фурманов көшелері қиылысында, сәу. Ю.Б. Туманян және т.б.) орналасты (қаңқасы болаттан).

«Қазмемқұрылжоба» мемлекеттік бас жобалау институты 70-жылдардың бас кезінде 69-сериялы ірі панельді 5 қабат тұрғын үйлердің типтік жобасын жасады. Бұл үйдің жоспарлау шешімі 1-464-АС сериялы үйлерден әлдеқайда жақсартылды. Бұл үйлердің ені 9 метрдей ғана болғандықтан,

1 гектар жерге пәтер салу мөлшері азайып кетті, сондықтан оны өндірістен алып тастауға тура келді. 70-жылдары «ЦНИИЭП жилища» Орталық ғылыми-зерттеу және жобалау институтының (Москва) жобасымен Алматыда бірінші рет Байсейітова мен Құрманғазы көшелерінің қиылысынан Э-147 сериялы ірі панельді сынақтық 8 қабатты тұрғын үй салынды. Нақты сынақ бұл үйдің қабат санын тоғызға жеткізуге болатындығын көрсетті, Кейін «Алматықалжобами» институты осы жоба негізінде «158»-шифермен белгіленген ірі панельді 9 қабат тұрғын үй типтік жобасының жұмысшы сызбаларын әзірледі. Ақырында осы серия бұйымдары негізінде шағын отбасыларға арналған 5 қабат тұрғын үйлер мен жатақханалар жобасы жасалды.

Ірі панельді «158» сериялы 9 қабат тұрғын үйлерінің жоспарлау шешімі біршама жақсартылды. Мұнда 1-КЗ-464-ДС сериялы ірі панельді үйге қарағанда, бөлмелері (13 м<sup>2</sup> – 18 м<sup>2</sup>) мен қосалқы қалтарыстары кеңірек жасалды. Кіреберіс пен дәліз кеңейтіліп, ас үй 8 шаршы метрге жетті.

Алматыда бірталай жылға дейін балалар бақшасы мен жалпы білім беру мектептерінің 2-КЗ-200С сериялы қаңқа панельді жобасы қолданылып келді. 1968 жылы «Алматықалжобами» институты осы серия бұйымдары негізінде 1176 оқушыға арналған жалпы білім беру мектебі мен 320 орындық балабақшаның бірнеше рет қайта пайдалануға болатын жобасын әзірледі.

1971-1975 жылдары жаппай үй құрылысын салу қаланың батыс жағындағы «Көктем-1», «Көктем-2» және «Орбита» аудандарында жүргізілді.

Қаланың орталық бөлігінен кешенді құрылыс салу, ірі көшелер мен тас жолдардың бойын қайта құру (Фурманов, Желтоқсан, Жібек жолы, Гоголь көшелері, Абай, Райымбек, Сейфуллин даңғылдары, Райымбек даңғылынан аэропортқа дейін баратын тас жол және т.б.) қолға алынды.

Осы жылдары ірі панельді тұрғын үйлерден басқа 70-сериялы кереге қаңқалы кірпіш үйлер де салынды. Ал орталықтағы белгілі тас жолдардың бойынан 5 қабат ВТ-20 типті кереге қаңқалы кірпіш тұрғын үйлер бой көтерді. Бұл үйлердің қаңқа қарымы 6 х 4 м болып, пәтер жоспары жақсы жасалған. Мұндағы қонақ бөлменің ауданы 21-22 м<sup>2</sup>, жатын бөлме – 16 м<sup>2</sup>, ас үй – 9 м<sup>2</sup>. Бұдан кейін Вт-21, Вт-22, Вт-23, Вт-24, ВП сериялы, қаңқа қарымы біршама азайтылған (5,4 х 3,6 м) тұрғын үйлер типі енгізілді. Осыған орай оның пәтер ауданы да азайды (қонақ бөлме – 19 м<sup>2</sup>, жатын бөлме – 14 м<sup>2</sup>, ас үй – 8 м<sup>2</sup>).

Мысалы, Фурманов көшесі бойын қайта салу кезінде ВТ-21 типтік жоба негізінде архитектуралық жобалау шешімі жақсартылған 5 қабат тұрғын үйлер бой көтерді. Оған Фурманов пен Сәтбаев көшелері қиылысындағы бірінші қабатында «Мұқит» дүкені және басқа сауда орындары орналасқан тұрғын үй, Фурманов көшесінің шығысына қарай Шевченко мен Құрманғазы көшелері аралығындағы тұрғын үй, Фурманов пен Шевченко көшелері қиылысындағы бірінші қабатқа «Беташар» дүкені мен басқа да сауда орындары орналасқан тұрғын үй, Фурманов пен Гоголь көшелері қиылысындағы «Москва» дүкені бар тұрғын үй жатады.

«Алматықалжобами» институты әзірлеген жоба бойынша Горький (кейінгі Жібек жолы көшесі) көшесінің бойынан (Фрунзе және Пушкин көшелері аралығы) қаңқа панельді 9 қабат тұрғын үйлер (СЖКУ-9 конструкциясымен) бой көтеріп, оның астыңғы қабатына сауда және тұрмыстық қызмет көрсету орындары орналастырылды.

Фурманов және Жібек жолы көшелері бойындағы 5 және 9 қабат тұрғын үйлер сапалы жергілікті материалдармен әрленді. Астыңғы тұғыр қабат гранит және мәрмәр сияқты табиғи тастармен, үй

қабырғасы құм-цементті немесе ұлутас тақта тастармен қапталды.

1976-1980 жылдары жаппай тұрғын үй құрылысы мен мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету құрылысын салу Есентай өзенінен әрі қарай бірталай жерге қанат жайды. Бұл жаңа құрылыс Абай даңғылы мен Төле би көшесі аралығындағы, Тимирязев көшесінің оңтүстігіндегі бір қабат ескі үйлердің орнына салынды.

Қамыс-қарағай қабырғалы немесе тұрғын үйлер айналымдары ірге тепті. Тұрғын үй құрылысы ісінде көп қабатты үйлер (9-12 қабат) де қатар салынды, ол жалпы құрылыс көлемінің 30 процентін қамтыды.

Мұнымен бірге қаланың солтүстік-батыс, батыс аймағындағы бос жерлерді игеру қолға алынып, «Айнабұлақ», «Ақсай» және т.б. тұрғын аудандары ірге көтере бастады.

Осы жылдары тұрғын үйлер, балалар бақшасы, мектептер мен басқа да қызмет көрсету орындары жобаларының басым көпшілігі типтік және қайталап қолданбалы жоба негізінде жасалды. Қаланың орталық бөлігі мен ірі тас жолдары бойына ВТ-21, ВТ-22 типті 5 қабат тұрғын үйлер салынды, олардың бірінші қабатында әдеттегідей қызмет көрсету орындары орналасты. Әйтеке би көшесінің бойынан Төлебаев және Қонаев көшелері аралығынан тұтас құйма, 12 қабат тұрғын үй бой көтерді.

1981-85 жылдары қала құрылысы бос өңірлерге, сондай-ақ, тозығы жеткен ескі үйлер орнына салынды. Құрылыстың қауырт жүрген өңірі «Көрме 1», «Көрме 2», Тастақ 1, 2, 3, «Арман», «Таугүл», «Алмагүл», «Қарасу» және құрылыс салынбаған «Айнабұлақ», «Ақсай», «Орбита», «Қазақфильм» аудандары болды.

Тұрғын үй құрылысы 158-сериялы 5-9 қабатты ірі панельді, қасбеті біршама жақсартылған үлгі бойынша салынды.

Алайда, жаппай тұрғын үй құрылысының біртекті, сүреңсіз көрінуі қала халқының, әсіресе, тәжірибелі сәулетшілердің наразылығын туғызған еді. Осыған орай 80-жылдардың басында 158-сериялы (5-9 қабат тұрғын үйлер бойынша), сондай-ақ 1-КЗ-464-ДС сериялы (5 қабат тұрғын үйлер бойынша) ірі панельді үйлер қасбетінің архитектуралық шешімін жақсартуға бағытталған, қаланың және республиканың жетекші жобалау мекемелері арасында бірнеше бәйге өткізілді. Әрбір серия бойынша қасбет архитектуралық шешімінің бірнеше варианты жасалып, солардың ішіндегі ең тәуір дегені сұрыпталып алынып, Алматы үй құрылысы комбинаты арқылы ірі панельді тұрғын үй құрылысын салу барысында қолданылды. Соның нәтижесінде 158-сериялы ірі панельді 9 қабат тұрғын үйлері сырт пішіні жағынан көз тоқтатарлық болып шығып, олар ірі тас жолдар мен қала құрылысының маңызды бөлігінен ірге көтерді.

Мысалы, қаладағы ең ірі тас жолдардың бірінен саналатын Төле би көшесі бойынан осы 158-сериялы ірі панельді 9 қабат тұрғын үйлердің тартымды түрлері ірге көтерді. Мұнда жебе формалы лоджия аркасы, жоғарғы үш қабатқа балкон, қоңыр қошқыл түске үшкіл элементтер және т.б. үлгілер салу сияқты ұтымды шешімдер қолданылды. Жебе формалы лоджия аркасы бар осындай 9 қабат тұрғын үйлер – айналма тас жол – Сайын көшесінің бойында да орын тепті. Жоғарғы 3 қабатында балконы бар, бітеу қабырғасына архитектуралық ескерткіштер суреті салынған осындай 9 қабат үйлер «Мамыр» тұрғын ауданынан ірге тепті. Осы ауданда қасбетті көгілдір-көк теңбіл түске бояу арқылы әрлеу әдісі қолданылды. 158-сериялы ірі панельді үй құрылысы қасбетінің түрлі варианттарын «Отырар» жастар тұрғын кешенін салу барысында және басқа учаскедегі құрылыстарды тұрғызуда кеңінен

қолданылды. 1960 жылдары салынған қаланың батыс бөлігіндегі ықшам аудандар сол кезде баспана мұқтаждығын шешуде белгілі бір роль атқарғанымен, 1-464-АС және басқа сериялы ірі панельді тұрғын үйлер ХХ ғасырдың аяқ кезіндегі талапқа пәтерінің жоспарлану шешімі, үйдің сырт көрінісі жағынан сай келмейтін еді. Мысалы, осы айтылған пәтерлердің ас үйі 6 м<sup>2</sup> ғана болды. Бір адамға 9 м<sup>2</sup> тұрғын аудан жеткілікті деп есептеліп, жаңа үйге кірерде бір кісіге 6 м<sup>2</sup> мөлшерімен есептелді. Соның салдарынан қонақ бөлме 17 м<sup>2</sup>, жатын бөлме 12 м<sup>2</sup>, туалет пен ванна біріктірілген болып келді. Бұл бірнеше адамы бар отбасына мүлде қолайсыз еді.

90-жылдардың орта кезінде, Алматы қаласында дүниежүзілік қалып деңгейіндегі қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар бой көтерген шақта, жоғарыда айтылған ықшам аудандар мүлде сүреңсіз әрі парықсыз көрінетін болды. Бұл өңірдегі ірі панельді тұрғын үйлер мезгіл және беріктік мерзімі жағынан әбден тозды, ендігі жерде оларды қайта салу, мықтау жұмыстарын жүргізу немесе құлату мәселесі күн тәртібінен орын алды.

Алматыда түгелдей құрастырмалы ірі панельді тұрғын үйлерден басқа әртүрлі құрылымдық шешіммен арнайы немесе қайталамалы жоба бойынша жасалған 5, 7, 9, 12 қабат тұрғын үйлер де салынды. 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың бас кезінде Ленин даңғылы (кейін Достық даңғылы) бойын қайта салу және тың құрылыстар тұрғызу ісі жүргізілді. Даңғылдың шығыс жағынан металл қаңқалы, аспа панельді, панель сырты ұсақ қыш тақталармен нақышталған («кілем өрнек» деп аталған) 9 қабат тұрғын үйлер бой көтерді. Тұрғын үйлер қасбетінде шілтер ырғақпен орнатылған балконды, көшеден кейінірек қойнау қуысты болып келуі, бірінші қабатында қызмет көрсету орындарының орналасып, оның көшеге қараған

жағы гранит басқышпен, іргетас түбі гүлзарлар және хауыздармен көмкерілуі бұл үйлерді көріктендіре түседі. Достық даңғылы бойындағы тұрғын үйлер Алматының көрікті бөлігі саналады. Даңғылдың батыс жағынан тұтас құйма әдіспен 12 қабат үш тұрғын үй бой көтерді.

1982 жылдан «Самал» ауданы салына бастады. Бұл қаланың орталық бөлігінің жоспарлық құрылымы мен архитектуралық келбетін қалыптастыруда елеулі орын алатын құрылыс болып саналады. Аудан республикалық орталық кіндігіне іргелес және қаланың орталық алаңы – Республика алаңына жақын орналасқан.

Қалада тұтас құйма әдіспен құрылыс салу ісі дамып келеді. «Самал» ауданында «Клипс» типті үлкен қалыппен құйылған 12 қабат, «Самал» типті модульді үлкен қалыппен 14 қабат тұрғын үйлер тұрғызылды. Мұнда арнайы жоба бойынша қоғамдық-сауда орталықтары, 140 және 280 орындық бала бақшалары, 33 және 44 кластық жалпы білім беру мектептері ірге көтерді. 3 ықшам ауданнан тұратын тұрғын ауданда сауда және тұрмыстық қызмет көрсету орындарының барлық түрі қарастырылған.

1983 жылы «Алматықалжобами» институты әзірлеген толық жете жоспарлау жобасына сәйкес Төле би көшесі бойында қасбетінің архитектуралық шешімі біршама жақсартылған 158-сериялы ірі панельді 9 қабат тұрғын үйлер салу ісі қолға алынды.

80-жылдардың бірінші жартысында «Жұлдыз», «Сайран» сияқты ірі тұрғын аудандар салынып, Алау орталық ауданының оңтүстік бөлігінің толық жете жоспарлау жобасы әзірленді. Алматының тұрғын аудандары территориялық жағынан топтастырылып, бір қоғамдық-сауда орталығына, тұрмыстық қызмет көрсету шеңберіне біріктірілген ықшам аудандар түрінде болып келеді.

1978 жылы бекітілген қаланы дамытудың

төртінші бас жоспарына сәйкес қала территориясы 4 жоспарлау ауданы құрамына кіретін 17 тұрғын ауданнан тұрады. 1960-1980 жылдары аралығында Алматыда «Батыс», «Көрме 1», «Көрме 2», «Орталық», «Көктем 1», «Көктем 2», «Орбита», «Арман», «Таугүл», «Айнабұлақ», «Жұлдыз», «Алмагүл», «Қазақфильм», «Қарасу», «Ақсай», «Жетісу», «Мамыр», «Самал» және т.б. тұрғын аудандар бой көтерді.

Тұрғын аудандар мен ықшам аудандардың толық жете жоспарлау және салу жобасын әзірлеуге В.А. Дрейман, В.Б. Игнатъев, А.В. Веденеев, В.П. Афана-сьева, А.П. Соколов, Ю.Н. Романова, Е.И. Бессмерт-ная, В.Ш. Гершберг, А.К. Қапанов, Н.Қ. Қойшыбеков, С.Қ. Баймағамбетов, Ш.Е. Нысанбаев, А.А. Маме-тов, Л.В. Нысанбаева, Т.Қ. Әбуғалиев, С.А. Ахметов, С.Б. Баиров, С.Е. Жүнісов, С.А. Хаиров, Н.С. Тоқаев және т.б. сәулетшілер атсалысты.

80-жылдардың ортасынан бастап қалада тығыз орналасқан жатаған үйлер (2-3 қабат, 4 қабаттан аспайтын) жобасын енгізу қарастырылды. Мұндай тығыз орналасқан жатаған үйлердің, толық жете жо-спарлау жобасы жасалып, Райымбек даңғылының

оңтүстігінен, автовокзалдың шығысына қарай салу көзделді. Бұл жоспардағы негізгі жобалау шешімі көп бөлмелі тұрғын үй ұяларын ортадағы аула алаңын қоршай орнатып, пәтерлерді бірнеше буынның өмір сүруіне лайықтап (ата мен әже, әке-шеше, балалар мен немерелер сияқты) әртүрлі деңгейде орналасты-ру болып табылады. Тұрғын ұяларды қатарлай ор-наластыру үй салу тығыздығын ұтымды қолдануға мүмкіндік беретіні рас, алайда бұл жоба дайындығын іске асыру әлі қолға алынған жоқ.

1988 жылдан бастап Үлкен Алматы каналының оңтүстігінен, Шемякин көшесінен шығысқа қарай бірқатар 2 қабат тұрғын үй ауданы («Атырау» тұрғын ауданы) ірге көтерді.

Осы жылдары бөлме саны, қабаты, құрылымдық шешімі, қабырға материалы мен әрлеу жұмысы жағынан әр түрлі болып келетін жеке меншік тұрғын үйлер жобасы іске асырылды. Қала шетінен коттед-ждер салу етек алды.

Қаланың солтүстік-шығыс бөлігіндегі кең алқаптан жеке меншік үйлер салу қолға алынды. Осы маңнан «Шаңырақ», «Алтын бесік», «Кереге» және т.б. тұрғын аудандар ірге тікті.



## ТӨРТІНШІ ТАРАУ ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАР АРХИТЕКТУРАСЫ

30-жылдардың бірінші жартысындағы ірі қоғамдық ғимараттар қатарына Республика Үкімет Үйі, Түркістан-Сібір темір жолы басқармасы, Бас байланыс үйі, Ішкі істер министрлігінің әкімшілік ғимараты және т.б. жатады.

Бұл ғимараттар конструктивизм үлгісінде салынған. 30-жылдардың ортасында конструк-тивизмнен классика үлгісіне қарай ден қойған ғимараттар бой көтерді. Олар: Министрліктер үйі, «Алатау» кинотеатры, Мәдениет үйі, Мембанк кеңсесі және т.б. орындар. Осы ғимараттардан кейін Республика совхоздары министрлігі, қалатком, Тамақ өнеркәсібі министрлігі мен Қаржы министрлігі ғимараттары салынды. Классика үлгісі дәстүрімен салынған ірі ғимарат Алматы II теміржол вокзалы ғимараты (1939, орталық бөлігі мен шығыс қанаты) болып табылады. Алматыдағы қоғамдық ғимараттар қатарынан көптеген орта мектептер, техникумдар мен жоғары оқу орындары ғимараттары елеулі орын алды.

1941 жылы қараша айында Абай атындағы Опера және балет театры ғимараты салынып бітті. Оның архитектуралық шешімінен тұңғыш рет ұлттық сәулет өнері иірімдеріне ден қою, жаңа ізденістер байқалады.

1958 жылы осындай тағы екі ірі ғимарат бой

көтерді. Біріншісі – академик-сәулетші А.В. Щу-сев жобасымен салынған Қазақстан Республика-сы Ұлттық Ғылым Академиясының бас ғимараты. А.В. Щусев ғимарат жобасын жасау кезінде әр халықтың өзіне тән ұлттық өрнек-нақыштарын клас-сика үлгісімен үндестіре отырып, ғимаратқа қазақ ұлттық өнерінің ұтымды үлгілерін кеңінен пайдала-на білді. Бұл ғимарат қазақ сәулет өнеріндегі ұлттық ізденістерге ден қоюдың айқын үлгісінен саналды. Екіншісі – ең ірі ғимарат – Республика Үкімет Үйі. Бұл ғимараттардың архитектуралық шешіміне де классика үлгісі мен ұлттық өнер ырғақтарын аста-стыра қолдану әдісі алынды.

1958 жылы республикалық Орталық стадион кешені бой көтерді. 50-жылдардың аяғы мен 60-жыл-дарда бірқатар қоғамдық ғимараттар ірге көтерді. Олардың қатарында: Облыстық саяси оқу үйінің бірінші ғимараты, орталық әмбебап дүкен, «Ала-тау» және «Целинный» кинотеатрлары, «Жетісу» қонақүйі, «Балалар әлемі», «Алматы» мейрамха-насы, М. Лермонтов атындағы Академиялық орыс драма театры, 11 қабат Советтер үйі (кейін Алматы облысының әкімшілігі), Спорт сарайы, «Арман» ки-нотеатры,

Қазақстан ЛКЖО Орталық комитеті (кейін әкімшілік-қызмет ғимараты) және т.б. ғимараттар.

1978–1982 жылдары Әл-Фараби атындағы Ұлттық мемлекеттік университетінің оқу корпусы салынып бітті. «Отырар» қонақ үйі (1981), орталық автовокзал, Алматы I теміржол вокзалы (1975) және т.б. орындар пайдалануға берілді.

1970 жылы басталып, 1980 жылы аяқталған архитектуралық-көркемдік шешімі ерекше көз тартарлық бірқатар ғимараттар қала келбетін көркейте түсті.

Осы кезеңде тұрғызылған ірі ғимараттар сипаттамасына тоқтала кетелік.

### РЕСПУБЛИКА АЛАҢЫ ҚҰРЫЛЫС АНСАМБЛІ

Республика алаңы – Алматы қаласының көпшілік, салтанатты шерулері, спорт мерекелері, әскери шерулер және т.б. шаралар өткізіліп тұратын басты алаңы.

Алаң Сәтбаев көшесі өзегіне, Фурманов пен Желтоқсан көшелері аралығына орналасқан. Алаңның орталық бөлігінің солтүстік беткейі Байсейітова көшесіне қарай 45 градусқа бүйірленіп кеңейтіле түскен. Оңтүстік жағы ансамбльдің басты бөлшегі Президент Сарайы тұғырына ұласады. Президент Сарайы тұғыры (мығы) негізгі алаң мен мінбардан біршама әрірек салынып, тау көрінісімен жарастық тапқан. Алаң солтүстік жағынан екі әкімшілік-қызмет ғимараты және 16 қабат екі тұрғын үймен көмкерілген. Алаңдағы композициялық қазық және басты құрылыс – Қазақстан Республикасының Президент Сарайы. Ол биік астыңғы мық – текпішекті төсектас үстіне салынған, сондықтан да еңсесі биіктеп, алаңдағы басқа құрылыстардан оқшаулана түскен.

Сарай қасбеті сәулеті қомақты да қарапайым пи-

лондар жүйесін қайталау арқылы шешімін тапқан. Әкімшілік-қызмет ғимараты (солтүстік жағы) сәулеті қатаң да жинақы үлгіде тұрғызылған. Қасбеттері шығынқы орналасқан ауқымды пилондар жүйесіне бөлініп, бірінің үстіне бірі иек арта орналасқан күнқағарлармен нақышталған. Ғимараттың төменгі белдеуіне биіктігі 3 қабат мөлшеріндегі аркада орнатылған. Аркада ақ мәрмәрмен қапталып, күнқағарлар мен қабырға жазығы суға ерімейтін ақсырмен сырланған. Төменгі тұғыр қабат типылданған гранит тақта тасымен әрленген. Ғимарат керегесі құрастырмалы темір-бетоннан тұрғызылып, қабырғасы аспалы керамзит-бетон панельдерден салынған. Сәтбаев көшесінің солтүстік, Байсейітова көшесімен қиылысар тұсында алаңға барар жолдың қос босағасына 16 қабат екі тұрғын үй орнатылған. Бұл үйлер жоспары күрделі және олар жоғарғы зәулім және екі қабатты тұғыр көлемнен құралған. Астыңғы екі қабатта – кітап дүкені, ал жоғарғы қабаттар – тұрғын пәтерлер. 16 қабат тұрғын үйлердің негізгі конструкциялық ерекшелігі – жер сілкінісіне төзімді тұтас «беріктік» кіндігіне бағындырылып салынуы. Ғимарат керегесі металдан тұрғызылған. Әр үй 72 пәтерге есептелген.

Алаңның Президент Сарайы ғимаратына ұласар тұсында үкімет және қонақтар мінбары орналасқан.

Алаң өңірі түгелдей абаттандырылып, жасыл-желекке бөлендірілген. Президент Сарайының қос қапталында (шығыс және батыс) хауызды баулар бар.

*Алаң құрылысы кешені пайдалануға 1980 жылы берілді.*

*Алаң құрылысы ансамблінің авторлары: сәулетшілер – А.К. Қапанов, Қ.Ж. Монтақаев, М.П. Павлов, Р.А. Сейдалин, Ю.Б. Туманян, инженер К.Қ. Нұрмақовқа 1982 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.*

### ПРЕЗИДЕНТ САРАЙЫ

Ғимарат Сәтбаев көшесінен оңтүстікке қарай Фурманов пен Желтоқсан көшелерінің аралығына орналасқан. Биік астыңғы мық текпішекті төсектас үстіне салынған бұл ғимарат алаң ансамбліндегі басқа құрылыстан оқшау көрінеді. Ғимарат қасбеті солтүстікке қараған. Оған келетін жаяу жолдар мен көлік қатынасы бұрылыстары текпішекті әсем басқыштар және пандустармен, жасыл-желекті бау, көгалды гүлзарлармен айшықталған. Қасбетінің архитектуралық шешіміне ауқымды да қарапайым пилондар жүйесін қайталап қолдану және ырғақты ұласым әдісімен негізгі кіреберіс бөлігін оқшалай отырып тұтас басқұрмен біріктіру тәсілі алынған. Ғимараттың оңтүстік қасбеті сегіз қырлы пленум залы көлемін оқшаулай отырып, өтпелі галерея арқылы қызмет павильондарымен жалғасқан үш бөлікті құрылым түрінде шешімін тапқан. Ғимараттың жалпы жобасы төрткүлденіп келген, ішкі аула, 6 қабатты үш павильон, 2 қабатты екі павильон мен мәжіліс залынан тұрады.

Қызмет бөлмелерін орналастыруда тұзара жүйесі негізге алынған. Негізгі павильонның үлкен дәлізі еңселі үлкен зал түрінде салынған, одан жоғары тартылған басқыш, екінші қабаттағы мәжіліс залы дәлізіне апарады. 600 орындық мәжіліс залының жалпы жобасы шеңберленіп келген де, төбесі аспалы күмбезбен жабылған.

Дәліз, кең кіреберіс пен зал сәулеті тұтас темір-бетон құрылым арқылы шешілген. Алты қабат қызмет бөлмелері павильондары құрастырмалы темір-бетон құрылым арқылы өтетіндей қуыс қалдырылып, ірі керамзит панельдерінен жасалған. Барлық бөлмелер тұрақты қондырғы арқылы желдетіліп тұрады. Ғимаратты әрлеу ісіне мәрмәр, ұлутас, тас сылақ қолданылған. Тұғыр бөлігі типылданған гранит және

«бұйра сылаққа» ұқсас бедерлі гранит тақталарымен қапталған.

*Құрылыс мерзімі – 1976-1980 жылдар. Жоба авторлары: сәулетшілер – Қ.Ж. Монтақаев, А.К. Қапанов, М.П. Павлов; конструкторлар – К.Қ. Нұрмақов, М.Д. Горохов, Б.И. Вагайцев және т.б.*

### ПРЕЗИДЕНТ РЕЗИДЕНЦИЯСЫ

Ғимарат Алматы қаласының орталық бөлігінің өзек түйіні болып табылатын Республика алаңы құрылыс кешенінің ансамбліне кіріп, осы алаңның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Республика алаңындағы құрылыстар Президент Резиденциясы сияқты көгалға бай, ашық алаңда, Алатаудың қарлы шыңдарының аясында орналасқан. Президент Резиденциясы ғимаратының басты қасбеті солтүстікке қараған. Алаң жағында декоративті фонтан және бассейн каскады түрінде Резиденция ғимаратына апаратын эспланада ұйымдастырылған.

Қасбеттің архитектурасы монументалды үлгіде, жазық өрнекті қабырғалар, үйлесімді бөлшектер және тік пилондар арқылы қалыптасқан. Ғимараттың архитектуралық шешімі – ұлттық дәстүрге үйлесімді түр-түсінің салтанаттылығын, ғимараттың ішкі көрінісінің қанық түсін бейнелеп, ұлттық дәстүрді ескере отырып, сәулет өнерінде қазіргі заманғы ағыммен үндесуінде.

Басты дәліз үлкен еңселі холл түрінде салынған, 2-қабат кіреберісі дөңгелек баспалдақ басқыштарымен көз тартады.

Ресми шаралар өткізуге арналған арнайы залдар мен бөлмелер бар – Алтын зал – сенім грамоталары залы, Күміс зал – ресми делегацияларды қабылдау залы, Президенттің кеңес залы, Камин залы және басқалар.

Ғимараттың бұрыштық пилондары біртұтас темір-бетон колонналары бар, қалыңдығы 35 см, біртұтас керамзит-бетоннан жылжыма қалыппен жасалған. Негізгі салмақты ұстап тұратын қаңқасы біртұтас темір-бетон колонналары түрінде жасалған. Үшінші және төртінші қабаттар деңгейіндегі жабындылар үлкен аралықтағы темір арқалықтардан жасалған. Төбелері үлкен аралықтағы темір фермалармен жабылған. Ғимарат қасбеті жылтыр, ашық түсті мәрмәр плиткалармен қапталған, төменгі қабаты жылтыр гранит тақтатасымен әрленген, сырты айналы әйнек пакеттерімен шыныланған.

*Ғимарат құрылысы 1995 жылы аяқталды. Авторлары: жобаның бас сәулетшісі Қ.Ж. Монтақаев, сәулетшілер – С.Қ. Баймағамбетов, О.Е. Цай; жобаның бас конструкторы Т.Ч. Алтысбаев, дизайнер Де Шанель. Мердігер – «Буиг» фирмасы (Франция).*

## РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ

Республика сарайы түрлі форумдар, салтанатты мәжілістер, концерттер, фестивальдар мен басқа да мерекелік, мәдени шаралар өткізуге арналған. Сарайда 3000 орындық зал, сондай-ақ банкет, дайындық залдары, қонақ, делегация қабылдау бөлмелері бар.

Сарай Достық және Абай даңғылдары қиылысында орналасқан. Оның оңтүстігінен Алатаудың қарлы шыңдары, қарсы алдында хауызды кең алаңқай, гүлзарлы бау, шығысынан тау шоқылары қоршай орналасып, ғимаратқа салтанатты көрік беріп тұрады. Республика сарайы Алматы сәулетшілері мен құрылысшыларының жоғары шеберлігін білдіретін архитектуралық туынды болып табылады. Ғимаратты салу ісіне сапалы құрылыс және әрлеу материалдары пайдаланылды.

Ғимарат қасбетіне оралдық ақ мәрмәрмен қапталған күнкағар қалақшалар тартылған. Қалған бүйір беттері маңғыстау ұлутасымен қапталған. Ғимарат алдынан балқаштың көк-жасыл гранитынан 100 метрлік кең басқыш орнатылған. Көрермендер осы басқыш арқылы бірден негізгі кең дәлізге өте алады.

Ғимараттың ішкі еңсесі тартымды етіп жасалған. Астыңғы тұғыр қабат деңгейіндегі кіреберісте 2000 және 1000 орындық киімдік орналасқан. Ұсақ-түйек сататын ләуке, телефон-автоматтар да осы тұста.

Кіреберістің едені ақ және қызыл мәрмәрдан төселген. Кіреберістен мәрмәр басқыш арқылы көрермендер кең дәлізге көтеріледі. Дәліз көрермендер залы, аралық және жоғарғы үш деңгейде орналасқан, оның жоғарғы деңгейінде буфет бар. Дәліз кеңістігіне алюминийден пирамида үлгісінде бедер түсіріп жапқан төбе мен чех шынысынан жасалған алып люстра сән беріп тұр.

Көрермендер залына кең сегіз есік арқылы кіруге болады. Сахна залдың қай бұрышынан болмасын өте жақсы көрінеді. Сахна порталының ішкі жақтауын сырғыту арқылы қажетінше кішірейтуге (32 метрден 24 метрге дейін) болады. Зал балконсыз бір ғана амфитеатр түрінде жасалған. Оның еңсесі ақ түске боялған алюминий жолақтарымен нақышталып, осынау тұтас жолақтардың ара-арасына жарық қондырғылары орнатылған, еденіне дыбыс сіңіріп алатын кілем төселген. Залдың жалпы ауданы – 2050 м<sup>2</sup>, сахнасы – 48 x 18 метр.

Негізгі салмақ көтеріп тұрған конструкция 54 x 34 м тұтас темір кереге (ғимараттың төбесін жауып тұрған) және табаны 6 x 4 м сегіз пилон. Ғимараттың қалған темір-бетон қаңқасы дербес жасалған. Бұл ғимаратта жер сілкінісінің 9 балл мөлшеріне лайықталып жасалған конструкция жақсы шешім тапқан.

Республика сарайы – аймақ сәулетіне тән өзіндік

ұлттық бояуы, ерекше сипаты бар ғимарат. Оның интерьерін әрлеу ісінде қазақтың ұлттық ою-өрнек нақыштары үйлесімді қолданылған.

Бұл ғимараттың архитектуралық озық туынды екенін айта келіп, оны салу кезінде ескерілмеген негізгі ағаттықтарға тоқтала кеткен жөн. Ғимарат салу барысында нақты жер бедері толық ескерілмегендіктен, әсем сарай еңсесі біршама төмендеп қалған.

Ғимарат жобасын жасаған сәулетшілер мен конструкторларға және құрылысшыларға СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Құрылыс мерзімі – 1968-1970 жылдар. Авторлары: сәулетшілер – Н.И. Рипинский, Л.Л. Ухобатов, В.Н. Ким, В.К. Алле, Ю.Г. Ратушный, А.П. Соколов; инженерлер – В.И. Кукушкин, Б.Н. Делов, В.Д. Сушинцев.*

## ҮКІМЕТ ҮЙІ

Бұрынғы Үкімет Үйі (кейін Алматы облыстық және қалалық әкімшілік ғимараты) қаланың орталық бөлігінде Төле би көшесі, Абылай хан даңғылы мен Панфилов көшесі аралығында орналасқан, басты қасбеті оңтүстікке, Төле би көшесіне қараған. Ғимараттың басты қасбетінің алдында қалалықтардың демонстрация және басқа бұқаралық шаралар өткізуге арналған жалпықалалық алаң ұйымдастырылған. Алаңның оңтүстік жағында – көгалдандырылған гүл бағы. Үкімет Үйінің шығыс және батыс жағында фонтандары бар жасыл гүл бақтары қарастырылған.

Жоспар бойынша тікбұрышты, көлемі 103,7 м x 74,6 м, биік тұғырға орнатылған 5 қабатты ғимарат – Үкімет Үйі – айналадағы құрылыстан оқшау биік болып көрінеді. Ғимараттың көлемі – 108600 м<sup>3</sup>.

Үкімет Үйін жобалау кезінде Министрлер Кеңесі, Компартия Орталық Комитеті және Республика Жоғарғы Кеңесін орналастыру алдын ала көзделген.

Жоспардың шешімі оның ішкі мөлшеріне сәйкестендірілген және аталған әрбір үкімет мекемелері үшін жеке корпустар қамтылған. Олар мәжіліс залы арқылы байланысқан.

Ғимарат кең өтпе жолдармен өзара байланысатын 3 композициялық көлемнен тұрады. Олардың ортасында 2 жарық аула, дөңгелек пішіндегі мәжіліс залы бар.

Ғимарат монументалды үлгіде шешімін тапқан. Басты қасбетінде үлкен 8 колонналы кеңістік бар.

Солтүстік жағынан мәжіліс залына апаратын кіреберіс 4 колонналы портик түрінде жасалған, ал бүйір жақ беті өсімдік порталдармен көмкерілген. Жазық қабырғалар пиләстр түрінде тік бөліктерге бөлінген, бұл қоғамдық ғимаратқа тән белгілі жинақылық береді.

Оңтүстік және солтүстік портиктердің колонналары ақ мәрмәр тастармен қапталған, қабырғалары ашық-сұр түсті терразитті сылақпен өңделген, төменгі бөлігі жылтыр гранит тасымен әрленген. Стилобаттың тіреуіш қабырғалары «жартас» түрінде гранит тастармен өңделген. Салтанатты баспалдақ сатылары граниттен жасалған.

1972 жылы ғимаратты кеңейту мақсатында қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Негізгі ғимаратқа көлемі 40,7 м x 18,0 м екі қанат жапсыра салынды.

*Құрылыс мерзімі – 1950-1957 жылдар. Жобалаушы: Моспроект, «Қазмемқұрылысжоба». Авторлар ұжымы: сәулетшілері – Б.Р. Рубаненко және т.б., конструкторлар – Г.А. Калиш және т.б.*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАС ҒИМАРАТЫ

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының бас ғимараты Шевченко, Пушкин, Құрманғазы және Қонаев көшелерінің шекарасында орналасқан.

Ғимараттың басты қасбеті солтүстікке (Шевченко көшесіне) бағытталған. Шевченко көшесінің солтүстік бетін кеңейту арқылы ғимараттың басты қасбетінің алдында фонтанды гүлзармен айшықталған шағын алаң ұйымдастырылып, онда көрнекті ғалым-ағартушы Шоқан Уәлихановқа ескерткіш орнатылған.

Академияның негізгі ғимараты көтеріңкі стилобатта, Іле Алатауының қарлы шыңдарының аясында басқа құрылыстардан биіктеп, оқшауланып тұр. Ғимараттың архитектурасы мекеменің сипатына тән қарапайым және монументалды үлгіде шешілген – үш осьті композициядан – орталық (басты) портал, ортаңғы корпустан және бүйір жақ бет порталдары бар ризалиттерден – тұрады.

Композицияның орталығы болып табылатын басты портал салтанатты үлгіде шешімін тапқан. Порталдың ортаңғы бөлігі жебе бейнелі аркамен әшекейленіп, терең ойықпен өңделген. Ойықтың түкпірінде халықтық ою-өрнектермен жиектеліп, әдемі өңделген есік орналасқан. Бүйір жақ бет порталдары форма жағынан қарапайым, бірақ айқын үлгіде орындалған. Ортаңғы корпустардың қабырғалары жазық пилястр түріндегі тік бөліктерге бөлінген. Ғимарат архитектурасының композициясы анық классикалық негізде алынғанмен, Қазақстанның ұлттық сәулет және ою-өрнек өнерінің мұрасын пайдалану арқылы, қайта өңделген ұлттық үлгімен ұштасады.

Ғимараттың жобасы орынды түрде шешімін

тапқан. Оның көлемдік композициясы да осыған сәйкес құрылған. Оның орталық бөлігінде қабаттарының ретімен басты дәліз, 650-орындық үлкен конференцзал, Академия басшыларының іс бөлмелері орналастырылған. Ортаңғы корпустарда іс бөлмелері, сол қанатында кітапхана, оң жақ қанатында мұражай, кіші конференцзал, аудиториялар орналасқан.

Негізгі салмақты ұстап тұратын конструкциялар іші кірпішпен қаланған темір-бетон кережелері болып табылады. Іргетасы бір-бірімен ұзына бойы және көлденең аралықтармен байланысқан жеке темір-бетон табандардан қаланған. Ғимарат қабырғасы сыланып, боялған. Тұғыр қабаты, стилобат және сыртқы баспалдақтар жонылған сұр гранитпен әрленген. Порталды өңдеуде мәрмәр және басқа да әрлеу бұйымдары қолданылған.

Негізгі ғимараттың көлемі – 89000 м<sup>3</sup>. 1981 жылы ғимаратқа оңтүстік жағынан қосымша корпус салынып, жан-жағына гүл бағы отырғызылып, фонтандар орнатылған.

*Құрылыс мерзімі – 1950–1957 жылдар. Жобалаушы: Академпроект, Москва қаласы. Авторлық ұжымы: академик А.В. Щусев, сәулетші Н.А. Простаков.*

## АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫ

Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік Академиялық опера және балет театры қаланың орталық бөлігінде, Қабанбай батыр көшесінің оңтүстік жағында, Фурманов және Байсейітова көшелерінің аралығында, Панфилов көшесімен тұйықталып, Іле Алатауының қарлы шыңдары ая-

сында орналасқан. Театрдың екі жағына фонтандары бар екі гүл бақтары отырғызылған. Театр ғимаратын жобалау және салуда Қазақстанда тұңғыш рет сәулет өнеріне ден қою және жаңа ізденістер байқалады. Ғимарат сәулетінің композициясы классикалық үлгіде Қазақстанның ұлттық сәулет және ою-өрнек мұраларын қолдану арқылы шешімін тапқан.

Театр ғимаратының жалпы көлемі тікбұрышты, басты қасбетінде шығыңқы портик жасалған. Ғимарат сәл көтеріңкі стилобатта орналасқан, бірінші қабаты ірі көлденең рустпен өңделген. Екінші және үшінші қабаттар ұсақ русттармен әрленген.

Басты қасбетте архитектуралық шешімнің негізгі тақырыбы пилондары бар 4 колонналы кеңістікті лоджия болып табылады. Колонналардың капителі өзіндік ұлттық өрнектермен айшықталған. Ғимараттың архитравы және ернеуі де ұлттық оюлармен өрнектелген, фризі бедерлі бейнелермен әсемделген, бүйір жақ беттері пилястр қатары ретінде жасалған. Театрдың жоспары анық функционалды түрде құрылған. Касса залы арқылы келушілер кіреберіске шығады. Бұл бүйір бетінде көрермендер залына кіреберіс жағымен және екінші қабатқа шығатын үш тармақты баспалдақтармен тіке байланысқан.

Көрермендер залының партер бөлігіне бүйір бетіндегі кіреберістен кіруге болады.

Ұлттық өрнекті пайдалана отырып орындалған шойын торлардан жасалған сүйеніші бар салтанатты үш тармақты баспалдақтар театрдың екінші қабатындағы басты дәлізіне апарды. Дәлізді безендіруде ұлттық өрнектер кең көлемде және шеберлікпен қолданылған.

Театрдың композициялық өзегі 1200 адамға арналған көрермендер залы болып табылады.

Лоджия және балкон қоршауларын өңдеуге де әртүрлі сипаттағы ұлттық өрнектер қолданылған.

Зал жазық әшекейленген аспалы төбемен жабылған да, оның дәл ортасында әсем безендірілген үлкен люстра тұр.

Ғимараттың сыртқы қабырғалары сыланған және боялған. Стилобаты сұр гранитпен қапталған. Сыртқы баспалдақтардың текпішектері де граниттен жасалған.

*Құрылыс мерзімі – 1939-1941 жылдар. Ғимараттың құрылысы 1941 жылы қараша айында бітті.*

*Авторлар: сәулетшілер – Н.А. Простаков, Т.К. Бәсенов.*

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ СТАДИОН КЕШЕНІ

Республикадағы ірі спорттық кешендердің бірі – Орталық республикалық стадион Абай даңғылы, Байтұрсынұлы көшесі, Сәтбаев көшесі және Весновка өзені шекарасында орналасқан, 24 га алаңды алып жатқан ірі ғимарат. Кешеннің құрамына кіретін объектілер – үлкен спорттық арена, футбол жаттығу алаңы, жеңіл атлетикалық манеж, Спорт сарайы, ашық және жабық жүзу бассейндері, күрес және ауыр атлетикаға арналған жабық залдар.

**Үлкен спорттық арена** футбол алаңы (104 м x 69 м), 8 жүгіру жолы (100 және 400 м-ге), секіруге және снаряд лақтыруға арналған жеңіл атлетикалық секторлардан тұрады. Трибуналар 30 мың адамға есептелген. Трибуна астындағы кеңістікте шешінетін жер, жаттықтырушылар, төрешілер және дәрігерлерге арналған бөлмелер, 200 орындық қонақ үйі, стадион әкімшілігіне арналған бөлмелер және техникалық бөлмелер орналасқан.

Трибунаның салмақ түсетін конструкциясы құрастырмалы темір-бетон арқалықтарымен

катты арматуралы біртұтас қаңқадан тұрады, «Г» үлгісіндегі құрастырмалы темір-бетон плиталарымен жабылған, жылу изоляциясы және гидроизоляция жасалғаннан кейін көрермендер орындары орнатылған.

Ғимаратты салу кезінде оңтүстіктен солтүстікке қарай еңіс жер бедері ескерілген. Сондықтан оңтүстік трибуналар бір қабат жоғары, ал қалған трибуналар екі қабаттан тұрады.

Қасбеттің жалпы композициясы қарапайым да жинақы. Жазық пилондар құрылыстың барлық периметрінде бедерлі жақтаумен жүргізілген және басты (солтүстік), оңтүстік және бүйір беті дарбазаларына дейін жеткен. Дарбазалардың үстіндегі фризерде спорттық мәндегі бедер оймышы бар бейнелер салынған.

Сопақша дөңгеленіп келген конфигурациясы ғимараттың өзіндік композициялық ерекшелігін көрсетеді.

*Құрылыс мерзімі – 1955-1958 жылдар. Жоба авторлары: сәулетшілер – А.К. Қапанов, А.Я. Коссов; инженер Г.В. Константинов.*

Орталық стадион кешенінің құрамына кіретін **жүзу бассейндері** кешеннің солтүстік-батыс жағында орналасқан. Жүзу бассейні кешеніне мыналар жатады:

Жабық жүзу бассейні 25 м x 14 м (6 жол) және суға секіруге арналған 10 метрлік тұғыры бар;

Ашық жүзу бассейні (50 м x 21 м, 8 жол), жүзуді үйретуге арналған балалар бассейні (3,5 м x 20 м), суға секіруге арналған 10 метрлік тұғыры (20 м x 20 м), жаздық секіру ваннасы бар.

Жабық жүзу бассейні ашық жүзу бассейнімен арнайы екі жүзу жолы арқылы байланысқан. Барлық техникалық бөлмелер, шешінетін жер, бассейндердің әкімшілік жайы жабық жүзу бассейнінің ғимаратында

орналасқан. Ол жердегі «трюмде» фильтрлер және хлоратор орналасқан.

Ванның іргелеріне су асты жүзуін бақылауға арналған жарығы бар иллюминатор орнатылған.

Жабық жүзу бассейні ғимаратының салмақ түсетін конструкциясы – параболалық конфигурациясы бар темір аркалар. Оларға жабын плитасы, жылу изоляциясы, гидроизоляция және мырышталған темірден жасалған қабыршақты жабын орнатылған.

*Құрылыс мерзімі – 1963-1964 жылдар. Жоба авторлары: сәулетші А.К. Қапанов; инженерлер – Г.В. Константинов, А.Ф. Дружин.*

## ШЕТ ЕЛДЕРМЕН ДОСТЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС ҚОҒАМЫНЫҢ ҒИМАРАТЫ

Достық үйі Төлебаев пен Құрманғазы көшелерінің қиылысынан бой көтерген. Ғимарат екі қабатты. Жалпы жобасы шаршыланып келген (30 x 30 м) негізгі павильонның 2-қабатында ғимараттың композициялық шешімінің негізгі қазығы болып табылатын, халықаралық кездесулер, мәжілістер мен түрлі мәдени шаралар өткізуге арналған шеңбер үлгідегі (диаметрі 18 м) зал орналасқан. Киіз үй іспетті шеңбер залдың ішкі еңсесін әрлеу ісінде ақ түсті жасанды былғары және киіз үй керегесі ишарасын білдіріп тұратын бедерлі алюминий қолданылған. Күмбез еңсе бедер өрнекті ақ бор қалақтастардан құрастырылған.

Оның ортасына (шаңырақ тұсынан) алып люстра қондырылған. Шеңбер үйдің ортасына дөңгелек үстел қойылған да, оның арт жағы мен ортадағы кеңістік бос қалдырылған. Шеңбер сыртындағы бос кеңістіктен кең холл мен банкет залы орын тепкен. 1-қабатта киімдігі бар дәліз бар, 152 орындық кіші мәжіліс залы орналасқан. Келесі павильонда жұмыс

бөлмелері, кабинеттер, почта, телеграф пен теле-тайп залы, делегаттар қабылдайтын зал, оқу залы бар кітапхана және басқа да қосымша бөлмелер орналастырылған.

Ғимарат тұтас және құрастырмалы темір-бетон қаңқа арқылы тұрғызылған. Оның қабырғасы мен ішкі бөліктері кірпішпен және металл құрсаулы шыны пакеттермен бөлінген, қасбетін әрлеуде қымбат ағаш түрлері, алюминий, типылданған шыны, мәрмәр, тас сылақ қолданылған.

Ғимараттың архитектуралық-композициялық шешімі тартымды да жинақы шыққан. Қасбетіне ажар беріп тұрған негізгі элемент – сүйір бедерлі қайқы күнқағарлы әсем шатыр.

Құрылысты жобалаушылар мен салушылар авторлық ұжымына 1974 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Құрылыс мерзімі – 1970-1973 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Р.А. Сейдалин, Л.Г. Тимченко, Х.А. Жақыпбаев; конструкторы А.А. Фурдуй.*

## «ҚАЗАҚСТАН» ҚОНАҚ ҮЙІ

25 қабатты қонақ үйі Ленин даңғылын (қазіргі Достық даңғылы) кешенді қайта салу жобасы бойынша тұрғызылып, Абай алаңының солтүстік іргесінен орын тепкен. Оның көлемдік-жоспарлық шешіміне ғимараттың қызмет мақсатына қарай зәулім тұрғын корпус және қызмет көрсету бөлмелері, кіреберіс алаңқайы, мейрамханасы, банкет залы, кафе және бар, пресса орталығы, конференция залы және басқа да қосымша бөлмелер орналасқан аласа қабат көлемі алынған. Ең жоғары қабатта «Космос» кафесі орналасқан. Қонақ үй кешенінде жеңіл автомобильдер мен автобустарға арналған жабық автотұрақ бар.

Қонақ үйде, негізінен, 2 орынды бөлмелер ба-

сым, бір орындық бөлмелер де бар, сондай-ақ, орта разрядты люкс және жартылай люкс бөлмелер де қарастырылған. Ғимараттың көп қабатты бөлігінің жалпы жобасы доғалдана жасалған (50,2 x 29,6 м). Оның салмақ түсетін басты керегесі тұтас темір-бетоннан жасалып, оған көлденең диафрагмалар орнатылған.

Бөлме қабырғалары көлемді жылжымалы қалыппен тұтас темір бетоннан құйылған. Бұл зәулім ғимаратта негізгі қоршау-қабырға ролін аяқталған алюминиймен қапталған жеңіл аспалы панельдер атқарған. Ғимарат іргетасы тұтас темір-бетоннан қобдиша іспетті жасалған сом тақталардан тұрғызылған.

Құрылыс барысында ғимараттың салмақ түсіп тұрған бөліктеріне сынақ жұмысы жүргізілді. Сынақ кезінде оның жер сілкінісіне төзімділігі тексерілді.

Ғимарат қасбеті маңғыстаудың ұлутасымен қапталған. Оның ішкі әрлеу жұмысына гранит, мәрмәр, қалыпқа басылған ақ бор оймыштар, алюминий, түрлі-түсті сылақ және т.б. қолданылды.

Қонақ үйі ғимараты архитектуралық-композициялық шешімінің әсемдігімен көз тартады және ол қаладағы ең сәулетті орындардың бірінен саналады. Ғимарат авторларына Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Құрылыс мерзімі – 1975-1977 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Ю.Г. Ратушный, Л.Л. Ухобатов, А.Е. Анчуглов, Б.Б. Каиштанов; конструкторлар – А.К. Деев, Н.Л. Матвиец, А.Ш. Тәтігұлов.*

## БИІК ТАУДАҒЫ «МЕДЕУ» МҰЗ АЙДЫНЫ КЕШЕНІ

«Медеу» мұз айдыны кешені Іле Алатауының теңіз деңгейінен 1700 м биіктіктегі әсем шатқалында,

сырғанақ тебетін бұрынғы табиғи көлшік орнында, қаладан 13 шақырым жерде орналасқан.

Бұл жердің тамаша жұмсақ ауа райы, күн көзінің шуақты болып, ауа қысымының төмен, желдің жөнді болмауы, тау суынан қатқан мұз сапасының жоғарылығы «Медеу» мұз айдынының «рекордтар фабрикасы» атанып, бүкіл әлемге әйгілі болуына бірден бір септігін тигізді.

Көрермендер трибунасы мұз айдынын шығыс, оңтүстік және батыс жақтан қоршай орналасқан.

Әкімшілік корпусы солтүстік жақтағы қуысқа жайғасқан. Шығыс жақтағы трибунаның астында спортшылар шешінетін бөлмелер, төрешілер бөлмесі, медицина орталығы, массаж бөлмесі, спортшылар буфеті, пресса орталығы, комментаторлар бөлмесі және т.б. бөлмелер бар. Батыс трибунаның астынан көрермендер киімдігі, буфеттер, сыйлы қонақтарға арналған бөлме және 80 орындық мейманхана орналасқан. Оңтүстік трибунаның асты мұз айдынын қадағалап тұруға арналған тетіктерді сақтайтын қойма қызметін атқарған.

Тұтас құйылған темір-бетон кереге, оның қабаттарының төбесі іші қуыс бедерлі панельмен жабылған.

Мұз айдыны алаңы құрылымы жағынан теңдесі жоқ құрылыс болып табылады. Оның құрылысында 20-дан астам материал түрі пайдаланылған және бірнеше қабат құрылымнан қалыңдығы 2,3 метр етіп жасалған. Мұз айдынын мұз қалпында ұстап тұратын алаң-тоңазытқышқа диаметрі 1,5 дюйм құбырдан 170 км түтік суықтатқыш тартылған.

Суық айдайтын машина залы төменгі текпішекте орналасқан. Қуаты сағатына 5 млн ккал болатын суық айдау агрегаты алып мұз айдынын жылдың 8 айы бойына мұздатып тұрады.

Мұз айдыны алаңының керемет конструкциясын

жасаған жоба авторлары мен құрылысшылар СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

*Құрылыс мерзімі – 1970–1972 жылдар. Авторлар ұжымы: бас сәулетші В.З. Кацев; бас конструктор С.Б. Матвеев; сәулетшілер – А.С. Қайнарбаев, И.Г. Косогова; конструкторлар – М.В. Плохотников, Ш.М. Челидзе; суықпен жабдықтау құрылымының инженерлері – Э.Л. Лихтенштейн, В.В. Вдовиченко.*

### ОКРУГТІК ОФИЦЕРЛЕР ҮЙІ

Округтік Офицерлер үйі 28 гвардия-панфиловшылар паркінің шығыс кіреберісі жағынан «Даңқ» мемориалы алдындағы амфитеатр іспетті оны қоршай орналасып, тұтас бір сәулет ансамблін түзеді.

Кешен құрамына 500 орындық залы бар театр бөлігі, кино-насихат залы бар үйірме жұмысы бөлмесі, 400 орынды кинотеатр, кафе, би залы, дайындық залдары мен әкімшілік бөлмелері кіреді.

Әйтеке би көшесі бойынан қалдырылған кең өтпе жол бір жағынан маңдайшасында бедер оймышы бар ақ мәрмәр бағандар тізбегімен көмкерілген салтанат қақпасы іспетті жасалған.

Бас корпус тұтас темір-бетон қаңқадан тұрғызылып, қабырға арасы кірпішпен өрілген.

Қасбетін әрлеу ісінде арқарлы тақта тасы мен ақ ұлутас қолданылған. Түс алмасуы мен қаптау материалдарының реңкі ғимарат қасбетіне тартымды сипат берген. Ғимарат өзіндік үлгіде әрі көз тартарлық болып шыққан. Ішкі әрлеу ісіне табиғи тас, алюминий, көркем пластмасса, синтетикалық кокстар пайдаланылған.

Бұрынғы Офицерлер үйі ғимараты жаңа кешенмен әсем үйлесім тапқан.

*Құрылыс мерзімі – 1973–1978 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Ю.Г. Ратушиний, О.Н. Балықбаев, Т.Е. Ералиев, конструктор И.П. Разин.*

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Ғимарат қаладағы орталық көшелер Абылай хан және Абай даңғылдарының қиылысына орналасқан. Кітапхананың ішкі бөлмелерін жоспарлау ісінде отандық және шетел кітапхана ғимараттарын салудың озық үлгілері қарастырылған. Оқырмандардың кітап сөресіне тікелей кіре алуы, әмбебап оқу залдарын жоспарлау және т.б. жағдайлар толық ескерілген.

Ғимарат 3 қабатты, астында тұғыр қабаты бар. Тұғыр қабатта текшелі кітап қоймасы, қосымша бөлмелер мен шаруашалық бөлмелері орналасқан. Бірінші қабатта кең кіреберіс, абонемент бөлімі, мәжіліс залы, асхана және әкімшілік бөлмелері бар. Екінші қабатта каталог, оқырмандар өзі алып оқуға арналған кітап қоры және кітап беретін кафедралар орналасқан.

Үшінші қабаттағы оқырман залдары нақты бір қабырғамен бөлінбеген, тек кітапхана жабдықтарымен қалқаланған. Бұл залды қажетінше өзгертіп отыруға мүмкіндік береді.

Ғимараттың салмақ түсетін конструкциялары құрастырмалы-тұтас темір-бетон керегеден (асбест-цемент құбыр қалыпқа тұтас құйылған темір-бетон бағаналар және құрастырмалы темір-бетон арқалықтар) салынған. Жабын жұмысына құрастырмалы темір-бетон плиталар қолданылған.

Қабырғасы суық өткізбейтін армоцементті жеңіл конструкциямен тұрғызылған. Шынылау ісіне алюминий жақтаулы тұтас шыны пакеттер пайдаланылған.

Ғимаратты әрлеу ісіне қазіргі заман құрылыс материалдары кеңінен қолданылған. Кітап тасу көлбеу және тік жылжымалы таспалар арқылы жүзеге асырылған. Кітап қоймасына сұраныс қағазы қысым почта (ауа қысымымен жұмыс істейді) арқылы жеткізіледі.

Кітапхана бөлмелері түгелдей таза ауамен желдетіліп тұрады.

Ғимараттың солтүстікке қараған қасбетінің өнебойы тұтас шынымен қапталуы бұл құрылыстың өзіндік сипатын, ерекше шешімін аңғартады.

*Құрылыс мерзімі – 1967–1970 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – В.П. Ищенко, В.Н. Тюгин, К.К. Кальной, В.А. Кузнецов, А.А. Петрова; инженерлер – В.В. Ангельский, Т.Х. Бухарбаев, А.К. Деев, Г.А. Калиш, В.А. Михалищев, Г.И. Стулов.*

### ЦИРК ҒИМАРАТЫ

Ғимарат Абай даңғылы мен Жандосов көшесінің қиылысында орналасқан. Шеңберленіп келген бедер күмбезді ғимарат Іле Алатауы көрінісімен әсем үйлесім тапқан.

Негізгі ғимараттың тұғыр қабатында киімдік, кассалар, санитарлық торап және басқа қосымша бөлмелер орналасқан. Келесі қабатта, дәліз және буфеттер, одан жоғарырақта екі ярусты дәліз бар. Көрермендер залының сәулеті отауланып келген амфитеатр түрінде шешімін тапқан.

Негізгі ғимараттың оңтүстік бүйіріне қызмет көрсету бөлмелері жалғаса салынған. Мұнда жаттығу залы (екінші манеж), әкімшілік бөлімі, артистердің бөлмелері, ірі хайуанаттар мен аңдар тұратын және оларды тоғытатын орындар, жем және құрал-саймандар қоймасы бар. Астыңғы тұғыр қабатта желдету қондырғылары орналасқан.

Алматы циркі технологиялық жағынан ең алдыңғы қатарлы ғимараттардың бірінен саналады.

Конструкциясы тұтас құйылған темір-бетон қаңқа, төбесі металл күлдіреуіштермен жабылған. Күмбез сырты сантехникалық эмаль қаптырылған

қаңылтырмен тіс өрнек бедер түсіру арқылы өрнектелген, әрлеу ісінде мозаика, мәрмәр, гранит қолданылған.

Ғимарат конус пішінді күмбезімен көзтартарлық сипатталған. Оның төбе жабыны бірте-бірте сүйірленіп барып, ұшар басының өзіндік конфигурациямен бітуі, қазақтың күмбезді діни құрылысы мен киіз үй сәулетін жарасымды пайдаланғандықты, әрі өзіндік тың шешім тапқандықты аңғартады.

*Құрылыс мерзімі – 1969–1972 жылдар. Жоба авторлары: сәулетшілер – В.З. Кацев, И.В. Слонов; инженерлер – С.Б. Матвеев, М.В. Плохотников.*

### **М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ**

Театр ғимараты Абай даңғылы мен Есентай өзенінің қиылысындағы оқшалау өңірден орын теуіп, монументті үлгіде шешім тапқан. Ғимарат қасбетін көркемдеуде ұлттық сән өнері иірімдері пайдаланылып, ашық түсті мәрмәр және ұлутаспен әрленген.

Ғимарат қасбетінің алдына орнатылған қазақ мәдениетінің ұлы қайраткері, жазушы, драматург Мұхтар Омарханұлы Әуезов ескерткішіне негізгі назар аударылған.

Бөлмелер тобының өзегіне 800 орындық көрермендер залы алынып, оны айнала дәліз, буфеттер, ал дәліздің орталық бөлігінде ұзыннан ұзақ киімдік орналасқан. Екінші қабаттағы кең дәлізге алып шырақшам (17x5 м) сән-салтанатты сипат береді. Бұл шырақшамды авторлар ұжымының жобасы бойынша австриялық «Кальмар» фирмасы жасаған. Дәліз еденіне ағаштың әр түрінен ұлттық өрнекпен паркет төселген.

Театр ғимараты құрылысындағы өзіндік бір ерекшелік – мұнда 250 орындық екінші «кіші» залдың болуы.

Негізгі зал сахнасы көлемі мен жабдықталуы жағынан өзі тектес театрлар сахнасы ішіндегі ең ірісі болып табылады.

Ғимарат авторларына Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Құрылыс мерзімі – 1974–1980 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – О.Ж. Баймырзаев, А.С. Қайнарбаев, М.Ф. Жақсылықов; конструкторы – М.В. Плохотников.*

### **НЕКЕ САРАЙЫ**

Неке сарайы Абай даңғылы мен Есентай өзені қиылысынан орын тепкен.

Ғимараттың жалпы жобасы шеңберленіп келген (диаметрі 34 м) үш көлемнен тұрады. Екі қабатты, астында тұғыр қабаты бар. Тұғыр қабатта қызмет, техникалық және қойма бөлмелері орналасқан.

Бірінші қабаттағы кең еңселі хауызы бар дәліздің екі қапталына жұбай мен қалыңдық бөлмесі, күту залы, шампан-шарап залы, фотоателье, қызмет бөлмелері және негізгі салтанат басқышы орналастырылған.

Екінші қабатта салтанатты неке кию және алдын ала тіркеу залы, сыйлықтар мен базарлықтар залы және әкімшілік-қызмет бөлмелері бар. Екінші қабаттағы бөлмелердің бәрі айналма галерея бойына орналасқан.

Ғимарат тұтас темір-бетон қаңқалы, оның радиусын бойлай жақтау конструкция мен сақина арқалықтар жіберу әдісімен тұрғызылған. Қабырғасы кірпіштен өрілген. Жабын конструкциясында радиус бойлай металл арқалықтар пайдаланылған.

Қасбетін әрлеу ісінде ақ мәрмәр қолданылып, тұтас шыны қабырға сыртынан оймышты күнқағар

шілтер тартылған. Ішкі әрлеу ісінде типылданған ақ мәрмәр, габро, айна шыны және емен кең қолданылған.

*Құрылыс мерзімі – 1969–1971 жылдар. Жоба авторлары: сәулетшілер – М.М. Мендігұлов, А.А. Лепник; инженер – Н.О. Оразымбетов.*

### **«ӘСЕМ» ТҰРМЫС ҮЙІ**

«Әсем» тұрмыс үйі Пушкин көшесінің шығысында Жібек жолы мен Мақатаев көшелерінің аралығына орналасқан. Ғимарат осы тектес құрылыстың ең ірілерінің (116 м x 16,6 м) бірінен саналады.

Тұрмыс қажетін өтеу үйінде жалға беру, киім-кешектерді химиялық тазалау және бояу пункттері, әйелдер шаштаразы, аяқ киім тігетін шеберхана, арнайы киім тігу ательесі, қолғабыс бюросы, би үйрету бөлмелері, тұрмыстық техника мен радиоаппараттар жөндеу шеберханасы, жиһаз салоны, асхана, әртүрлі қызмет көрсету залы бар.

Халық көп жүретін Пушкин көшесі жағынан кіреберістер жер реңіне қарай текпішекті болып келген.

Қасбеті жинақы бір үлгіде салынған. Тұтас жолақ терезелерге ұзыннан ұзақтартылған өрнекті күнқағар шілтер ғимаратқа өзіндік әсем сипат берген. Күнқағар шілтер-калақшалар құрастырмалы армоцемент бөлшектерден жасалған.

Ғимарат СЖКУ-9-3 сериялы құрастырмалы темір-бетон бөлшектерден қаңқа панельді әдіспен тұрғызылған. Төбе жабудағы аршынды салдау-арқалықтар мықтылығы оның майыспай тұруын қамтамасыз еткен.

*Құрылыс мерзімі – 1973–1976 жылдар. Авторы: сәулетші С.Г. Космириди.*

### **Ә.ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МҰРАЖАЙЫ**

Мұражай Есентай өзенінің батыс жағасында Сәтбаев көшесінен оңтүстікке қарай орналасқан. Ғимараттың жалпы жобасы шаршыланып келген (60 м x 116,4 м), екі және үш қабатты, ортасында екінші қабат деңгейінде ашық ауласы бар.

Архитектуралық жоспарлау шешімі негізіне ғимарат бөлмелерін қызмет атқару ерекшелігіне қарай ыңғайластыру алынған.

1. 1-қабаттағы кең дәліз және соған іргелес орналасқан бөлмелер.

2. 1-2-3-қабаттардағы өз алдына кіреберісі бар әкімшілік және шаруашалық бөлмелер тобы.

3. 2-3-қабаттардағы тұрақты және уақытша көрме залдарын қоса алғандағы көрме бөлмелері тобы. Көрме бөлмелерінің жалпы ауданы – 5180 м².

Орталық залының жалпы жобасы шаршыланып (24 x 24) келген, көлемдік шешімі – пирамида үлгісінде.

Оның конструкциялық негізін темір-бетон темір бағандарына тіреліп орнатылған төрт металл уық құрайды. Төрт уықтың жоғарғы басы пирамида төбесін құраған. Уықтың сырт жағындағы аралықтарына швеллер қималы шыны профилиттен сәуле өткізіп тұратын жабын жабылып, ал оның ішкі жағы қорап қималы шыны профилитпен қапталған. Мұның бәрі ғимарат ішіне табиғи жарық түсіп тұруын қамтамасыз етіп тұрады.

Көрме залдарына жарық алюминий жақтауларға орнаған арматуралы шыны аспалы мөлдір төбе (төбенің бірталай бөлігі осылай жасалған) арқылы түседі.

Солтүстік бүйір беті бір-біріне 45° бұрыш жасай орналасқан қабырға панелінен құрастырылған.

Бұл жарық тек бір жағынан түсіп тұратын әркерлер жүйесін құрып, күн сәулесінің көрме залына тіке түспеуін қамтамасыз еткен. Бұл әдіс сонымен бірге бүйір беттің көз тартарлық болып шығуына мүмкіндік туғызған.

Ғимараттың бас кіреберісі есік алдындағы хауыздан асыра салған бағаналар тізбегімен және күнқағар маңдайшамен нақышталған. Оның пандусы қызыл гранитпен, ал бағаналары мен күнқағары ақ мәрмәрмен қапталған.

Қасбетін әрлеу ісінде табиғи тас қолданылған. Тұғыр қабат типылданған қызыл гранитпен, қабырғасы қызғылт ұлутаспен қапталған, ішін әрлеу жұмысына қызыл және ақ мәрмәр, ұлутас, бағалы ағаш түрлері пайдаланылған.

Ғимарат қаладағы өзіндік пішін сипатымен көз тартатын құрылыстың бірінен саналады.

*Құрылыс мерзімі – 1969–1976 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Э.К. Кузнецова, Б.М. Новиков, О.Е. Наумова; конструкторлар – М.Л. Кашиарский, Э.Н. Суханова, Б.М. Цигельман.*

## «АЛМАТЫ» ҚОНАҚ ҮЙІ

60-жылдардың аяғында Қабанбай батыр және Панфилов көшелері қиылысынан «Алматы» қонақ үйі бой көтерді. Ғимарат композициялық құрылымы жағынан негізгі сегіз қабат корпус пен мейрамхана түріндегі екі көлемнен тұрады.

Бас корпусының тұтас балконнан тұратын көлденең жолақ ырғақтары мен жалпы ғимарат көлемінің садақ жағы іспетті иіліңкі келуі осы құрылысқа ғана тән қасбет ұласымдылығын тудырған.

Қонақ үй кіреберісі алдынан фонтанды екі хауыз орнатылған. Ал көшенің арғы бетіндегі опера және балет театрының текпішек тоғаншалы әсем бауы

меймандардың тынығуына қолайлы жағдай тудырады.

Қонақ үйдің 480 орындық бөлмесі, кең қалтарыс орындары, жаздық верандасы мен қосымша бөлмелері бар мейрамханасы ұтымды орналасқан.

Ғимарат жобасын жасағаны әрі салғаны үшін авторлар ұжымына СССР Министрлер Советінің сыйлығы берілді.

*Құрылыс мерзімі – 1967–1969 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – П.И. Кармаси, А.Я. Коссов, В.Г. Чиркин; конструкторлар – Л.М. Ширинова, С.И. Каламжаров, А.С. Брохович.*

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ

Балаларға арналған ірі орталық мектептен тыс мекемелердің шығармашалық және әдістемелік қызмет орталығын құру қажеттілігінен дүниеге келді.

Республикалық Оқушылар сарайы негізгі кіндігі Абай даңғылына шоғырланған (Республика сарайы, «Қазақстан» қонақ үйі, «Арман» кинотеатры) композициялық жолақ өзегіне орналасып, Достық даңғылы бойындағы ансамбльдердің бірін тұйықтайды.

Балалар орталығына кіретін негізгі орындар:

1. қысқы бау, салтанат залы, киімдік орналасқан кіреберіс бөлмелер тобы;
2. 800 орындық көрермендер залы;
3. үйірме бөлмелері тобы;
4. спорт бөлмелері тобы (жүзу бассейні, спорт залы).

Конструкциялық шешіміне жылжыма қалыпты тұтас темір-бетон пайдаланылған. 9 балл жер сілкінісі болу қаупі бар аймақта тұңғыш рет ұзындығы тоғыз және он екі метрлік жабын плита-

лары қолданылып, ол жоспарлық шешімді ұтымды пайдалануға мүмкіндік туғызған.

Ғимаратты әрлеу ісінде маңғыстау ұлутасы, қаратаудың мәрмәрі, қордайдың граниті, ақ бор, кейбір бөлмелер жабынына ерекше қабыршақты плиталар қолданылды. Сарай 2900 орынға есептелген.

Ғимараттың архитектуралық композициялық шешімі өзіндік ерекшелігімен көз тартады. Жоба құрылымы бұранда ырғақ пішінді болып келген. Соның арқасында ғимарат бай көлемдік және жарық құбылысы пластикасына ие болған. Құрылыстың орталық бөлігі ғимаратқа сәнді сипат беретін күмбезбен көмкерілген.

*Құрылыс мерзімі – 1979–1981 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – В.Н. Ким, А.П. Зуев, Т.С. Әбілдаев, Ю.М. Локтев, Е.В. Средников; конструкторлар – Б.К. Мүсіргалиев, А.Г. Алексеев, С. Касканов.*

## «АРАСАН» ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ

Ғимарат Әйтеке би және Қонаев көшелерінің қиылысынан бой көтерген.

Емдеу-күтіну кешені күтім емі мен халықтың тынығуына арналған. Мұнда моншаның бірнеше түрі, емдеу ванналары, спорттық жүзу бассейні мен душ павильондары, сондай-ақ тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, буфет, 75 орындық кафе, жедел кір жуу орны бар.

Мұнда келушілер денсаулығына және өз қалауына байланысты моншаның кез келген түріне: шығыс, орыс, біріктірілген түрі, фин моншасына бара алады. Балалы аналарға арналған «ана мен бала» бөлімі бар. Кешенге емдік ваннаның бірнеше түрі: қылқан жапырақты ағаш шайыры, оттегі қосылған және

ауамен шымырлап қайнайтын ақ маржан ванналар, сондай-ақ, емдік душтар, су массаждары қосылған. Оңтүстіктің табиғат жағдайына орай аптап күндері суға түсіп, салқындап шығу үшін мұнда кең душ павильоны орнатылған. Кешенде демалатын кең қалтарыстар, тынығу бөлмелері, шаштараздар, косметика кабинеттері, кафе, мәжіліс залы, ішкі бақ-терраса бар.

Әрлеу ісі әр моншаның өзіндік ерекшелігіне, онда жуыну, тынығу дәстүрлеріне, ыстықтық-дымқылдық межесінің деңгейін сақтай білуге, мұндағы қызмет көрсету түрлеріне сай жүргізілген. Моншаның барлық түрінде дәстүрлі қызметке қосымша әр адамның өзінің талап етуі бойынша жасалатын: фотарий, медициналық массаж, маникюр, педикюр сияқты қызмет түрлері ескерілген.

Ғимарат қаңқа қабырғалы, кірпішпен толтырылған, күмбезі құрастырмалы темір-бетоннан жасалған.

Қасбеті ұлутас, жергілікті мәрмәр және үштөбенің гранитімен қапталған. Ішкі әрлеу жұмысына ақ бор, мәрмәр және қыш тақталар қолданылған. Кешеннің сыйымдылығы – 400 орын.

*Құрылыс мерзімі – 1980–1982 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – В.Т. Хван, М.К. Оспанов; конструкторлар – В.В. Чечелев, К.Р. Төлебаев.*

## АЭРОПОРТТАҒЫ ТӘУЛІГІНЕ 1000 ЖОЛАУШЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН АЭРОВОКЗАЛ

Аэропорттағы тәулігіне 1000 жолаушыға қызмет көрсететін аэровокзал ғимараты қаланың солтүстік-шығыс бөлігіне орналасқан. Оның жалпы жобасы шаршыланып келген (158 x 36 м), биіктігі – 12-14 м. Ғимараттың ішкі еңсесі екі қабат деңгейінде ашық қалдырылған да, кең кіреберістің маңдай алдына жо-

лаушыларды күтіп алатын және шығарып салатын бөлмелер, ал антресоль қабатта күту залы орналасқан. Жолаушыларға қолайлы болу үшін күту қызметінің барлық түрі ескерілген. Мұнда ресторан, кафетерийлер, буфеттер, почта, телеграф, жинақ кассасы, шаштараз, тұрмыстық қызмет көрсету шеберханасы, 200 орындық кинозал, жүк сақтау қоймасы және басқа да қосымша бөлмелер бар. Жалпы архитектуралық көркемдік шешімі айқын да тиянақты. Ғимарат қарапайым да ұтымды пластикалық формалар арқылы тартымды болып шыққан. Аэровокзалдың ұшу алаңы жағындағы бетінің композициялық шешім өзегіне жалпақ көлденең жазықтық жолақ, ал, вокзал алаңы жағындағы қасбеті композициясының негізіне тік жолақ бөлшектер ырғағы алынған.

Негізгі ішкі төбе мен бұғат, күнқағарлар, кіреберістегі оймышты алюминий қондырғылар, жалпы түр-түс шешімі мен архитектуралық шағын формалар ғимаратқа жергілікті сипат, әсем әр берген.

Аэровокзал ғимараты жер сілкіну қаупі бар аймаққа лайықталып, төзімді конструкциямен салынған. Жолаушылар өткізу қабілеті тәулігіне – 1000 жолаушы.

Жобаны СССР АЭЖМ «Аэропроект» МЖИ мен ҒЗИ ғылыми бөлімінің кеңесшілігімен «Алматықалжобами» МЖИ әзірледі, ал металл конструкциялар жобасын «Болатконструкцияжобасы» ОҒЗИ-ның қазақ бөлімшесі, СССР Мемқұрылыс Басқұрылысжобасы жасады.

Аэровокзал ғимаратының жобасын жасаған және құрылысын жүзеге асырған авторлар ұжымына СССР Министрлер Советінің сыйлығы берілді.

*Құрылыс мерзімі – 1971–1973 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – В.П. Иценко, Ю.Г. Литвиненко, Ю.И. Шарапов; конструкторлар – К.Қ. Нұрмақов, З.Н. Суханова, М.Л. Кашарский.*

## **САЯСИ АҒАРТУ ҮЙІ (КЕЙІНГІ ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ)**

Саяси ағарту үйі – Абай алаңының архитектуралық ансамбліне еніп, оны батыс жағынан көмкеріп тұрған ғимарат. Ол алаңды шығысы мен батысынан және солтүстігі мен оңтүстігінен қоршай орналасқан ғимараттар кешеніне кіреді.

Саяси ағарту үйінің қасбеті жер реңіне байланысты пластикалық шешім арқылы жүзеге асырылған.

Жер еңісіне фонтанды хауыз, одан өрге қарай стилобатты кең кіреберіс ұласымы әдемі шешімін тапқан.

Ғимараттың жалпы жобасы таға іспетті болып келген. Көлем ықшамдығы 1000 орындық мәжіліс залы, үлкен аудиториялар мен оқу кластарын және басқа бөлмелерді ғимарат кіндігі төңірегіне айнала топтастыру арқылы жүзеге асырылған. Бұлардың өлшемі мәжіліс залы сахнасының өлшеміне сәйкестендірілген. Қасбетін әрлеу ісінде табиғи тас (гранит, түрлі-түсті мәрмәр, ұлутас) және айна шыны кең қолданылған.

*Құрылыс мерзімі – 1979–1982 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Ю.Г. Ратушный, О.Н. Балықбаев, Т.Е. Ералиев.*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МҰРАЖАЙЫ ҒИМАРАТЫ**

Қазақстан мемлекеттік Орталық мұражайы ғимараты Фурманов көшесінің шығысында орналасқан, ол Республика алаңының шығыс жағындағы құрылыстар жүйесіне кіреді. Ғимарат архитектуралық бейне пішіні жағынан ұлттық сипатқа бай, өзіндік ерекшелікпен салынған.

Ғимараттың жалпы жобасы төрткүлденіп келген, көп қырлы пилондары бар төрт бұрышы күмбезшелермен көмкерілген. Ғимараттың орталық бөлігі үлкен күмбезбен жабылған. Ғимарат қасбеті композициясының негізгі тақырыбы – қиындысы үшбұрыш пішінді болып келетін бағандар ырғағы. Оны қаптау ісіне маңғыстау ұлутасы қолданылған. Ұлттық сәулет өнері мен шығыс сәулетінің дәстүрлі үлгілерін (күмбез, көп қырлы бағандар және басқа бөлшектер) композициялық құрылым тәсілі өзегіне сәтті пайдаланғандықтан, ғимарат көне өнердің көшірмесі болып шықпаған, алайда ежелгі керуен сарай, медресе немесе басқа да діни құрылыстар сәулетінің әуені аңғарылатыны сөзсіз. Ғимарат қасбеті Фурманов көшесіне қараған. Оның көше сызығынан әрірек орналасуы қасбет алдынан гүлзарлы, хауызды әсем жол тартуға мүмкіндік берген. Ғимараттың жоспарлануы мен ішкі құрылымы мұражай ғимараттарының талабына сай жасалған. Жалпы алғанда, ғимарат Алматы сәулетшілерінің тартымды туындыларының бірінен саналады.

*Құрылыс мерзімі – 1981–1984 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Ю.Г. Ратушный, З.М. Муштафина және т.б.*

80-жылдардың екінші жартысында бірқатар ірі қоғамдық ғимараттар бой көтерді. Олардың қатарында Қазақстан Компартиясы облыстық және қалалық комитеттерінің ғимараты (1986 ж. сәулетші Қ.Ж. Монтақаев т.б.) бар.

1995 жылы үш маңызды құрылыс пайдалануға берілді. Олар: Республика Президентінің жаңа Резиденциясы (сәулетшілер Қ.Ж. Монтақаев, С.Қ. Баймағамбетов, О.Е. Цай, т.б.; француздың «Буиг» фирмасының қатысуымен), «Марко Поло Рахат палас отель» 5 жұлдызды қонақ үйі (жобаны әзірлеген австриялық «АВУ» фирмасы ЖБИ, ЖБА – Х.В. Вольф, М.Чарновски, құрылысты салған Австрия фирмасы), «Анкара» 5 жұлдызды қонақ үй кешені (жобасы мен құрылысын атқарған түріктің «Айсель» құрылыс компаниясы, сәу. Биджан Тұрбек және т.б.).

10,5 мың көрерменге арналған спорт-сауық әмбебап залы (сәулетшілер А.С. Қайнарбаев, М.Ф. Жақсылықов, конструкторлар К.Р. Төлебаев және т.б.) салыну үстінде.

1996 жылы Пушкин көшесінің бойынан, Мәметова көшесінен солтүстікке қарай Алматы мұсылмандар мешіті құрылысы (сәулетшілер С.Қ. Баймағамбетов, Ж.Н. Шарапиев, К.Жарылғапов, конструкторы К.Р. Төлебаев) бой көтерді.

Алматы қаласынан салынуға тиіс бірқатар құрылыстардың тартымды жобалары әзірленді. Олардың қатарында бизнес орталықтары, саудасаттық орталықтары, маркетингтер, кеңсежайлар, қонақ үйлер, банктер және басқа орындар бар. Олардың көпшілігінің жобасын «Алматықалжобами» АҚ қалалық жобалау мекемесі әзірледі.



## БЕСІНШІ ТАРАУ

### ҚАЛАНЫ КӨГАЛДАНДЫРУ, АБАТТАНДЫРУ, МОНУМЕНТТІ КӨРКЕМДЕУ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС АЙМАҚТАРЫ

#### ҚАЛАНЫ КӨРКЕМДЕУ, АБАТТАНДЫРУ

70-жылдардан бастап қаланың сырт келбетін әсемдеу барысында үлкен жұмыстар жүргізілді.

Қаланы монументті көркемдеу бағдарламасына орай абаттандыру, жарық түсіру, қала көшелерін, бульварлар мен скверлерін шағын архитектуралық үлгілер мен жарнама қондырғыларын, фонтандар мен тоғандар, хауыздар, ескерткіштер мен мемориал кешендерін орнату арқылы көріктендіру ісі жүзеге асырылды.

Архитектуралық көркемдік бейнені қалыптастыруда монументті сән өнері (мозаика паннолары, сграфитто, қабырға жазбасы, барельефтер, мүсін және т.б.) пайдаланылды. Композиция құрудағы басты рольді архитектура және монументті сән өнерінің тоғыстығы атқарды.

Қалада көптеген ескерткіштер мен мемориалдар бой көтерді. Олардың қатарында: Амангелді Иманов (1947, мүс. Х.Е. Наурызбаев, сәу. И.И. Белоцерковский), Шоқан Уәлиханов (1959, мүс. Х.Е. Наурызбаев, сәу. Ш.Ы. Уәлиханов), Әліби Жангелдин (1984,

мүс. Т.С. Досмағамбетов, О.Г. Прокофьева, сәу. Ш.Ы. Уәлиханов), Мұхтар Әуезов (1980, мүсіншілер Е.А. Сергебаев, сәулетшілер О.Ж. Баймырзаев, А.С. Қайнарбаев), Ғани Мұратбаев (1983, мүс. Т.С. Досмағамбетов, сәулетшілер А.С. Қайнарбаев, Ш.Ы. Уәлиханов), Жамбыл Жабаев (1996, мүс. Б.Әбішев, сәулетшілер С.Қ. Баймағамбетов, С.А. Фазылов, Т.Е. Ералиев, Б.А. Ахатжанов) ескерткіштері, Д.А. Қонаевтың ескерткіш-бюсті (1980, мүс. Т.С. Досмағамбетов, сәулетшілер – А.К. Қапанов, Ш.Ы. Уәлиханов т.б.), «Даңқ» мемориал кешені (1975, мүсіншілер В.В. Андрущенко, А.Е. Артимович, сәулетшілер Т.Қ. Бәсенов, Р.А. Сейдалин, В.Н. Ким), Қазақстанның көрнекті қайраткерлерінің мемориалы (1987, сәулетшілер Қ.Ж. Монтақаев, А.К. Қапанов) бар. Мемориал кешеніне Ә.Жангелдин (мүс. Т.С. Досмағамбетов); О.Жандосов (мүс. А.А. Исаев); М.Фрунзе (мүс. А.А. Исаев); Амангелді Иманов (мүс. Х.Е. Наурызбаев); Т.Рысқұлов (мүс. В.Ю. Рахманов); М.Масанчи (мүс. М.В. Раппопорт);

А.Розыбақиев (мүс. А.Б. Татаринев); В.Куйбышев (мүс. Ю.В. Гуммель); С.Сейфуллиннің (мүс. Т.С. Досмағамбетов) бюсттері қойылған.

1996 жылы Алматы қаласында Қазақстан Республикасының 5 жылдық тәуелсіздігі мен егеменділігіне арнап тұрғызылған Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Монумені ашылды. (Авторлық топтың жетекшісі Ш.Ы. Уәлиханов, мүсіншілер – Д.Жұмабаев, Н.Далбаев және т.б., сәулетшілер – К.Жарылғапов, Қ.Ж. Монтақаев және бас конструктор С.И. Каламқаров).

1997 жылы Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова және Әлия Молдағұловаға ескерткіш орнатылды (Төле би көшесінің оңтүстік, Панфилов көшесі мен Абылай хан даңғылы аралығында). Автор – мүсінші К.Сатыбалдин.

#### КӨГАЛДАНДЫРУ

Алматы көшелерінің екі жағына сән түзей тізілген көк теректер көшеге әсем көрік беріп, қала көк орманға шомылады. Мұндағы қарағаш, емен, үйеңкі, қайың, жөке, жиде, қылқан жапырақты және басқа тұқымды ағаштар, гүлзарлар, скверлер мен қала тынымбақтарын әсем көрікке бөлеген.

Қаланы жасыл-желекке бөлеп тұрған ағаштар қатарында тікенекті көгілдір және канада шыршасын, сүйір жапырақты және күміс түсті үйеңкіні, қылқан жапырақтыларды, талшынды, маньчжурия жаңғағын және кәдімгі аршаны атауға болады.

Қала құрылысын дамытудың бас жоспары бойынша қаланы көгалдандыру ауқымын ұлғайту, өзен қойнауларынан парктер және қаланың шығыс жағынан орманды парк ашу көзделген. Қаланы алғаш сала бастаған күннен оның көшелерін көгалдандыру мәселесіне қатты көңіл бөлінгендігі аңғарылады.

Қала құрылысы комитетінің бекіткен ережесі бойынша жеке меншік үйі бар әрбір адам өз үйінің тұсына көше бойлай екі қатар ағаш отырғызуға және оны күтуге міндетті болған.

Бұл екі қатар ағаш аралығы жолаушылар жүретін аллеяға айналған-ды. Көшенің қарсы беті де осыған ұқсас екі қатар ағаш тізбегімен көмкерілетін.

XIX ғасырдың аяғында қалада ірі үш бау – Пушкин сквері (қазіргі 28 гвардия-панфиловшылар паркі), қалалық бульвар-бау және Қазына бауы (қазіргі Орталық мәдениет және демалыс паркі) – болды. 1892 жылы қала сыртынан орманшы-ғалым Э.О. Баум серуен тоғай паркін салып, кейін ол Баум тоғайы атанып кетті. Қаланы жаппай көгалдандыру ісі астана Алматыға көшкеннен кейін қолға алынды. Әсіресе, көгалдандыру жұмысы Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін кең ауқымда жүргізілді.

50-жылдары Шевченко мен Жамбыл көшелері аралығынан Гагарин көшесін бойлай, Төле би көшесіне дейінгі өңірге үлкен бау отырғызылды.

Қаланы көгалдандыру, парктер мен бау-бақ орнату барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Бас ботаника бағы ұжымы үлкен үлес қосты.

Алматыдағы ірі көгөрай өңірлер: Баум тоғайы, Ботаника бағы, Орталық мәдениет және демалыс паркі, Сейфуллин атындағы №4 ықшам аудандағы, 28 гвардия-панфиловшылар атындағы парктер, бұрынғы ХШЖК өңіріндегі, Астана алаңы және Республика алаңы, Республика Сарайы, Абай атындағы Академиялық опера және балет театры, М.Әуезов атындағы Академиялық қазақ драма театры, цирк, «Алматы», «Қазақстан» қонақ үйлері, Амангелді Иманов ескерткіші маңындағы аймақ және т.б.

Қаланы көгалдандыру мақсатымен «Гүлдер» және «Таугүл» совхоздары, «Пригородный», Шелек, Балқаш маңы және т.б. орман шаруашылықтары ұйымдастырылды.

Қазіргі кезде көгалды аймақтар жүйесінің тұрақты болуы, сол арқылы қоршаған аймақ тазалығына, қала халқының денсаулығын жақсартуға әсер ету, қаланың көгалды аймақтарын қалыптастыру мен абаттандыру үлкен мәселеге айналып отыр.

Қала бойынша көгалды аймақ 5037 га, ол бір адамға шамамен 50 шаршы метрден келеді (тіркеу құжаттары бойынша). Алайда қала жасыл-желекке малынып тұрған сияқты көрінгенмен, бұл көрсеткіш қажетті нормадан төмен екендігі белгілі. Жалпы көпшілік демалатын көгөрай алқап (парктер, бақтар мен баулар, бульварлар мен тоғай парктер) 650 га мөлшерінде, ол – бір адамға 6 м<sup>2</sup>. Бұл қажетті нормадан (бір адамға 18–20 м<sup>2</sup>) 3 есе кем соғады.

Жалпы көгөрай алқаптың аса көп болмағанына қарамастан, Алматы көше бойындағы ағаштар мен жеке меншік үйлердің бау-бақтары есебінен көк орманға шомған жасыл қала болып көрінеді.

Көп қабатты үйлердің тығыз салынып, көлік қатынасының қауырт көбеюі, ауа бассейнінің ластанып, желдетілмеуі салдарынан туып отырған ауа тазалығы мәселесін бүгінгі таңда көгөрай алқаптар шеше алмайды.

Алайда қала табиғаттың әсем қойнауына орналасқан. Оның ірге тепкен жері – Тянь-Шань тауы жоталарының солтүстік сілеміндегі Іле Алатауының биік бөктері. Қаланың тау бөктеріне суғына орналасуы оның сай-шатқалдар арқылы келетін ауа ағынының, жасыл-желегінің алуан түрлілігі осынау өңірді тамаша демалыс орнына айналдыруға болатынын аңғартады. Тіпті қаланың өзі де сол тынығу аймағынан орын тепкен. Сондықтан қаланың бүкіл жоспарлау құрылымы мен жасыл-желек егу жүйесі осы табиғи жер реңкімен, оның ауа ағысы ыңғайымен үндес шығуы тиіс. Қаланы көгалдандыру жоспарының негізгі назары оңтүстіктен солтүстікке қарай тартылған,

табиғаттың төл күйімен қаланы жалғастырып жататын парктер мен бау-бақтарға, өзен қойнауларына (Үлкен және Кіші Алматы, Есентай, Сұлтан Қарасу, Қарғалы т.б.) аударылғаны жөн.

Негізгі ендіктегі көгалдандыру да табиғат межесі бойынша белгіленген. Оңтүстікте бұл тау бөктеріндегі демалыс орындарының табиғатпен жақын байланысынан байқалады.

Мұндай бірінші «байланыс», «Просвещенец» демалыс үйі – Көкжайлау шатқалы – СЭС-5, Батарейка, Казачка өзендерін бойлай өтеді. Бұл аймақта қала халқы жыл бойына демалады.

Екінші «байланыс» «Айнабулақ – Каменское плато» арқылы өтетін ұжым бақтарын, демалыс үйлері мен профилакторийларды қамтиды.

Үшінші «байланыс» Әл-Фараби даңғылынан оңтүстікке қарай Есентай өзенінен арғы Үлкен Алматы шатқалына ұласады («Вторая пятилетка» кеңсарынан оңтүстікке қарай).

Төртінші «байланыс» Үлкен Алматы каналы бойымен өтеді. Ол Кіші Алматы демалыс аймағын, Баум тоғайын, ипподромды, «Гүлдер» совхозындағы демалыс аймағын, Сұлтан Қарасу, Есентай және Үлкен Алматы өзендері бойындағы демалыс аймақтарын біріктіреді.

Бесінші «байланыс» солтүстік жоспарлау ауданын Бірінші Май және Боралдай аудандарындағы ірі көгөрайлы өңірмен жалғастырады.

Сонымен, парк жолақтары мен ендік байланыстар қосыла отырып, қаланы көгалдандырудың бір-бірімен тығыз байланысты толассыз жүйесін қала табиғаты қаңқасын құрайды. Қаланы көгалдандыру жүйесінің бұдан әрі даму бағыты бұрыннан бар көгөрай аймақтарды күту, оларды кеңейту, ендік және бойлық бағытта жаңа бақтар мен баулар, бульварлар мен жаяу жүргіншілер жолын салу үрдісінде жүргізіледі.

Болашақта бір-бірімен тығыз байланысты біртұтас көгалдандыру жүйесін жасау көзделіп отыр.

## ДЕМАЛЫС АЙМАҚТАРЫ

Алматы – табиғаттың аялы алқабынан, халықтың жаппай демалуына ыңғайлы жері мол тау қойнауынан орын тепкен қала. Қаланың тау қойнауынан, сай-шатқалдардан ірге көтерген оңтүстік өңір демалыс аймақтары: Медеу жайлауы, Кіші Алматы шатқалы, Шымбұлақ, Мыңжылқы, Көкжайлау, Ремизовка, Каменское плато, Бутаков шатқалы, Көктөбе, ғажайып көлі бар Үлкен Алматы шатқалы, Алмаарасан шатқалы, Кеңсай және т.б. Қаладан сәл жырақтау шығыс бағытта Тау Түрген, Асы, «Алматау» сияқты ғажайып демалыс аймақтары кезігеді.

Мұндағы демалыс орындарының көптігіне қарамастан, оңтүстік демалыс аймағынан жаңа туристік базалар, тау лагерлерін, шаңғы сырғанағын, мотельдер мен кемпингтер салуға мүмкіндік мол. Қаланың демалыс аймақтары жасанды су тоғандары жағалауына да шоғырланған. Қапшағай су қоймасы, Алматы су қоймасы, Бірінші май тоспасы, Сайран көлі осындай демалыс аймағына жатады. Қала түбіндегі жерлер, негізінен, тау қойнауындағы өңірлер қала тұрғындарына саяжай түрінде, әр адамға 0,07 гектардан берілген. Осынау әсем табиғат аясында қала тұрғындары саяжай салып, бау-бақша егіп, тағы бір тынығу аймағын көркейтіп отыр





## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

### ҚАЛАНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ҚОРҒАНЫСЫ, ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### ҚАЛА КӨЛІГІ ЖӘНЕ КӨШЕ-ЖОЛ ТОРАБЫ

Қала территориясының ұлғаюына байланысты жол қашықтығы және соған орай жолға кететін уақыт та ұзарды. Алайда қаланың көлік инфрақұрылымы қала талабынан біршама кешеуіл қалып отырды.

Ірі көшелер, жолдар мен әр деңгейдегі көлік айырықтары жүйесін дамыту артта қалып отыр. Алайда көліктің жоғары жылдамдықпен жүруін және жүргіншілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әртүрлі деңгейде көше қиылыстарынан жол айырықтары мен жер асты өтпе жолдар салынған болатын.

Қаланың оңтүстік-батыс және батыс аудандарын солтүстік және шығыспен, сондай-ақ оңтүстік демалыс аймағымен («Медеу» спорт кешенімен, «Шымбұлақ» тау шаңғысы базасымен) қатыстыратын ірі көшелер мен жолдардың болмауы қалаға қатысы жоқ өткінші көлік тасқынының көбеюіне әкеп соқтырды.

Жалпы, қаланың орталығы арқылы қала көлігінің 70 процентке жуығы өтеді. Осындай шағын

территорияға көлік тасқынының мол шоғырлануы салдарынан қарбалас сағаттарда ірі көшелердің өзі көліктің тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ете алмады.

Қаланың шет аймағындағы жағдай да аса жеңіл болмады.

Осыған орай көлік жүйесінің дұрыс қызмет көрсетуі үшін қаланың көше-жол торабы жүйесін түбірімен қайта құру қажеттілігі туды.

Қаланың жаңа бас жоспарында ірі көшелер жүйесін дамыту негізіне мынадай шарттар қойылды:

бұрыннан қалыптасқан көше-жол құрылымын көшелердің нақты атқаратын қызметіне қарай саралай отырып жетілдіру;

қаланың барлық қызмет аймақтарымен – тұрғын аудандар, өнеркәсіп-коммуналдық аймақ, жоспарлау әрі төте көлік қатынасын қамтамасыз ететін, бұрыннан бар және жаңадан салынатын жол торабын қамтитын және көше-жол торабы жоспарлау құрылымы қаңқасын құрайтын шапшаң жүру жолдары мен толассыз қатынас ірі тас жолдарының біртұтас жүйесін жасау;

өткінші көлік легінің қала орталығы мен тұрғын аудандарға соқпай өтуін қамтамасыз ету;

көше-жол торабы құрылымынан жүк көлігі тас жолдарын белгілеу. Жол қатынасы қаңқасы жүйесіне мынадай шапшаң жүру жолдары енген:

Әл-Фараби даңғылы, Бірінші май және Боралдай аудандарын көмкеріп жатқан оңтүстік және шығыс жарты шеңбері;

Бірінші Май, Боралдай және батыс жоспарлау аудандарын біріктіретін хорда жарты шеңбері. Бұл жарты шеңбер Жандосов көшесінің қаладан шығаберісінің оңтүстігіне қарай Әл-Фараби даңғылына шығады. Алматы – Шымалған станциясы және Ташкент тас жолы аралығындағы жарты шеңбер учаскесі қала сырты өңірімен өтеді;

Ташкент тас жолының, Жандосов көшесі мен Құлжа тас жолының қаладан шығаберіс учаскелері, Рысқұлов даңғылының бұрынғы учаскелері (Ташкент тас жолынан Розыбақиев көшесіне дейін) және қала шекарасымен өтетін солтүстік-батыс жарты шеңбер;

Қапшағай тас жолының қалаға кірер тұсы. Бірінші май ауданын батыстан, ал Боралдайды шығысынан айналып өтетін автожолдар, Аэродром көшесінің жаңа қала мен болашақ аэропортқа шығаберісі. Бұл жол Боралдай алаңының батыс шекарасымен Алматыны 2010 жылға дейін дамыту кезеңінде өтеді. Толассыз қатынас тас жолдары:

Абай даңғылы мен Төле би көшесінің батыс жоспарлау аймағындағы учаскесі;

Мұқанов және Аэродром көшелері, Сейфуллин даңғылы (Белинский көшесі – Жансүгіров көшесі – Райымбек даңғылына дейін), Жансүгіров көшесі, Разин және Хмельницкий көшелері жүйесі;

Рысқұлов даңғылы, Сейфуллин даңғылынан Жетісу көшесіне дейінгі учаскені қоспағанда, Райымбек даңғылы, одан Ермұхан Бекмаханов көшесіне дейінгі Сүйінбай тас жолы, Жандосов көшесінің Тимирязев көшесінен Сайын көшесіне дейінгі аралығы.

Қаланың жедел жүру жолдары мен жалпықалалық толассыз қатынас тас жолдары жоспарлау аудандары негізгі қоғамдық орталықтарын тұрғын аудандармен, өнеркәсіп аймақтары және демалыс орындарымен байланыстырып тұратын жол қатынасы жүйесінің негізгі қаңқасын құрайды. Қаланың бұдан әрі ұлғаюы жүргіншілер легін қазіргі көлік қатынасы жүйесінің атқара алмайтындығын, жол қатынасы мәселесін туғызары сөзсіз. Сондықтан да жолаушылар көп сыятын, жоғары жылдамдықпен жүретін көлік жүйесін іске қосу туралы ойлануға тура келеді.

Көліктің мұндай түрі метрополитен болып табылады. Оның құрылысы 1988 жылы басталды. Үш тармақтан тұратын оның жол торабы негізгі қоғамдық орталықты барлық тұрғын аудандармен байланыстырады. Бірінші тармақ Абай даңғылы арқылы өтіп, батыс аудандарды қала орталығымен байланыстырады. Екіншісі «Орбита» және «Арман» тұрғын аудандарын орталық және орталық мәдениет және демалыс паркімен жалғастырады. Үшіншісі жалпы қала орталығын меридиан бағытында қиып өтеді. Метрополитен жолының жалпы ұзындығы – 40 шақырым. Қазіргі қала орталығынан Бірінші май ауданы – 18 шақырым, Боралдай – 22 шақырым қашықтықта. Осы учаскелердің қала орталығымен тез қатысуын қамтамасыз ету үшін метрополитен жолын осы бағытта ұзарту ескерілуде. Метро жолының жаңа тармағы құрылысы Алматы II – Алматы I темір жолын бойлай, одан әрі Бірінші май және Боралдай алаңдарына жетпекші. Оның жалпы ұзындығы – 25 км шамасында. Міне, осылайша метрополитен негізгі тұрғын аудандардың бәрін қала орталығымен байланыстырады.

Шапшаң жүретін көлік жүрдек трамвай жолымен толықтырылуы тиіс. Болашақта ол батыс бағытта Шаляпин көшесін бойлай, метроның соңғы стан-

цияларына қарай тармақталып жатпақшы. Трамвай жолы Момышұлы және Фрунзе көшелерін «Арман» және «Орбита» тұрғын аудандарымен жалғастырады. Бірінші май және Боралдай бағытында трамвай жолын тарту да көзделген. Қала орталығын ба-

тыс тұрғын аудандар және Бірінші май, Боралдай селитебті аймақтарымен байланыстыруда троллейбусты дамытуға баса көңіл бөлінеді. Шет аймақтарда ол жолаушыларды метрополитен станцияларына жеткізуші көлік қызметін атқарады.



## ҚАЛАНЫ ИНЖЕНЕРЛІК ЖАБДЫҚТАУ

### ЖЫЛУ ЖАБДЫҒЫ

Алматы қаласын бір орталықтан жылумен жабдықтау 60-жылдардың бас кезінде Алматы ЖЭО-1 жылу беру жүйесі негізінде жүзеге асырыла бастады. Қаланың қанат жаюына байланысты оның жылу беру жүйесі де дамып, ірі аудандық жылу қазандықтары – жаңа батыс, оңтүстік, оңтүстік-шығыс, Орбита, солтүстік-батыс және т.б. қазандықтар пайда болды.

Бір қабатты жеке меншік үйлер, негізінен, пешпен жылытылады. Бұған қосымша Алматы ГРЭС-і өзіне іргелес жатқан өнеркәсіп орындары мен кеңшарларға жылу беріп тұрады. Жылу жүйелері 150°–170° лайықталған температура кестесімен, ыстық суға арналған су жинағышпен жұмыс істеді. Алматы қаласының даму барысында, бас жоспарда көрсетілгеніндей, қала аймағындағы елді мекендердің біразы қала шеңберіне кіруі тиіс. Алдағы даму межесі мен құрылыс ауқымының өсуі болашақта ЖЭО-2-ні ұлғайтып, жаңа жылу беру көзін – қаланың солтүстік-батыс бөлігінен аудандық жылу қазандығын және ЖЭО-3-ті – салу белгіленді.

Алматы қаласының табиғат жағдайын, оның жел өтінде емес екенін ескере отырып, жылу беру қазандықтарына тек газ отынын пайдалану жағы да

қарастырылуы қажет. Ауа бассейнін тазарту үшін ыстық су айдап тұруға арналған экономикалық пайда бермейтін шағын қазандықтар мен өнеркәсіп қазандықтары жабдықтарының бір бөлігін кезең-кезеңмен алып тастау жағы ескерілді.

Оңтүстік демалыс аймағындағы қазандықтарды электрқуатымен жұмыс істейтін етіп қайта жабдықтау ойластырылды. Міне, осылайша бас жоспардың белгіленген мерзіміне дейін тиімсіз қазандықтардың бірқатарын жауып, жылу қажеттілігі сұранымын қамтамасыз ететін тың көздерін қарастыру ойластырылуда.

### СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ІРКІНДІ СУ ҚҰБЫРЫН ТАРТУ СУ ЖАБДЫҒЫ

Алматы ауыз суының дәмділігі жағынан бұрынғы СССР қалаларының ішінде алдыңғы қатардан орын алады. Тұрмыстық мұқтаждығы толық ескерілген үйлерде бір адамға жұмсалатын ыстық және суық судың тәуліктік мөлшері – 269 литр. Қала дамуы бас жоспарының есептік мерзіміне дейін оны 500 литрге жеткізу ескерілген. Алайда ауыз су тапшылығы 1995 жылдан бастап біліне бастайды да, есептік мерзімге дейін біршама есе түседі.

Осындай су тапшылығын шешудің екі жолы бар. Біріншісі – бұрғылау арқылы жер асты су көзін пайдалану, екіншісі – Талғар мен Есік-Түрген қосымша жер асты су қорын іске қосу.

Жер асты су көзін пайдаланғанда, оны қадағалау жағын да ұмытпау қажет. Кейбір су айдап тұрған жер асты бастауларынан (Рысқұлов және Райымбек даңғылдары бойындағы жер асты бастаулары) денсаулыққа зиянды нитрат, сынап, кадмий, марганец, қорғасын, фенол табылды. Бастау суын ластауға өнеркәсіп мекемелері, қоқырсық әкеп төгу, минералды тыңайтқыш қоймалары, бензин қоймалары, сыпырынды қалдықтар, мұнай базасы, сондай-ақ жер беті суларын дұрыс ағызбау сияқты себептер зиянын тигізіп отыр. Қазіргі қалыптасып отырған экологиялық жағдай жер асты су көздерін ластанудан сақтау шараларын тез арада жүргізу қажет екенін аңғартып отыр. Есептік мерзімге дейін қосымша ірі су құбырлары жүйесін тарту және бұрынғы су құбырларының бірқатарын жаңғырту қажет.

### **ІРКІНДІ СУ ҚҰБЫРЫ**

Іркінді су құбырларының қазіргі кезде біршама қанағаттанарлық жағдайда екені ақиқат, алайда коллекторлардың бірқатары талапқа сай емес, оларды қайта жанарту қажет. Қаланың барлық іркінді суы қала сыртындағы коллекторға құйылады да, үш құбырмен механикалық және биологиялық тазарту тоғандарына айдалады. Одан әрі көл-тоспаға құйылады.

Іркінді суды тазарту орындарын кеңейту – кезек күттірмейтін мәселе. Қазіргі іркінді су тазартатын орындарды жаңа алаңға ауыстырып, есептік мерзімге дейін оның қуатын біртіндеп арттыру, сөйтіп іркінді

суды озық кешендер көмегімен тазартуға қол жеткізу міндеті тұр.

### **ГАЗ ЖАБДЫҒЫ**

Алматыда газ жабдығы табиғи және сұйытылған газбен жүзеге асырылады. Қалаға табиғи газ Бұхара газ шығару ауданынан газ құбыры арқылы жеткізіледі. Ал сұйытылған газ темір жол көлігі арқылы таяу шет елдерден алынады. 1990 жылы тұрғын үйлердің 60 % жуығы газбен жабдықталды, ірі жылу беру көзі ЖЭО-1 және аудан қазандықтары газ отынына көшірілді. Жүк тасу және жолаушылар автокөлігі парктерінің дені газбен жүретін болды. Қаланың бас жоспары бойынша Шымкент – Бішкек – Алматы екінші газ құбырын тарту арқылы Ташкент – Бішкек – Алматы газ құбыры жүйесін кеңейту ескерілген.

### **ЭЛЕКТР ЖАБДЫҒЫ**

Қаланың электр жабдығы астаналық облыс қажеттігін қамтамасыз ететін біріккен қуат жүйесіндегі Алматы қуат жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Қалада электр қуатымен жүретін көліктің (метрополитен, трамвай-троллейбус паркі), қала құрылысының ұлғаюына орай бас жоспар есептік мерзіміне дейін электр сұранысы 4 есеге дейін артуы ықтимал. Алматы қуат жүйесінің қазіргі көздері электр жабдығын толық қамтамасыз ете алмайды. Міне, сондықтан қазіргі жұмыс істеп тұрған ЖЭО-ның қуатын арттырып және жаңа ЖЭО-3-ті салуды қолға алу міндеті тұр.

Электрлендіру экономиканың барлық салаларының дамуында жетекші роль атқарады. Сондықтан ол әрқашан озық дамып отыруы

тиіс. Жылу жүйесі электрлендірілсе, қаладағы экологиялық жағдай біршама жақсарған болар еді.

### **ТЕЛЕФОН, РАДИО ЖҮЙЕСІ, ТЕЛЕДИДАР**

Алматы 90-жылдардың мұғдарында телефон жүйесі жөнінен бұрынғы Одақ қалаларының ішінде бесінші орында болып келді. Оның жиілігі 1000 тұрғынға 314 номерден келеді, бұл сұраныс деңгейінен әлдеқайда төмен. Қаланың бас жоспарына сай тұрғындардың мұқтаждығын толық қамтамасыз ету үшін 1000 тұрғынға 502 номер келетін жағдайға қол жеткізу көзделіп отыр. Радио жүйесімен Алматы тұрғындары толық қамтамасыз етілген.

Кабельді теледидар жүйесін дамыту схемасы бойынша әрбір пәтер жалпықалалық кабельді теледидар жүйесіне қосылады да, абоненттер талабы бойынша қызмет көрсетіледі.

### **ҚАЛАНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК ҚОРҒАНЫСЫ**

Қаланың солтүстік аймағының жер қыртысы су көзінің жақындығымен ерекшеленеді. Мұнда жердің отыруы, жарылуы, жарлауытқа айналуы байқалып отырады.

Үлкен Алматы каналын салу, жыра сайларды су ағар жер қалдырмай жауып тастау, жер асты суын пайдалануды тоқтату, инженерлік жүйені дұрыс пайдаланбау салдарынан қаланың солтүстік бөлігіндегі бірқатар тұрғын аудандар мен өнеркәсіп мекемелері жер асты суы көтерілуінің зардабын шекті. Оңтүстікте, Кіші Алматы өзені аңғарында жер көшкіні жиі байқалатын болды. Инженерлік дайындықтың нашар болуы салдарынан Көктөбе және басқа учаскелерде жердің отыруы байқалып отыр. Осыған орай Алматыны дамытудың 2010

жылға дейінгі бас жоспарында геологиялық ортаны қорғау шаралары қарастырылған. Онда 493 га жердің жер көшуіне және эрозияға ұшырауына қарсы шаралар, 3000 га жердің ыза су көздерін төмендету, 2000 га жерді су іркілуден қорғау, 300 гектардай қазан шұңқырлар мен түрлі су тоғандары топырағын қайта босату, селге қарсы шаралар жүргізу, жер сілкінісіне төзімді конструкциялар мен іргетастардың озық үлгілерін пайдалану, топырағы отыруға бейім жерлерге астыңғы мық орнатудың тиімді әрі сенімді әдістерін пайдалану шаралары ескерілген. Жердің жарылуы мен сырғуына қарсы шаралар тау етегі жоталары мен Үлкен және Кіші Алматы, Есентай, Мойка мен Қарасу өзендері өтетін жолақ жазығына жүргізілмек. Алматы I және Алматы II станциялары арасындағы қазан шұңқырларында, негізінен, бір қабатты жеке меншік үйлер қоныстанған. Бұл өңірге жүргізілетін инженерлік қорғаныс шаралары құлама беткейді тегістеу шағын өзен арналарын қуаламайтындай етіп қаптау немесе құбырмен ағызу (сіңіп кету жағын ескере отырып), қажет болған жағдайда, арық қазан шұңқырларын ауданаралық жаяу жол қатынасына да пайдалануға болады. Кейінгі жылдары, 80-жылдардан бастап, жер асты ыза сулары күрт көбейді, ол, әсіресе, Райымбек пен Рысқұлов даңғылдары арасындағы өңірден айқын аңғарылады. Мұнда тұрғын үйлер мен балалар бақшаларының тұғыр қабатынан су білінді. Мұның бәрі табиғи су ағатын сай-жыраларды бітеп тастаудан, құрылыс кезінде ыза су көзінің табиғи сіңіп кететін жолдарын бөгеп тастаудан, жер асты су құбырларының жарылуы, бау-бақша суарудың есепсіз көбеюі салдарынан пайда болып отыр. Санитарлық жағдайды жақсарту және тұрғын үй қорын сақтау мақсатымен мұнда су деңгейін төмендету шаралары, жер астына тік және көлденең тартылған су сіңіргілер салу қарастырылуда.

Қала территориясы топырағының 30% жуығы шөкпелі топырақ, ол топырақ жағдайының I және II-типімен сипатталады. Құрылыс кезінде бұл ерекшелікті ескермеу ғимарат немесе құрылыстың бұзылуына әкеп соғады. Топырақтың шөгуін болдырмау үшін I-типті топырағын бет жағынан нығыздау қажет. Алматы территориясының инженерлік қорғаныс жұмысы – кешенді түрде шешуді талап ететін көп қырлы мәселе. Қаланың инженерлік-геологиялық ахуалының төмендеп бара жатқанына байланысты «Алматы мен оған іргелес жатқан территорияға құрылысты оның инженерлік қорғаныс мәселесін ескере отырып салу» туралы құрылыс нормасы құжатын (РҚН – республикалық құрылыс нормативі) әзірлеу қажет. Қаладағы кез келген құрылыс жобасы жасаларда инженерлік қорғаныс шаралары ескеріліп отырылуы тиіс.

Жер сілкінісіне төзімді құрылыс салу тәжірибесі қаланың құрылыс салынған аймағындағы кейбір алаңқайларда сілкіністің байқалу жиілігін анықтау қажеттігін аңғартып отыр.

Солтүстік-батыс бағыттағы жаңа құрылыс аймақтарынан салынатын құрылыстар ендігі жерде жер сілкінісінің аудандастыру карталарымен, сілкініске төзімді құрылыстың жаңа әдістерімен қамтамасыз етіледі.

Қаладағы өзекті мәселенің бірі – оны сел тасқынынан қорғау. Негізгі қауіп – Кіші Алматы өзені арнасымен келетін сел тасқыны. Қаланы сел тасқынынан қорғау мақсатымен 1966 жылы «Меддеу» шатқалынан биіктігі 110 метрлік алып тоған салынды. Оның негізі іргелес тұрған екі шоқыны екі мәрте қопару арқылы жасалды. 1973 жылы бұл тоған көлемі 4,5 млн текше метр шамасындағы сел тасқынын ұстап қалды. Бұл тасқын 1921 жылғы тасқыннан да күшті апат еді. Қаланың батыс бөлігін сел тасқынынан қорғау үшін Үлкен Алматы өзені

аңғарынан биіктігі 40 метр темір-бетон тоған салынды. Негізгі тоғандарға қоса басқа да сел болдырмау құрылыстарын салу, сел тасқыны көздерін қадағалау, сел тасқынын болдырмау туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары кешенін жүргізу ескерілуде.

Сел тасқынына қарсы шаралармен оңтүстік өңірдегі жаңа құрылыс аудандары тынығуы сауықтыру және спорт орындары және қала тұрғындарының қоныстануына берілген жаңа территориялар қамтылады.

Бұл – негізінен, Кіші Алматы, Қарғалы және Ақсай өзендерінің жайылма конустары. Осы маңнан тұтас сел тоқтату тоғанын салу белгіленді.

## СУЛАНДЫРУ

Жасыл-желек – қала көркі. Оны сақтау, ең алдымен, суару мәселесіне дұрыс көңіл бөлуге байланысты. Қазіргі қалыптасқан қала өңіріндегі және жана солтүстік пен солтүстік-батыс аймақ құрылыстары жасыл-желегін суландыру үшін бұрынғы суару жүйесін жаңартып, әрі жаңа суару торабын салу қажет. Суаруға Үлкен және Кіші Алматы өзендерін, Үлкен Алматы каналын, сондай-ақ, жер асты суын пайдалануға болады.

Қаланың 2005 жылға дейінгі бас жоспары жобасында барлығы 15 километрге жуық үлкен канал құрылысын салу, арық жүйесін 13 км мөлшерінде ұлғайту көзделген.

## ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алматы қаласында қалыптасып отырған экологиялық қолайсыз жағдай автокөлік, жылу көздері, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы мекемелерінің ауаны бүлдіруіне, сондай-ақ, табиғи

ауа райы ерекшелігіне, қала территориясының жел өтінен қалтарыста болуына, инженерлік-геологиялық жағдайға, жер бедерінің ерекшелігіне байланысты туып отыр.

Алматы қала құрылысы дамуының басты сипаты оның моноорталық құрылымы болып табылады. Онда өнеркәсіп мекемелерінің басым көпшілігі, тұрмыстық-қойма, мәдени-тұрмыстық, әкімшілік-іскерлік орындардың негізгі шоғыры топтасқан.

Осы сияқты орындардың тым жиі шоғырлануы, автокөлік санының өсуі, экологиялық таза жанар май қолдану мәселесінің жүзеге аспауы, қуат сақтайтын және қалдық қалдырмайтын технологияны енгізудің баяулығы салдарынан қаланы қоршаған ортаның, әсіресе, оның орталық бөлігі ауасының ластығы тым жоғары болып отыр.

Алматы ауасы бассейні ластығының деңгейі тым жоғары жағдайда, ол, әсіресе, қыс кезінде, көлік, өнеркәсіптік және тұрмыстық газ-түтін мөлшерінің тым көбейіп, оны табиғи тазартып тұруға ауа райы шамасының келмейтін мезгілінде қатты аңғарылады.

Есептеу бойынша, қала атмосферасына бір жыл мөлшерінде 200 мың тонна зиянды заттар таралады екен. Осы зиянды заттың 64% жуығы автокөлік түтінінен таралатындығы мәлім болып отыр. Одан кейінгі зиянды заттар жылу беру жүйесі пештерінің – ЖЭО-ның, өнеркәсіп және тұрмыстық қазандықтардың, жеке меншік тұрғын үй пештерінің түтіні арқылы тарайды. Бұлардың еншісіне зиянды заттардың 24%, ал өнеркәсіпке 12% тиеді екен. Қала орталығы мен солтүстік аралық аймақтың ауасы тым қатты кірлейтіні аңғарылады.

Өнеркәсіп және басқа да орындарды су қорығы, тап-таза тау өзендері өңірінен салу су қашыртқы жүйесінің болмауы, өнеркәсіп орындарының су тазартқы қондырғыларымен жабдықталмауы, су қашыртқы тазарту жүйелерінің шағындығы,

суды тазартып, қайта пайдалану дәрежесінің тым төмендігі жер асты ыза су көздерінің ластануына әкеп соқтырды. Тым ластанып кеткен өзендер табиғи тазарып үлгермегендіктен, ешқандай пайдалануға жарамай қалды. Ондай өзендер қатарына Қаскелең өзені Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің біраз жері Талғар және Есік өзендерінің осы аттас қалалар шекарасындағы, сондай-ақ, ауыл шаруашылығына пайдаланатын өңірдегі тұсы жатады. Жер асты ыза су көздерін ластайтын негізгі себеп – өндіріс мекемелерінің сарқын сулары, іркінді су құбырларының істен шығуы, мұнай өнімдерін сақтау мен улы қалдықты қоймалау ережесінің бұзылуы салдары. Жер асты ыза су көздерінің ластануына Алматыға іргелес мал шаруашылығы кешендері сарқындылары, металл органикалық құрылымнан тұратын тыңайтқыштарды пайдалану да өз зиянын тигізеді. Алматы өңіріндегі жер асты ыза су көздерінің қорғалуы I категорияға, яғни, ешқандай қорғалмайтын су көзіне жатады. Сондықтан да «Қазкенгеология» ҒӨБ-інің және Қазақстан ҒА Гидрогеология институтының мәліметіне қарағанда, бұл жерлерде ауыл шаруашылығы және басқа да өнеркәсіп орындарын салуға тыйым салу қажеттілігі белгілі болды.

Қалада авто және әуе көліктері тудыратын шуға қарсы шаралар қолдану да келелі мәселелердің бірінен саналады. Мұндай шуы көп өңірде қаланың ішінара орталық және солтүстік (Алматы аэропорты) бөлігі тұрғындары тұрады.

Қаладағы экологиялық жағдайдың күрделі де қиын ахуалы экономикалық мүмкіндікті одан әрі жедел дамыту жолындағы тосқауыл қызметін атқаруы тиіс. Экологиялық мүмкіндік жоқ жағдайда халықты, өнеркәсіп орындарын тым тығыз орналастыру, инженерлік және көлік жағдайының жетімсіздігі қала сыйымдылығының экологиялық ахуалын жаңаша

ойластыру талабын қойып отыр. Алматы қаласы мен Алматы елді мекендері топ жүйесінің (АЕМТЖ) жаңа бас жоспарында осы мәселе айқын көрініс тапқан. Бас жоспардың мақсаты – қалада және оның маңындағы аймаққа мүмкіндігінше қолайлы экологиялық жағдай туғызу. Осы мәселе бас жоспардың барлық қалған салаларының негізіне алынуы тиіс. Қаланың болашақ даму жоспарында ауаны тазартып, қоныс және өндіріс аймақтарының ауа алмасуын жақсартып тұратын ауқымды көгорай алқаптарын қажет деп табатын қала құрылымының бөлшектенген жобасын жүзеге асыру мәселесі ескерілмек. Сонымен бірге көлік құрылымын жетілдіру, өткінші көлік қалаға соқпай кететін қала сырты ірі жолдарын салу да қарастырылуда. Қаланың бөлшекті жоспарлау құрылымы жүзеге асқан кезде жол қатынасын жақсарту, еңбекшілердің қызмет орнына, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орталықтарына тез жетуін қамтамасыз ету шаралары да бірге ойластырылуда.

Бас жоспар бойынша меридиан бойындағы тіке жол қатынасы байланысын Науаи – Мате Залка – Көкқайнар, Розыбақиев – Солтүстік жарты шеңбер және одан әрі Бірінші май алаңы, Сәбит Мұқанов – Аэродром көшелері және одан әрі Боралдай алаңы, Сейфуллин – Жансүгіров – Қапшағай тас жолы, Фурманов, Сейфуллин, Талғар, Шемякин – Сүйінбай тас жолы байланыстарын қамтамасыз ету ескерілген. Бұл ірі тас жолдарды кеңейтіп, көлік сыйымдылығын арттырумен қатар қала ауасының алмасып тұруына да жағдай жасайды. Айналма ірі тас жолдар жүйесі – оңтүстік және шығыс жарты шеңбер, оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс айналма жолдары дамытылып, сол арқылы қала іші жолдары қатынасын біршама жеңілдету көзделген. Кейбір көлік көп өтетін жол қиылыстарынан машина газын азайту, әрі жол айырығын жеңілдету мақсатымен әртүрлі деңгейдегі жол айырықтарын салу ескерілген.

Бас жоспар бойынша көліктің экологиялық таза түрі – троллейбусты, жүрдек трамвай мен метрополитенді кеңінен пайдалану ескерілген. Қаланың солтүстік жаңа ауданын қала орталығымен байланыстыруда метрополитен тармақтарын және көліктің басқа да озық түрлерін пайдалану ойластырылған.

Есептік мерзім кезеңінде электрленген көлікпен тасымалдау деңгейі 50% асуы тиіс. Сонымен бірге ауаны ластау көзіне айналып отырған өнеркәсіп, тұрмыстық-қойма, көлік орындарын көшіру ұсынылған.

Қазіргі бар мекемелерді технологияны жетілдіру негізінде дамыту көзделген. Шығарылатын өнім көлемін жұмысшы санын көбейтпей, еңбек өнімділігін арттыру арқылы өсіру қарастырылған.

Бас жоспар бойынша санитарлық-гигиеналық талапқа сай өндіріс аудандарын мамандандыру ескерілген. Мысалы, «таза» мекемелер тұрғын аудандарға іргелес немесе соның ішінде орналасуы (нан заводы, тігін фабрикасы т.б.), ал зияндылығы IV және одан да жоғары класқа жататын, көлік көп қатынайтын мекемелер маңайына, солтүстік-шығыс өнеркәсіп аудандарына орналастырылуы тиіс. Бас жоспар бойынша өнеркәсіп аудандарын абаттандыру, жұмысшыларға қызмет көрсету жүйесін жасау ескерілген.

Алматының ауа райына қарай бір-бірімен тығыз байланысты жасыл-желек жүйесін қалыптастыру, оның ауа алмасуына септігін тигізіп тұруы ескерілген. Бас жоспарда ауаны тазартып тұратын тұтас көгорай белдеуін тарту, сондай-ақ, өзен аңғарларынан табиғи «тыныс» қақпаларын қайта жаңғырту қарастырылған.

Көгорай белдеулері мен «тыныс» қақпаларын кезең бойынша іске қосу үшін бір қабат тұрғын үйлер

орналасқан территорияларды пайдалану көзделген. Бас жоспарда, әсіресе, Үлкен Алматы өзені табиғи арнасын бойлай қаланың оңтүстік бөлігін жобаланып отырған солтүстік аудандармен байланыстырып тұратын ландшафт-парк жүйесін қалыптастыру белгіленген. Осы табиғи өзен арнасы бойымен тау бөктерінен, одан әрі Сайран көлі, Заря Востока селосының оңтүстік-батысындағы емдік арасандар арқылы Бірінші май тоспаларының демалыс аймағынан барып шығатын демалыс шоғырларын салу ойластырылған.

Экологиялық жағдайды жақсарту үшін қаладағы ірі жылу көздерін газ сияқты отынға көшірудің маңызы өте зор. Сондай-ақ, Алматы аэропортын басқа жаққа көшіру мәселесін шешудің де мәні өте жоғары.

Бұл қала территориясының кеңеюіне, шу көзінің азаюына, әсіресе, самолет ұшып-қону жолындағы елді мекендердің қатерден құтылуына жағдай жасар еді.

Алматы қаласы және АЕМТЖ бас жоспарында көрсетілген табиғат қорғау шаралары қоршаған ортаны түбірімен жақсартуды көздеген, алайда оны жүзеге асыру үшін кезеңдік іске қосу және нақты жүзеге асыру бағдарламасын жасау қажет.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің ішінде айрықша назарға ілігетіні – сирек кездесетін флора мен фаунаны қорғау. Табиғат байлығына жанашырлықпен қарамау Қызыл кітапқа кірген көптеген өсімдік түрлерінің, аңдардың, балық, құс түрлерінің жойылып кетуіне әкеп соқтырары сөзсіз.

Алматы өңірінен, Іле Алатауы баурайынан ұлттық табиғат паркін ашу мәселесі күш біріктіріп қолға алатын шаралардың бірінен саналады.





## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Меңдіқұлов М.М. Алматы қаласының архитектурасы. Алматы: Қазақ КСР ғылым Академиясының баспасы. 1953.
2. Меңдіқұлов М.М. Алматының архитектуралық іс-тәжірибесі және ұлттық архитектура мәселесі. // ҚазКСР ғылым Академиясы хабары, архитектуралық топтама. 1-шығарылым. Алматы, 1948.
3. Бәсенов Т.К. Қазақстандағы қалақұрылысы мен архитектураның кемел шағы // Архитектура және құрылыс. № 12. М., 1947.
4. Бәсенов Т.К. Қазақ КСР архитектурасы – «Орта Азия республикаларының архитектурасы». М., 1951.
5. Қазақ КСР тарихы. Т.1. Алматы: Қазақ КСР ғылым Академиясының баспасы. 1957.
6. Қазақ КСР-ның ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы. Алматы: «Ғылым» баспасы. 1979.
7. Қазақ Кеңес энциклопедиясы. 1 т. Алматы, 1972.
8. Уалиханов Ш.Ш.. Жоңғар очерктері, мақалалары, жазбалары. Алматы, 1947.
9. Абрамов Н.А. Алматы ма әлде Верный бекінісі ме (РГО жазбалары). 1 т. СПб. 1867.
10. Бартольд В.В. Ғылыми мақсаттағы Орта Азия сапары туралы есебі. СПб. 1893-1894.
11. Городецкий В.Д. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан ежелгі елді-мекендердің қалдықтары. Ташкент, 1927.
12. Шквариков В.А. XVIII және XIX ғ.ғ. басындағы Ресей қалаларындағы жоспарлау. М.: Архитектураның бүкілодақтық академиясы. 1939.
13. Семенов П.П. Алып жота мен Іле өлкесі («Живописная Россия» кітабынан). Т.Х, СПб. - Мәскеу, 1885.
14. Түркістан өлкесі – «Россия» жинағында Т. XIX, СПб., 1913.
15. Мушкетов И.В. 28 мамыр 1887 жылғы Верный қаласындағы жер сілкінісі. СПб., 1890.
16. Богданович К.И. Тянь-Шанның солтүстік сілемдеріндегі жер сілкінісі, СПб., 1914.
17. Барагин Д.Д. мен Белоцерковский И.И. Алматы: архитектура мен қалақұрылысы баспасы. М., 1950.
18. Қонкөшпаев Г.К. Алматы қаласының аты // Қаз КСР Академиясының хабары №58, географиялық топтама, 2-шығарылым. Алматы 1948.
19. Лавров В.А. Алматы қ. жоспары және құрылыс жүргізу // 18 мамыр 1938 жылғы «Архитектурная газета» қосымшасы, №28. М., 1938.

20. Қапанов А.К. Республика астанасының жаңарған келбеті // КСРО Архитектурасы. №12, М., 1972.

21. Қапанов А.К. Алматы болашаққа көз тігеді // Наука и жизнь. № 6. М., 1977.

22. Алматы қ. қалпына келтірудің бас жоспары, 1937.

23. Алматы қ. жоспарлау және қалпына келтіру жобасы, 1950.

23. Алматы қ. жоспарлау жобасы, 1963.

24. Алматы қаласын дамытудың бас жоспары, 1977.

25. Алматы қаласын дамытудың 2010 жылға дейінгі бас жоспары. 1987.

26. Алматы қаласы қалалық мұрағатының материалдары.

27. Алматы – энциклопедия. Алматы: Қазақ Кеңес энциклопедиясының бас редакциясы. 1983.

28. Алматы қаласының тарихи-қалақұрылыстық тірек жоспары мен ескерткіштерді қорғау аймақтарын жасау (Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің «Казпроектреставрация» ПКП, Алматы, 1985).

29. Захир ад-дин Мухаммед Бабур. Бабур-наме, Өзбек КСР Ғылым академиясының баспасы, Ташкент, 1987 – қазақ тіліне аудармасы. «Ататек» ШЖК, Алматы, 1993.

30. Қазақ КСР. 4-томдық қысқаша энциклопедия. 4-том. Алматы, Қазақ Кеңес энциклопедиясының бас редакциясы. 1991.





## ВВЕДЕНИЕ

